



Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
«Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық
даму институты» КеАҚ



**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске
асыру жөніндегі 2020 жылға арналған іс-
шаралар жоспары бойынша
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ**

Нұр-Сұлтан, 2020



Жеңімпаздарды көтермелей отырып оқушылардың қатысуымен телевизиялық зияткерлік хабарлар ұйымдастыру бойынша ҰСЫНЫМ

Өзектілік. Қазіргі қоғамда теледидар бұқаралық ақпарат құралдары жүйесіндегі жетекші орындардың біріне ие болып, адам өмірінде үлкен рөл атқарады. Теледидардың балалар мен жасөспірімдерге әсері өте зор, олардың фильмдердің және телебағдарламалардың кейіпкерлеріне еліктеуге ұмтылысы туындайды. Отандық телеарналарда жеңімпаздары марапаттай отырып жаңа зияткерлік бағдарламаның ұйымдастырылуы жасөспірімдердің өз ой-өрісінің кеңейтуінің ынталандыруы болады.

Телевизиялық зияткерлік бағдарлама еліміздің барлық аймақтарының жас таланттарын біріктіруі тиіс. Қатысушылар алдағы уақытта өздерін телевизиялық форматта көрсету мақсатында өңірлік деңгейдегі іріктеуден өтуі қажет.

Мектеп оқушылары қатысуымен, жеңімпаздары марапатталатын телевизиялық зияткерлік бағдарламаның негізгі мақсаты - білім алуға ұмтылуда өскелең ұрпақты қолдау арқылы білім мен бәсекеге қабілеттілік идеяларын насихаттау және ақпараттық жариялау арқылы қоғамдық сананы жаңғырту.

Негізгі міндеттер:

- қоғамдық сананы жаңғыртуға ықпал ететін білімге деген ұмтылысты, бәсекеге қабілеттілік идеяларын ақпараттық ілгерілету;
- одан әрі өсуге ынталандыру мақсатында Қазақстанның жастарын қолдау.

Іске асыру тетіктері:

- сұрақтар мен жауаптарды әзірлеу үшін мектеп бағдарламасы бойынша мамандарды тарту;
- өз білімдерімен, дарындарымен және марапаттарымен ерекшеленген еліміздің барлық аймақтарынан дарынды оқушыларды тарту;
- жеңімпаздарға гранттар және/немесе еліміздің жоғары оқу орындарында оқуға жеңілдіктер беру үшін «республикалық олимпиада» мәртебесін алу мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігін тарту;
- телевизиялық зияткерлік бағдарламаны идеяны концептуалды безендіру үшін шығармашылық топты тарту;
- зияткерлік бағдарламаны алу және көрсету үшін отандық телеарналарды тарту;
- телевизиялық форматта қатысушыларды іріктеу мақсатында аймақтық зияткерлік ойындарды ұйымдастыру;
- облыстық және республикалық зияткерлік ойындар ұйымдастыру, жеңімпаздарды анықтау және марапаттау;

- отандық телеарналар бойынша зияткерлік ойынды түсіру және трансляциялау.

Іске асыру мерзімі:

2020 жылдың ішінде

Күтілетін нәтижелер:

Берілген іс- шара жас ұрпақ арасында жетістікке жету, бәсекеге қабілеттілік және білімнің салтанат құруы идеяларын ілгерілетуге ықпал етеді және жоғары оқу орындарында гранттар/ жеңілдіктер / жеңілдіктер алуға қосымша мүмкіндік береді

Көрсеткіштер:

2020 жылғы сериялар саны-10-нан кем емес

Барлық кезеңдерде қатысатын оқушылар саны-500-ден кем емес

Хабар тарататын телеарналар саны-кемінде 2.



Мектеп оқушылары, кәсіптік-техникалық және жоғары оқу орындары студенттері арасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ұстанымдары мен құндылық бағыттарын талқылауға арналған дебаттық турнирлер өткізу (облыстық және республикалық деңгейде)

Жалпы, білімгерлердің бойына ұлттық үрдісті сіндіруде, жастарды озық қоғамға сай етіп тәрбиелеуде дебат технологиясының берер пайдасы мол. Жастардың сапалы білім мен саналы білім беру – бүгінгі күннің басты өлшемі. Өз позициясын жақтап шығуға тырысқан оқушы/студенттердің бос уақытта сенделмей, кітапханаға барып түрлі материалдар іздестіреді. Қазіргі таңда ғаламтордың шеңберінен шырматылып шыға алмай қалған балалардың көркем әдебиет оқуға құлшынысы арта түседі. Ойын барысында өз ойларын келелі сөз, шынайы шеберлікпен, шешен тілмен жеткізуге тырысады. Кез келген тыңдаушыға жүйелі сөз әсер етері хақ. Шешендік салтанат құрған жерде оқушы/студенттер ұлттық-рухани құндылықтарды бойына сіңіріп, алдағы күнде ел жүгін мойнымен арқалауға дайын тұрады. Жаһандану заманында білім берудің озық үлгілерін пайдалана отыра нақты нәтижелерге қол жеткізу – бүгінгі заманның басты талабы.

Дебат ойындарында қатысушылардың ой ұшқырлығы қарама-қарсы сұрақ сәтінде анық байқалады. Білімді, көп ізденетін жастардың өзіндік ой-өрісі ойын барысында көрінеді. Қыннан қылыш суырғандай сұрақтары қарсы топты ойландырып, өз кейстеріне күмән тудыратындай етулері керек.

Мақсаты: Жас буынын арасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидалары мен құндылық бағыттарын талқылау және арттыру.

Міндеттері:

- жастар арасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидалары мен құндылық бағыттарын түсіндіру және насихаттау;
- бәсекеге қабілетті, ізденімпаз, білімді, шығармашыл жеке тұлға, білімнің салатанат құруын қалыптастыру;
- сыни пайым мен талдаулық ойлау қасиеттерді дамыту;
- сөйлеу мәнері мен ойды жинақы жеткізу қасиетін жетілдіру;
- рухани құндылықтарға, өзгенің пікірін сыйлауға және толеранттылыққа тәрбиелеу.

Іске асыру механизмі:

Дебат турнирлері алдымен аудандық, облыстық, республикалық деңгейде өтеді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ұстанымдары мен құндылық бағыттарын талқылауға мынадай тақырыптар ұсынамыз:

- «Тарихты білу тәуелсіздік ұрпақтарына парыз»;
- «Білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді»;
- «Үш тілде білім беру – болашаққа даңғыл жол ашады»;
- «Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру маңызды»;
- «Мектеп, кәсіптік-техникалық оқу орындарына салт-дәстүр, ұлттық спорт түрлеріне қатысты арнайы пәндер енгізу керек»
- «Жастар гуманитарлық, экономикалық мамандықтардан гөрі техникалық мамандық таңдағаны жөн»;
- «Ұлттың болашағы жарқын болу үшін бәсекеге қабілетті болу шарт»;
- «Әрбір қуанышқа той өткізу қажет пе?»;
- «Салт-дәстүрсіз еліміздің болашағы бұлыңғыр»;
- «Еліміз эволюциялық дамуға қаншалықты дайын».

Оқушы/студенттер дебатының арнайы құрылымы, ережесі бар, тақырып аясы мен уақыты шектеулі. Мектеп оқушылары, кәсіптік-техникалық және жоғары оқу орындары студенттері арасында Карл Поппер дебатының үлгісінде өткізу ұсынылады.

1. Сабақтарда пікірсайыс әдістемесін түрлендіре пайдалану жастарды ізденуге, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.

2. Өзіндік ой-пікірін жүйелі, дәйекті айта білуге, мәдениетті сөйлеуге баулиды.

3. Шығармашылық қабілеті шындалады, шұғыл шешім қабылдай білуге үйренеді, кітапханамен байланысы нығаяды.

4. Сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптарға мән бере отырып, шешен сөйлеуге, шешендік өнерді үйренуге машықтанады.

Дебат ойындарында кейсті дұрыс құру өзіндік роль атқарады. Керекті кейсті құрарда нақты кезендерді есте ұстауы шарт. Бұл жерде топтың ұстанатын көзқарасы басты назарда болады. Топ көзқарасы – қарарды зерттеу кезінде пайда болған білімнің, дәлелдердің, ақпараттардың жиынтығы. Сонымен жақтау кейсін құрудың бес кезеңі:

- ой жүгірту арқылы алғашқы дәйектерді анықтау;

- негізгі пікірлерді қолдайтын дәлел іздеу;
- дұрыс түсіну үшін алғашқы дәйектерді жетілдіру;
- кейс жазу;
- кейсті әсірелеу.

Саяси элементтері бар Карл Поппер ойынының ережесіне келсек, оның ерекшелігі – кейстің құрылымында. Жақтау тобы жоспарын таныстыруы және қорғауы керек, сол жобадан шыққан пайдалы нәтижені анықтауы керек. Даттау тобы жақтау тобы ұсынған жобаға даттау жасайды, яғни жоспарынан келетін шығын мен зиянның салдарын көрсету керек.

Ал дебаттағы даттау тобының өте жақсы терістеуі жақтау тобының логикасы мен құрылымына сәйкес құрылады.

Жақтаушы

Даттаушы

1-спикер (6-минут). Тобын таныстыру. Өз кейсін ұсыну. Д-2 сұрақ қою.

2-спикер (5-минут). Д-1 ойынына қарсы пікір білдіру. Ж-1 ойын өрбіту.

Өзінің позициясын жақтап шығу.

1-спикер (6-минут). Тобын таныстыру. Қарсы пікір білдіру. Өз жобасын ұсыну. Ж-2 сұрақ қою.

2-спикер (5-минут). Ж-2 тойтарыс беру. Ж-2 ойын жоққа шығару.

Даттау жасау.

3-спикер (5-минут). Өз тобының жетістігіне, даттау тобының қателігіне сараптама-анализ жасау. 4 спикерге өзіндік баға беру. Ойынның негізгі сәтін атап өту. Д-1 сұрақ қою.

3-спикер (5-минут). Барлық ойыншыларды салыстыра отырып талдау. Ойынның қызықты сәттерін атап өту. Сараптама-анализ. Ж-1 сұрақ қою.

Дебат ойындарын БАҚ-да және әлеуметтік желілерде жан-жақты жариялайды.

Күтілетін нәтиже:

Оқушы және студент жастар арасында тұрақты дебат турнирлерін ұйымдастыру олардың шешендік қабілеттерін дамытады, ойын толық және ұғынықты етіп жеткізуді үйретеді, қосымша іздену арқылы білімін арттыруына итермелейді және шығармашылық қабілетін кеңейтеді.

Сонымен қатар, дебат турнирлерін «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде өткізу, бағдарламаның құндылықтарын кең жайып, жастардың санасын жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Мектеп оқушылары, кәсіптік-техникалық және жоғары оқу орындары студенттері «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидалары мен құндылық бағыттарын түсінеді және ұстанады.



«Бақытты бала» республикалық конкурсын өткізу жөніндегі ұсынымдар

Шығармашылық конкурстар өткізу жаңа таланттарды ашуға, сондай-ақ олардың орындаушылық шеберліктерін жетілдіруге және танымал етуге септігін тигізеді.

Қазақстанда өткізілетін түрлі конкурстар көп болғанымен, талантты балалар негізінен халықаралық конкурстар арқылы мойындалып, соның нәтижесінде Қазақстанда танымал болуда.

Дарынды балаларды қолдау жүйесін дамыту болашақта талантты жастардың санын көбейтуге, ал бұл өз кезегінде осы бағытта бәсекелестікті дамыту үшін қажетті жағдайлар жасауға мүмкіндік береді. Бәсекелестік шығармашылық әлеуетті үнемі арттыру қажеттілігіне алып келеді, нәтижесінде халықтың рухани мәдениетін дамытуға негіз болады.

Халықтың рухани мәдениетінің дамуы жалпы қоғамның даму көрсеткіштерінің біріне жатады.

Шығармашылық байқаулар өткізу арқылы дәстүрлі әндер мен билерді, ұлттық аспаптарда ойналатын музыканы көрсету жолымен Қазақстанның жетістіктерін, оның тарихын халықаралық деңгейде насихаттауға болады және бұл мәдени салада тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, шалғай өңірдегі балалардың вокалдық және музыкалық қабілеттерін дамытуға арналған қажетті жабдықтардың, секциялардың болмауы, бұл аумақтағы жеткіншектердің ірі конкурстарда бәсекеге қабілетті болуын шектейді.

«Бақытты бала» республикалық музыкалық конкурсын өткізу еліміздің барлық талантты балалары үшін қолжетімді ауқымды оқиға болуы тиіс.

Байқаудың мақсаты - классикалық және заманауи өнердің үздік үлгілерін үйрену мен орындау арқылы балалар мен жастардың шығармашылығын қолдау, дамыту.

Осы мақсатқа жету үшін келесі **міндеттерді** шешу қажет:

– дарынды жас вокалистерді анықтау, олардың өзін көрсетуіне мүмкіндік жасау;

– қатысушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдай туғызу;

– қатысушылардың орындаушылық шеберлігін жетілдіру;

– классикалық және заманауи вокалдық музыканы насихаттау және танымал ету.

Іске асыру тетігі:

Байқау екі кезеңнен тұрады:

• 1 тур – облыстық. Осы кезеңде барлық облыстарда және республикалық маңызы бар қалаларда өңірлік жоспарларға сәйкес конкурстар өткізіледі. 1 турдың жеңімпаздары Нұр-Сұлтан қаласында өтетін байқаудың

финалдық бөліміне өтеді. Өңірлік турлардың жеңімпаздары «Бақытты бала» республикалық музыкалық байқауына қатысуға жіберіледі.

• 2 тур – республикалық. Осы кезеңде облыстық байқаулардың жеңімпаздары өз өңірінің намысын қорғайтын болады. Ақтық байқау Нұр-Сұлтан қаласында өтеді.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздардың даңққа жету жолы, олардың отбасы, отбасы ішіндегі қарым-қатынастары, дәстүрі және ғұрыптары туралы деректі фильм дайындалады. Бұл фильм барлық орталық телеарналарда көрсетіледі.

Байқауға дәстүрлі және эстрадалық/заманауи жанрларда 6 жастан 18 жасқа дейінгі талантты орындаушылар қатысады.

Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі **(конкурсты ұйымдастыру комитетінің қарауы бойынша өзгеруі мүмкін):**

- Халық әндерін жеке орындау
- Дуэтте халық әндерін орындау
- Заманауи әннің жеке орындалуы
- Дуэтте заманауи әндерді орындау
- Әскери-патриоттық әндерді жеке орындау
- Дуэтте әскери-патриоттық әндерді орындау
- Дәстүрлі биді орындау
- Заманауи биді орындау
- Музыкалық аспапта ойнау
- «Көрермендер көзайымы сыйлығы» номинациясы

Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады, оның құрамына белгілі мәдениет қайраткерлері, вокал бойынша педагогтар, әртістер кіреді. Ұйымдастыру комитеті конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді қабылдайды, қазылар алқасының құрамын қалыптастырады, ұйымдастыру және өткізу мәселелерін шешеді, қатысушылардың көтермелеу жүйесін және марапаттауын әзірлейді, конкурс бойынша қатысушыларға ақпаратты уақытылы жеткізеді.

Байқаудың жартылай финалы мен финалының әр қатысушысы номинант дипломын алады. Номинациялар бойынша байқау жеңімпаздары бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Іске асыру мерзімі: 2020 жыл.

Күтілетін нәтижелер:

Республика деңгейінде жас дарындар анықталды. Жас орындаушылардың әлеуетін дамыту үшін қолдау көрсетілді және жағдай жасалды.

Көрсеткіштер:

Қатысушылар саны – 50 000 адамнан кем емес. 20-дан астам жас орындаушыға қолдау көрсетіледі.



«Ақсұңқар» дарынды жасөспірімдерді анықтауға арналған республикалық арт-жобалар байқауы бойынша ұсынымдар

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалаларында ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейтіп, жас ұрпақты мәдениетсүйгіштікке тәрбиелеудің маңыздылығына баса мән берілген. Жас дарындарға қолдау танытып, шығармашылық қиялдарын дамыту Қазақстанның болашақ мәдениетіне зор үлесін қосады. Өнердің әр саласында таланттарды тауып, мүмкіндіктерін, еңбекке, шығармашылыққа деген қызығушылықтарын арттырудың өзектілігі жоғары.

Өнер саласында эстетикалық талғам қалыптасу үшін жастардың белсенділігін оятып, қарым-қабілеттерін шыңдау керек. Республиканың түкпір-түкпірінде талантты, дарынды жастар жетерлік. Солардың басын бір арнада тоғыстырып, өнерге деген таным-түсініктерін, қызығушылықтарын ұлғайта отырып, бәсекеге қабілетті, санасы ашық, өнерлі жасөспірімдерді тәрбиелеудің мәні зор.

Еліміздің ұлттық және рухани құндылықтарын заманауи бағытта жаңғыртып, жастардың көзқарасымен дәріптеу өскелең ұрпақтың санасына қонымды болады.

Дарынды жастардың қиялынан туған арт-жобалар Қазақстанның құндылықтарын әлемдік ареналарға шығару тұрғысынан да өзекті. Сондықтан, «Ақсұңқар» республикалық арт-жобалар байқауын ұйымдастыру – жасөспірімдердің танылуына, жана заманауи туындылардың өмірге келуіне, мәдени құндылықтардың ұлықталуына септігін тигізеді.

Мақсаты: Республиканың әр өңіріндегі дарынды жасөспірімдерді тауып, туындыларына, шығырмашылықтарына қолдау таныту.

Міндеттері:

- жасөспірімдердің азаматтық белсенділігін арттырып, өнерге деген құлшынысын ояту;
- жастарды отансүйгіштікке баулып, ұлттық рухты бойларына сіңіру;
- жасөспірімдердің қолөнер, бейнелеу, сәулет өнері және дизайнерлікке деген қабілеттерін ашу;
- жастар арасындағы креативті, ерекше өнер туындыларына қолдау көрсету;
- өңірлердегі ең талантты, дарынды балаларды республика көлемінде таныту;
- өнер саласындағы жасөспірімдер арасында тәжірибе алмасуға мүмкіндік жасау;
- әр өңірдегі жасөспірімдердің арасында достық қарым-қатынас орнатып, таным-көкжиектерін кеңейту.

Іске асыру механизмдері:

– республиканың барлық аумағынан бейнелеу өнері, қолөнер, сәулет, керамика, дизайнерлік өнерді игерген, дарынды жасөспірімдерді іздеу. Ол үшін барлық өңірдегі газет-журнал, телеарналарға хабарландыру беруді ұйымдастыру;

– «Ақсұңқар» республикалық арт-жобалар байқауының арнайы логотипін жасау;

– байқауға 12-18 жас аралығындағы дарынды жастардың жұмыстарын қабылдау;

– байқауға қатысатын жұмыстардың тақырыбына Абай Құнанбайұлының шығармашылығына, Әбу Насыр Әл-Фарабиге, Қазақстанның сакралды жерлеріне қатысты мәселелерді де қосу;

– жасөспірімдер бейнелеу өнері, қолөнер, мүсін, керамика, дизайнерлік бағыттар бойынша жұмыстарын арнайы сайтқа жолдаулары керек;

– үздік жұмыстарды анықтайтын республика деңгейінде комиссия құрылып, келіп түскен туындыларды іріктеу жұмыстарын жүргізу;

– байқау қатысушылары жасаған үздік мүсін, ерекше қолөнер туындылары мен картиналарынан саябақтарда, бульварларда көрмелер ұйымдастыру;

– байқауға іріктеліп, әр өңірден келген жасөспірімдерге өнер саласының майталмандары, педагогтар, танымал суретшілер, дизайнерлермен кездесулер, шеберлік сағаттарын ұйымдастыру;

– байқауға келген қатысушылармен қаланың көрнекті орындары мен мәдени жерлерін, музейлер мен көрмелерді тамашалауды ұйымдастыру;

– байқау барысында қатысушылар саябақтарда өзге де жастарға шеберлік сағаттарын өткізіп, туындыларын халық назарына ұсыну;

– үздік жұмыстар мен қатысушыларды БАҚ арқылы кеңінен насихаттап, халыққа таныту жұмыстарын жүргізу;

– байқау қорытындысы бойынша үздік жұмыстарды біріктіретін альбом әзірлеуді ұйымдастыру;

– ұсыным бойынша әр өңір өзінің бағдарламасын, шараларды өткізу жоспарын дайындап, ҚР АҚДМ-не жолдап, бекітулері керек;

– жеңімпаздарды марапаттауды арнайы гала концертте өткізу.

Күтілетін нәтиже:

– жасөспірімдердің көркемөнерге қызығушылықтары артып, креативті, ерекше арт туындылар дүниеге келеді;

– жастар азаматтық қоғамның белсенді бөлігі ретінде қалыптасады;

– байқау қатысушылары қазақтың ұлы тұлғалары мен қасиетті жерлерін туындыларына арқау ете отырып, патриоттық рухты оятады. Бойларындағы отансүйгіштік қасиетті арттырады.

– өнер саласына тың жаңалық әкелген, ерекше туынды иелері республика көлемінде танылады;

- әр өңірден келген жасөспірімдер тығыз қарым-қатынаста болып, достық байланыс артады;
- жасөспірімдер арасында заманауи, мәдени орта қалыптасып, тәжірибе алмасулар жүреді;
- үздік жұмыстар телеарналар, газет-журнал, баспасөз беттері арқылы насихатталып, көпшілікке таныстырылады.



«Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаттары бойынша әрбір жоғары оқу орнынан монография дайындау және жариялау жөніндегі ұсынымдар

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) бағыттарының бірі білімге құштарлық, осыған орай бағдарламаны толыққанды іске асыру және оның тиімділігін арттыру үшін осы бағытта ғылыми зерттеулер кешенін жүргізу қажет. Зерттеулер негізінде ғылыми қауымдастықтың пікірін ескере отырып, бағдарламаның тиімділігін арттырудың пәрменді тетіктері әзірленуі мүмкін.

Академиялық шеңберде белгілі бір тақырып бойынша ұзақ зерттеулердің қорытындылары монография – ғылыми еңбек түрінде жарияланады, онда авторлар жүргізген зерттеулерінің мәні мен әдістерін сипаттап, өзінің ғылыми негіздемесін немесе алынған нәтижелердің авторлық түсіндірмесін береді.

Монография - бұл бір немесе бірнеше аралас тақырыптардың терең зерттемесі сипатталатын ғылыми немесе ғылыми-танымдық шығарма.

Сананың өзгеруіне, тиісінше адамның мінез-құлқын өзгертуге бағытталған Бағдарламаның идеологиялық мәнін назарға ала отырып, бұл ретте оның ұлттық бірегейлікті, Отанға деген сүйіспеншілікті және жалпы адамзаттық құндылықтарға бейілділікті сақтауды көздейтін құндылықтарына тек ұйымдық-практикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар ғылыми тәсілмен де қарау маңызды.

Осыған орай «Рухани жаңғыру» бағдарламасының тиімділігін арттыру және оңтайландыру процесіне ғылыми-сараптамалық қауымдастықты тарту, халықаралық тәжірибені зерделеу, ұсынымдар дайындау, осы мәселе бойынша проблемалық аспектілерді айқындау қашанда өзекті және сұранысқа ие.

Мақсаты - «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ұстанымдары бойынша әрбір жоғары оқу орнының кемінде 2 монография әзірлеуі және жариялауы.

Іс-шаралардың міндеттері:

- Бағдарламаны іске асыруға ғылыми қауымдастықтың назарын аудару;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруда ғылыми көзқарасты қалыптастыру;
- бағдарламаның ерекшеліктері мен қағидаттарын (бағыттарын) жан-жақты зерттеу;

- бағдарламаны іске асыруға жаңа, ғылыми негізделген элементтерді енгізу;
- осы мәселе бойынша халықаралық тәжірибе мен дереккөздерді зерттеу.

Іске асыру тетіктері:

Осы іс-шараны іске асыру шеңберінде Қазақстанның жоғары оқу орындары әкімшілігінің назарын бағдарламаның негізгі қағидаттарын (бағыттарын) зерделеуге және ғылыми қызметкерлердің осы мәселеге қызығушылығын ынталандыруға аудару маңызды.

Мәселен:

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша ғылыми конференциялар, симпозиумдар мен басқа да іс-шаралар өткізу»;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша ЖОО ішіндегі зерттеу құрылымдарын белсенді қолдау;
- студенттер мен магистранттар үшін дипломдық жұмыстар жазуға арнайы ұсынылатын тақырыптар тізімін анықтау;
- монографиялар жазуға магистранттарды тарту;
- зерттеулер жүргізу кезінде халықаралық дереккөздерді зерттеу мәселелері мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасында көрсетілген қағидаттар (бағыттар) бойынша тәжірибеге назар аудару қажет;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша зерттеулер шеңберінде ары қарай жұмысқа тартылуы мүмкін жоғары оқу орын ішіндегі сарапшылар пулын қалыптастыруды **қарастыруға болады.**

Жүргізілген зерттеулер нәтижелері бойынша монографиялардың жариялануын қамтамасыз ету қажет.

Монографиялар міндетті түрде аталған еңбектерге мүдделі тараптардың қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында оқу орындарының сайттарында электронды түрде орналастырылуы, сондай-ақ қағаз түрінде басылып, оқу орнының студенттері үшін кітапханаларда қолжетімді болуы тиіс. Бір данасы «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ-на беріледі.

Іске асыру мерзімі: жыл бойы.

Күтілетін нәтижелер:

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының идеясы мен мәніне ғылыми қауымдастықтың назарын аудару;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын зерттеу жөнінде ғылыми мектептерді қалыптастыру;
- монографиялардың мазмұнын шетелдік ғылыми басылымдарда, жинақтар мен журналдарда т.б. жариялау қорытындысы бойынша мақалалар жариялау;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде ғылыми еңбектердің, оның ішінде студенттік және магистрлік дипломдық жұмыстардың санын арттыру;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша ЖОО ішіндегі сарапшылар пулын қалыптастыру;

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру мәселелеріндегі проблемалық аспектілерді анықтау және оларды жою бойынша ұсыныстар.

Көрсеткіштер: басып шығарылған монографиялар саны - бір оқу орнынан ең кемі 2 дана.

Тартылған ғалымдар, студенттер және магистранттар саны - ең кемі 150 адам.



«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бойынша ақпараттық-түсіндіру акциясы бойынша ұсынымдар

Өзектілік. «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша бәсекеге қабілеттілік пен прагматизм рухында тәрбиеленген қазақстандықтардың жаңа буынын қалыптастырудағы дұрыс қадам болып табылады.

Оқулықтарды аудару және басып шығару шеңберінде әлемнің жетекші жоғары оқу орындарымен, оқулықтарды әзірлеуге және шығаруға маманданған ғылыми орталықтармен және баспа үйлерімен тығыз ынтымақтастық жолға қойылған. Академиялық мәтіндердің ауқымды тікелей аудармасы қазақ тілін халықаралық ғылыми лексикамен байытуға, ғылыми стиль мен терминологияны нормалауды жеделдетуге, заманауи әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулердің әдіснамасын және оларды баяндау әдістерін меңгеруге мүмкіндік береді.

Негізгі мақсат – білім беру мәдениетін дамыту және қолдау, жастар арасында үздік оқулықтарды насихаттау, жастарды кітап оқуға және білім алуға ынталандыру.

Негізгі міндеттері:

- жоба бойынша ақпараттық-түсіндіру іс- шаралары;
- білімге деген ұмтылысты, қоғамдық сананы жаңғыртуға ықпал ететін бәсекеге қабілеттілік идеяларын ақпараттық ілгерілету;
- оқу үрдісінде кітаптарды пайдалану мүмкіндіктерін түсіндіру
- уақыт талаптарына сәйкес білім алудың маңыздылығын түсіндіру;
- оқу орындарында білім деңгейін арттыру.

Іске асыру тетіктері:

- «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық (коммерциялық емес) қорының мамандарын тарту;
- ҚР БҒМ мамандарын тарту;
- бизнес-қоғамдастықтан белсенділерді тарту;
- елдің барлық өңірлері деңгейінде ақпараттық-түсіндіру акциясының іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
- ақпараттық-түсіндіру акциясының жоспары шеңберінде әртүрлі форматтық кездесулер (оқырмандар конференциясы, көрмелер,

дөңгелек үстелдер, дәрістер, оқу орындарында кездесулер, флешмобтар, челленджер және т. б.) өткізу;

- блогерлерді тарта отырып, әлеуметтік желілер алаңдарында ақпараттық-түсіндіру акциясын іске қосу;
- радио мен телеарналарда ақпараттық-түсіндіру акциясын өткізу.

Іске асыру мерзімі:

2020 жылдың ішінде

Күтілетін нәтижелер:

Заманауи талаптарға сәйкес білім беру мәселесіне назар аудару. Қазақ тілінде білім беру сапасын арттыру. Студенттердің білім саласындағы жаһандық бәсекелестікке бейімделуі. Жас ұрпақ арасында білім табандылық, бәсекеге қабілеттілік және табынушылық идеяларын жылжыту. Қазақ тілінің терминологиялық фонын жаңа ұғымдармен толықтыру.

Көрсеткіштер:

2020 жылға ақпараттық-түсіндіру акциясы шеңберіндегі іс-шаралар саны – 40 кем емес;

Ақпараттық-түсіндіру акциясы аясындағы іс-шараларға қатысушыларды жалпы қамту (аудитория: 14-тен 24 жасқа дейінгі жастар, қазақ тілінде оқитын жастар) - 200 000 адамнан кем емес;

Акция шеңберінде тартылатын телеарналардың саны - кемінде 2;

Акция шеңберінде тартылатын радио саны - кемінде 4;

Акция шеңберінде тартылатын әлеуметтік желілердегі аккаунттар саны – 50-ден кем емес.



Өңірлерде театрларға, музейлерге және кітапханаларға баруды арттыру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыру жөніндегі ұсынымдар

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бағдарламалық мақалалары жалпы адамзаттық, мәдени-тарихи, көркемдік-эстетикалық, рухани құндылықтарға бағытталған инновациялық, ашық тұлғаны қалыптастыруға арналған идеологиялық іргетасты қалады. Осы тұрғыдан, театр, музей, кітапханаларға және басқа да мәдени-білім беру объектілеріне келушілер санын арттыру өзекті.

Өйткені, жоғарыда аталған объектілер – рухани ескерткіштер, олар тек қазақ халқының ғана емес, басқа да этностардың тарихи-мәдени мұрасын сақтайды. Қазақстандықтар өз халқының тарихын біліп, бүкіл жаңалықты тануға ашық болуы тиіс.

Мәдени-білім беру объектілеріне келушілер санына көптеген сыртқы және ішкі факторлар әсер етеді: елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай,

осындай мекемелерге келу дәстүрі, оқу ұйымдарының бағдарламалары; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану деңгейі, мекен-жайы, баға саясаты, жұртшылықпен өзара іс-қимыл жасауы, келушілерге қызмет көрсету, ағартушылық қызмет, пиар және жарнамалық кампаниялар.

Дегенмен, жоғарыда көрсетілген объектілерге келу арқылы тарих пен дәстүрді тануға деген махаббат бала кезінен отбасында, одан әрі мектепте және басқа да оқу орындарында сіңірілуі тиіс.

Сондықтан жас ұрпақ арасында театр, музей, кітапханалардың және басқа да мәдени-білім беру объектілерінің жеке тұлға ретінде біртұтас мәдени дамуындағы рөлін кеңінен насихаттау маңызды.

Осындай объектілерге бару арқылы алынған білім болашақта өз достары үшін ғана емес, сонымен қатар әріптестеріне, жаңа таныстарына да қызықты сұхбаттас болуға мүмкіндік береді, тіпті жас адамның кәсібін немесе хоббиін таңдауға әсер етуі де мүмкін.

Мақсаты - өңірлердегі театр, музей, кітапханаларға үнемі бару мәдениетін қалыптастыру арқылы тұлғаның дүниетанымын рухани байыту және кеңейту.

Іс-шаралардың міндеттері:

- мәдени-білім беру мекемелеріне үнемі бару дәстүрін қалыптастыру;
- мәдени-білім беру мекемелерінің сапалы өзгеруіне ықпал ету;
- тарих пен халықтың мәдени өзіндік ерекшелігінің маңыздылығын танымал ету;
- қазақстандықтардың жоғары мәдениетті ұлтын қалыптастыру

Өңірлердегі театр, музей, кітапханаларға келушілер санын арттыру жөніндегі іс-шаралар келесідей жұмыстарды қамтиды:

- мақсатты аудиторияны талдау, халықтың мәдени объектілерге сирек баратын бөлігімен жұмысты күшейту;
- келушілер санын арттыру әдістері бойынша мәдени-білім беру мекемелерінің қызметкерлеріне арнаған семинар, тренинг, дәрістер ұйымдастыру;
- коммуникациялық арналарды талдау, келушілердің қанағаттану деңгейі;
- салааралық ынтымақтастықты жақсарту үшін өңірдің барлық мәдени-білім беру мекемелерін біріктіретін қоғамдастықтың жергілікті хабын құру.

Ұсынылатын іске асыру тетіктері:

- мәдени-білім беру мекемелерінің көрсететін қызметтеріне (келу ыңғайлылығы, ақпарат алу, кері байланыс, билет құнына арналған акциялар т.б.) юзабилити-тестілеу жүргізу;
- әрбір мәдени-білім беру ұйымы үшін олардың қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, бірегей маркетингтік және жарнамалық стратегиясын әзірлеу;
- Қазақстан аумағында тұратын ұлттардың тарихы мен дәстүрі бойынша викториналарды радиодан беру және жеңімпаздар үшін жоғарыда көрсетілген мәдени-білім беру мекемелеріне тегін билеттер тапсыру;

- мәдени-білім беру мекемесінің жұмысында заманауи технологиялар әдістерін қолдану (мысалы, келушілер үшін достарымен көрген экспонаттары туралы, әлеуметтік желілердегі көріністермен бөлісуге арналған мобильді құрылғыларды пайдалануға мүмкіндік беру);

- БАҚ-та кеңінен жариялау, мақсатты аудиторияға тұрақты таргетинг; театр, музей, кітапханаларға корпоративтік бару акциясы.

Күтілетін нәтижелер:

- мәдени-білім беру мекемелеріне келушілер санын арттыру;
- жас ұрпақтар арасында мәдени-білім беру мекемелеріне үнемі бару дәстүрлерін қалыптастыру;

- театр, кітапхана және музейлерге баруды оқушылардың білім беру үрдісінің бір бөлігі ретінде қалыптастыру;

- Қазақстан халқының мәдени, рухани даму деңгейін арттыру.



Қазақстан мультипликаторларының республикалық фестивалін өткізу бойынша ұсынымдар

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында Қазақстанның өркениет тарихының үздіксіз дамуын көрсететін деректі-қойылымдық фильмдердің, телевизиялық сериалдар мен толықметражды көркем картиналардың арнайы циклін өндіріске енгізу керектігі айтылған. Сондай-ақ, ұлт қаһармандарын үлгі тұту үрдісін қалыптастыруға жол ашатын сапалы балалар фильмдері мен мультипликациялық сериалдарды аса қажет екендігін атап өтті.

Ал, ұлттық анимация – ұрпақ тәрбиелеудегі, ұлттық идеологияны тарату мен сіңірудегі маңызды құрал болып есептеледі. Сондықтан Қазақстан мультипликаторларының республикалық фестивалін өткізу ұсынылады.

Дәстүрлі түрде анимациялық фестиваль өткізу – рухани жаңғыру және қоғамдық сананы жаңғырту тұрғысынан да маңызды. Ұлттық анимациялық фильмдер арқылы ертегілерді, ұлттық мәдениетті жаңғыртуға болады және өскелең ұрпақ ұлттық құндылықтар аясында тәрбие алады. Сондай-ақ, жас аниматорларға қолдау көрсетіліп, ұлттық анимация бағытында жаңа туындылар өмірге келеді.

Мақсаты: еліміздегі анимация саласының дамытып, отандық мультипликаторлардың туындыларының көптеп көрсетілуіне, жарыққа шығуына мүмкіндіктер жасау.

Міндеттері:

– отандық анимация арқылы ұлттық мәдениетті шет елдерге таныту, құндылықтарды экспорттау;

– жас мультипликаторларға мемлекеттік қолдау көрсету, олардың танымалдылығын арттыру;

- жас ұрпақтың тәрбиесіне әсер ететін ұлттық анимациялық мультфильмдер мен фильмдер санын көбейту;
- фольклорлық өнерді және әдеби туындаларды анимация арқылы жаңғырту;
- ұлттық анимациялық жанрды дамыту арқылы жастардың бойында патриоттық рухты сіңіру;
- мультипликаторлардың және заманауи технологиялардың көмегімен ұлттық бірегейлікті насихаттау;
- анимациялық фильмдер арқылы өскелең ұрпаққа салт-дәстүрлерді, ертегілерінің басты кейіпкерлерін, тарихи оқиғаларды таныту, саналарына сіңіру.

Іске асыру механизмдері:

- анимациялық фильмдердің конкурсын өткізу. Конкурс қорытындысы бойынша «Үздік анимациялық фильм», «Үздік режиссерлік жұмыс», «Үздік студенттік жұмыс», «Үздік сценарий», «Үздік мультхикая», «Үздік комикс» т.б номинацияларды анықтау;
- ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне Ұлттық анимация орталығын ашу мәселесін қарастыру ұсынылады;
- ҚР Білім және ғылым министрлігіне анимация саласында білім гранттарын көбейтуді қарастыру ұсынылады;
- жастарға фестиваль аясында халықаралық аниматорлардың шеберлік сағаттарын, семинарларын ұйымдастырып, тәжірибелерін шындауға көмектесу;
- Қазақстан киносыншылар ассоциациясының продюсерлері, режиссерлері, кинотанушылары ЖОО-ғы жастарға тегін шеберлік сағаттарын өткізу;
- Қазақстан киносыншылар ассоциациясының бастамасымен жас аниматорларға жаздық тәжірибе жинақтау, шеберлік сағаттарына қатысу лагерлерін ұйымдастыру ұсынылады;
- оқушылар мен қала тұрғындарына кинотеатрларда анимациялық фильмдердің тегін көрсетілімдерін өткізу. Көрсетілімдер апталық болса тіпті жақсы. Барлық БАҚ-та тегін көрсетілімдер жайлы жарнамалар болуы тиіс;
- анимациялық кино өнерінің технологияларына байланысты көрмелер ұйымдастырылу қажет. Көрмеде анимация саласындағы соңғы технологиялар, эффектер, түрлі жанрдағы қысқа бейнероликтер көрсетілуі керек;
- «Balapan» телеарнасында анимациялық мультфильмдердің санын едәуір көбейтіп, көрерменге қызықты хикаялар тарту етуді кең көлемде жалғастыру керек;
- Фестиваль жеңімпаздарының жұмыстарын «Balapan» арнасынан эфирге шығару ұсынылады;
- отандық аға буын аниматорларының жас аниматорларға шеберлік сағаттарын ұйымдастырып, тәжірибе алмасу сабақтарын өткізу;
- ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің үйлестіруімен әлем елдерінде қазақ анимациясынан көрмелер, көрсетілімдер ұйымдастыру керек;

– ҚР Білім және ғылым министрлігінің үйлестіруімен анимация саласындағы талантты жастарды әлем елдерінде тағылымдамадан өтіп, тәжірибе алмасуға, жаңа білім алуына мүмкіндіктер жасау ұсынылады.

Күтілетін нәтижелер:

- жас ұрпақтың тәрбиесін қалыптастыратын анимациялық фильмдерге сұраныс артады, көрермен саны көбейеді;
- отандық мультипликаторларды, аниматорларды жұртшылыққа танытуға септігін тигізеді;
- еліміздегі жас мультипликаторлардың санын көбейтіп, туындыларына мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетін болады;
- әлемдік аниматорлардың тәжірибесі үйретіледі;
- жастарға белгілі кино мамандарынан тегін шеберлік сағаттары ұйымдастырылады;
- көрерменнің мультипликация мен анимация саласына қызығушылығы артады;
- ұлттық анимациялық фильмдерді таныту мақсатында көрмелер, көрсетілімдер ұйымдастырылады;
- фестиваль арқылы отансүйгіштік қасиетті, ұлттық құндылықты, фольклор, салт-дәстүрді өскелең ұрпақтың бойына сіңіруге болады;
- қазақ ертегілері мен аңыз әңгімелеріндегі кейіпкерлерді анимациялық фильмдер арқылы жасап шығару мәселесі жолға қойылады.



«Дәстүр мен ғұрып» кешенді іс-шараларын өткізуге арналған ұсынымдар

КІРІСПЕ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев атап өткендей «Дәстүр мен мәдениет ұлттың генетикалық коды». Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру мақаласында ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен мәдениетімізді жаңғыртудың негізгі бағдарлары көрсетілген.

Ұлттық бірегейлікті сақтауда қанымызға сіңіп, тұрмысымызға айналған салт-дәстүрдің маңызы жоғары. Рухани жаңғырудың негізгі өзегі де осы ұлттық кодтың мәңгілік бойымызда сақталуы.

Қазақ салт-дәстүр, әдет ғұрыпқа бай халық. Және әрбір ұлттық дәстүрдің тәрбиелік мәні мен маңызы жоғары. Ұлтымыздың салт-дәстүрлері ұрпақты өнеге мен білімге, ізгілікке шақыруымен құнды. Дәстүр халықтың ғасырлар бойы қалыптастырған құндылығы, әдеуметтік-мәдени мұрасы.

Әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер арқылы халық өзін-өзі әр заманда тәрбиелеп отырған. Ол бұзылса қоғамның тарихи дамуының сабақтастығы да бұзылады. Әрине, дәстүр қатып қалған өзгермейтін құндылық емес. Салт-дәстүрдің барлығы заманның ағымына қарай негізін сақтай отырып, толығып, өзгеріске ұшырайды. Ұлттық кодымызды сақтау үшін дәстүрдің озық үлгілерін насихаттап, ұлттық тәрбиеміздің іргетасы етіп тұрақтандырудың маңызы зор.

Қазақ тұрмысында салт-дәстүрлер көпмәнді, және күнделікті тіршілікпен біте қайнасып, өмірдің әр жағдайына байланысты топтасып отырған. Сондықтан, бірінші кезекте салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың айырмашылығын білу маңызды.

Салт-дәстүр – белгілі бір ұлттың немесе халықтың ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын, тарихи қалыптасқан, олардың әлеуметтік ортасында ұзақ уақыт бойы сақталып отырған әлеуметтік-мәдени құндылықтар жиынтығы.

Әдет-ғұрып дегеніміз – белгілі бір қоғамда немесе ұжымда белгілі бір тарихи жағдайға байланысты адамдар арасында қалыптасқан қоғамдық тәртіптің бір түрі. Ол әлеуметтік өмірдің әртүрлілігіне және



күрделілігіне қарамастан, белгілі ұқсастық жағдайда адамдардың біркелкі әрекет етуін қалайды. Әдет-ғұрып рәсім арқылы көрсетілетін әрекет, қимыл. Игі әдеттердің өмір қолданысына айналуын «әдет-ғұрып» деп атаймыз, ол оның біржолата өмір заңдылығына айналуы «салт-дәстүр» деп аталады.

Қазақтың салт-дәстүрі ағайын, туған-туыс, көршілер арасында жақсы қарым-қатынастың қалыптасуына ықпал етіп, ынтымақтастыққа шақырып отырған. Бүгінгі күні осындай игілікті салт-дәстүр ұмытылып бара жатыр.

Сондықтан, ұлттық рухани құндылықтардың мағынасын сақтай отырып, жаңа бағытта насихаттау, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, салт-дәстүрлерді таныту, тұрмыста салт-дәстүрлермен біте қайнасып, күнделікті тіршілігіміздің бір бөлігіне айналдырудың өзектілігі жоғары.

Мақсаты: Ұмыт болған дәстүрлерді жаңғыртып, заманға сай түрлендіріп, халық арасында насихаттау барасында маңыздылығы мен тәрбиелік, патриоттық мәнін түсіндіру.

Міндеттері:

- ұлттық рухты, патриотизмді, тәлім-тәрбиені дәріптейтін қазақтың салт-дәстүрлерін жаңғырту;
- әдет-ғұрыптардың тәрбиелік мәнін халықтың бойына сіңіру;
- ұлттық бірегейлікті сақтау;

- жалпыхалықтық сананы жаңғыртып, ұлттық құндылықтарды қалыптастыру;
- салт-дәстүрлерді жетік білетін жастарды тәрбиелеу;
- ұлттық киім, бұйым, қолөнерге халықтың сұранысын арттыру.

Іске асыру механизмдері:


Ұлттық салт-дәстүрді сақтау көрсеткіші

Мәліметтер келесі зерттеулерден алынды:

Жоба: «Қазақстанның үшінші жаңғыру үрдісі (орта жастағы азаматтардың саяси көзқарастары мен халықтың ұстанымы)

Халықтың құндылықтары мен архетиптерін зерттеу мақсатында 40жастан жоғары азаматтарға жүргізілген әлеуметтік зерттеу бойынша қазақстандық қоғамда ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптар халықтың сыртқы болмысын айқындап, күнделікті тұрмысының ажырамас бөлігіне айналғанын көрсетті. Зерттеуге қатысқан халықтың тек 3,7%-і ғана ешқашан өз этносының салт-дәстүрін ұстанбайтынын айтты. Қалған 96,3%-і орта жастағы қазақстандықтар салт-дәстүрді әртүрлі деңгейде сақтайтынын көрсетті. Атап айтсақ: 39,7% – үнемі, 36,3% – жиі, 20,4% – сирек (1-сурет).

1- сурет. «Өз этносыңыздың салт-дәстүрі мен әдет ғұрпын сақтайсыз ба?»



Ең маңыздысы респонденттің жасы ұлғайған сайын, салт-дәстүрді жиі ұстанатыны белгілі болды (1-кесте).

1-кесте. «Өз этносыңыздың салт-дәстүрі мен әдет ғұрпын сақтайсыз ба?» (жас мөлшерімен), (көрсеткіш %)

	40-49	50-59	60+
Иә, үнемі	37,2	39,9	42,4
Иә, жиі	32,9	38,0	38,7
Сирек	26,2	18,5	15,2
Ешқашан	3,7	3,6	3,7

Респонденттердің өңірлік құрылымына сай талдау нәтижелеріндегі кей ерекшеліктерді атап өтсек: өз этносының салт-дәстүрін «үнемі» ұстанатындардың қатарына Ақмола мен Ақтөбе облысы кірді. Көрсеткіштері 73,7% және 78,2%. Сондай-ақ, Солтүстік Қазақстан облысындағы әрбір екінші респондент ұлттық дәстүрге сирек атсалысатынын айтқан (56,3%) (2-кесте).

2 кесте. «Өз этносыңыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын сақтайсыз ба?»
(өңірлер бойынша), (көрсеткіш %)

	Иә, үнемі	Иә, жиі	Сирек	Ешқашан
Ақмола облысы	73,7	8,8	14,0	3,5
Ақтөбек облысы	78,2	14,5	7,3	0
Алматы облысы	44,2	31,0	21,7	3,1
Атырау облысы	25,7	65,7	8,6	0
Батыс Қазақстан облысы	25,5	40,4	27,7	6,4
Жамбыл облысы	52,9	35,3	10,3	1,5
Қарағанды облысы	31,4	41,9	22,9	3,8
Қостанай облысы	32,4	35,2	31,0	1,4
Қызылорда облысы	13,3	60,0	20,0	6,7
Маңғыстау облысы	34,3	42,9	22,9	0
Түркістан облысы	54,0	43,0	3,0	0
Павлодар облысы	50,0	46,7	3,3	0
Солтүстік Қазақстан облысы	10,4	33,3	56,3	0
Шығыс Қазақстан облысы	9,9	30,6	51,4	8,1
Нұр-Сұлтан	44,1	37,3	15,3	3,4
Алматы	57,9	28,9	5,8	7,4
Шымкент	13,0	50,0	25,9	11,1

Зерттеулер көрсеткендей еліміздегі 40 жастан асқан ересек буынның басым бөлігі өз этносының салт-дәстүр, әдет-ғұрпын ұстанады. Бұдан шығатын қорытынды, аға буынның жас ұрпаққа ұлттық құндылық пен салт-дәстүрлерімізді дәріптеп, үйретуін, насихаттауын күшейтуіміз керек.

Ең бірінші қазақтың бүгінгі күнге жетіп, күнделікті тұрмыста қолданылып жүрген салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарды мағыналық, салалық жағынан бағыттарға бөліп **топтау** керек. Тәрбиелік тұрғыда төмендегідей топтап көрсетуге болады:

1. Отбасындағы салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар;
2. Бала тәрбиесіне қатысты салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар;
3. Еңбекке баулитын салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар;

4. Ойын-сауық салт-дәстүрлері;
5. Адамгершілік, рухани құндылықтарды дәріптейтін салт-дәстүрлер;
6. Өнерге қатысты салт-дәстүрлер;
7. Ерлік, елдікке шақыратын салт-дәстүрлер;
8. Тұрмыстық салт-дәстүрлер;
9. Танымдық салт-дәстүрлер;
10. Көнерген, қолданыс аясы тарылып, заманға сай емес салт-дәстүрлер.

Ең әуелі, отбасы, бала тәрбиесі, ерлік-елдікке қатысты салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды жаппай дәріптеу керек.

Халқымыздың **әдет-ғұрыптарының** тарихы, қолдану аясы, мәдениеті ислам дінімен тығыз байланысты. Қазақ халқының рухани философиялық дүниетанымы, мақал-мәтелдері, эстетикалық әдет-ғұрыптары дін аясында қалыптасты. Бүгінгі таңда **ғұрыптық фольклорды** жаңғыртудың маңызы зор. Ахмет Байтұрсынов өз заманында ғұрыптық фольклорды **отбасылық, маусымдық, наным-сенімдер** деп үшке топтаған. Тойбастар, жар-жар, неке қияр, беташар, жоқтау, жарамазан, бата, бесік жыры және т.б. ғұрыптар осы топқа жатады. Ал, Мұхтар Әуезов ғұрыптық фольклорды төмендегідей үшке бөлген :

- ел салтындағы шер өлеңдер (жоқтау, естірту, қоштасу, көңіл айту);
- дінмен байланысты өлеңдер (жарамазан, бақсылық сарын);
- қыз-ұзату үстіндегі салт-өлеңдері (жар-жар, сыңсу, беташар).

Осы негізге сүйене отырып, қазақ тұрмысындағы әдет-ғұрыптарды саралап, қолданыстағыларын топтастыру маңызды. Әсіресе бесік жыры, бата сынды тәрбиелік мәні жоғары ғұрыптарды жаппай ұлықтауымыз керек.

Сондай-ақ, қазақта ежелден **«бала асырап алу»** ғұрпы қалыптасқан. Баласы жоқ адамдар, жөн-жоралғысын жасап шарананы етегіне салған. Көбіне ағайын-туыстың баласын асырап алу ғұрпы сақталған. Бүгінгі таңда мұндай ғұрыптар заң аясында жүзеге асады.

Маусымдық ғұрыптардың ішінде ЮНЕСКО мұраларының тізіміне кірген қазақ атбегілерінің көктемгі әдет-ғұрыптарын кең көлемде насихаттауымыз керек. «Қымыз мұрындық», «Бие байлау» сынды ғұрыптарды халық арасында таратудың маңызы жоғары.

Ғабит Мүсірепов айтқандай: «Өткенді білмей, келешекті білу мүмкін емес. Бұрынғының парқын білгендер ғана бүгінгінің нарқын білер». Яғни, ұрпаққа өткенін таныту, **жеті атасын** жаттатып өсіру барлық отбасыларда жаппай үрдіске айналу керек. Осыған байланысты мектептерде, балабақшаларда ұрпақты жеті атасын тануға баулудың маңызы жоғары.

Қазақ халқы ұрпағына өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы, т.б. жеті атасының есімдерін кішкентайынан жаттатқан. Ағайындықтары жеті атаға толмай, жақын-жуықтар бір-бірінен қыз алыспайды. Некелесуде **«жеті ата»** ұстанымына берік болу – этникалық қан тазалығын қамтамасыз етеді. **Жеті ата институты** қазақ халқының өткеннен болашаққа деген сенімін мың сан ұрпақтар арқылы сабақтастырып отыратын тетік болып сақталу керек.

Отбасындағы салт-дәстүрлер мен әдет ғұрыптар: бата, енші беру, ат тергеу, жарыс қазан, қонақ күту т.б.

Бала тәрбиесіне қатысты дәстүрлер: бесікке салу, ат қою, тұсаукесер, ашамайға мінгізу, сүндетке отырғызу, тоқым қағу, қызды оң босағаға отырғызу, тілашар т.б.

Еңбекке тәрбиелеуге арналған салт-дәстүр: сабан той, сал-бұрын, күзем шай, кеусен, келі түбі, қазық байлау т.б

Адамгершілік, рухани құндылықтарды насихаттайтын дәстүрлер: сүйінші, ерулік, асар, жылу жинау т.б.

2020 жыл волонтерлар жылының аясында республика бойынша **жылу жинау, асар** дәстүрлерін еріктілермен бірге жаппай жасау керек. Сол арқылы еліміздегі тұрмысы төмен жандарға әлеуметтік көмек көрсетіліп, материалдық, рухани қолдау танытылады. Халықты жаппай жақсылық жасауға шақырып, адамгершілік қасиеттер ұлықталады.

Республиканың барлық өңірлерінде өтетін бұқаралық шаралар.

1. Аймақтарда салт-дәстүрді сақтап, жетік білетін отбасылар арасында «Салт-дәстүр білгірі» отбасылық байқауларын ұйымдастыру. Сол арқылы, салт-дәстүрді насихаттап отырған Қазақстанның үздік отбасыларын анықтауға болады. Немесе «**Мерейлі отбасы**» байқауын салт-дәстүрге бағыттап, форматын өзгерту;

2. Өңірлерде «Әжелер сайысы», «Келіндер сайысы» сияқты отбасылық сайыстар өткізіп, дәстүрді жетік білетін үздік әже, мықты келіндерді анықтау;

3. Ұлттық руханиятта, түбі бір түркі халқының салт-сана, әдет-ғұрпын жіліктеп, өз заманындағы маңызын, құндылықтарын оқырманға жеткізуде қазақ әдебиетінің, қазақ тарихының заңғар жазушысы Мұхтар Мағауиннің шығармаларының рөлі жоғары. «Аласапыраннан» бастап «Шыңғыс ханға» дейінгі шығармалары тегіс қазақтың ұлттық салт-дәстүрімен қабысып жатыр. Жазушының мұрасын, студенттер мен оқушылар арасында кеңінен насихаттау керек.

4. Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды шығармаларына арқау еткен ұлт зиялыларымен кездесулер, танымдық телебағдарламалар түсіру;

5. Ғұрыптарды насихаттау бойынша бата жаттаудан, бесік жырын айтудан байқаулар, челленджер ұйымдастыру;

6. Ғұрыптық фольклор бойынша бата, бесік жыры, жар-жар, жарамазан жырларының үлгілері «Дәстүр мен ғұрып жинағына» енуі керек.

7. Оқушылар мен студенттер арасында салт-дәстүрден интеллектуалдық сайыстар, олимпиадалар өткізу. Олимпиадалар онлайн түрде өтсе де болады;

8. Мектеп оқушыларына салт-дәстүрден викториналық ойындар, танымдық тестілеулер өткізуді ұйымдастыру;

9. Мектеп бағдарламасына «Ұлттық дәстүр» факультативті сынып сағаттарын енгізуді қарастыру.

Өңірлік телеарналар мен БАҚ көздері.

1. Өңірлік телеарналардан дәстүрді танытатын «Қазақтың 100 салт-дәстүрі» т.б. танымдық бағдарламалар мен бейнероликтерді көрсету;

2. Өңірлердегі бағдарламалардың сюжеттер рубрикаларына «Дәстүр» айдарын енгізу;

3. Газет, журналдардың бір бетін жүйелі түрде ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарға арнау.

Әлеуметтік желі.

1. **#dastur** челлендж. Әр өңір, мекемелер желіде ұмыт болған бір дәстүрді жасап, басқа өңірге, басқа мекемелерге эстафета жолдану керек. Сол арқылы ұмыт болған салт-дәстүрлерді кең ауқымда насихаттауға болады.

2. Ұлттық дәстүр, киім, музыка, өнер бағытында жазатын блогерлерді ұйымдастырып, насихат жұмыстарына тарту;

3. Әлеуметтік желіде дәстүрді насихаттайтын парақшалар санын көбейтуге үлес қосу.

Мәдениет, өнер саласы.

1. Ұлттық қолөнер көрмелерін ұйымдастыру;

2. Ұлттық киімдер сән апталығын өткізу;

3. Жыраулар фестивальдерін ұйымдастыру;

4. Ұлттық салт-дәстүрді насихаттайтын театрлық қойылымдарды өткізу;

5. Ұлттық салт-дәстүрді жаңғыртып, қазақтың қолданбалы, қолөнерін әлемге танытып жүрген жас суретшілерді, зергерлерді, шеберлерді мемлекет тарапынан марапаттап, ынталандыру жұмыстарын жүргізу.

Кітаптар, мобильді қосымшалар.

1. Бүгінгі заманның бағытына сай, күнделікті тұрмыста қолдана алатын дәстүрлер жинақталған кітаптар шығару. Жинақ көпшілікке түсінікті, жеңіл тілде болуы тиіс. Және тек ғалымдар мен оқытушыларға арналып жазылмауы керек. Халықтың сұранысы туатындай насихат жұмыстары жүргізіліп, жаппай өңірлерде кітап дүкендерінде сатылуын ұйымдастыру;

2. Салт-дәстүрлерге анықтама, ұлағатты сөздер, бата-тілектер, дәстүрлі тағамдардың рецептілері, ұлттық киім, ұлттық қолөнер, зергерлік бұйымдар және т.б. салт-дәстүрлерден ақпарат беретін «**Dastur**» **мобильді қосымшаларын** ойлап табу.

Күтілетін нәтиже:

- ұлттық рух, тәлім-тәрбиені дәріптейтін салт-дәстүрлер жаңғырады;

- жас ұрпақтың, халықтың бойына әдет-ғұрыптар сіңеді;

- ұлттық бірегейлік қалыптасып, құндылықтардың халық өміріндегі

маңызы артады;

- салт-дәстүрді білетін, әдет-ғұрыптарды сақтайтын жас ұрпақ қалыптасады;

- ұлттық киім, қолөнер бұйымдарына халықтың сұранысы артады;

- дәстүр арқылы халық тарихты танып, патриоттық рух артады.

Көрсеткіштер:

Халық саны – Қазақстанның белсенді азаматтары, белгілі тұлғалар, қоғам қайраткерлері, оқушылар мен студенттер.

Жергілікті және республикалық БАҚ-та жарияланымдар. Әлеуметтік желідегі жарияланымдар.



Бұқаралық спортты дамытуға және қазақстандық оқушылардың әлемдік гимназиадаға қатысу мүмкіндіктерін қарастыруға арналған кешінді іс-шараларды өткізу бойынша ұсынымдар

Бүгінгі заманда дене шынықтыру мен спорт саласы жасына, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан қоғамда берік, салауатты ортаны біріктіріп, болашақ бірегей ұлт қалыптастырып, ұрпақты жүйелі түрде патриотизмге тәрбиелеуге ықпал ететін негізгі перспективалық алаңдардың бірі болып табылады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының идеологиялық қағидаларын іске асыру тұрғысында бұқаралық спортты дамытудың және қазақстандық оқушылардың әлемдік гимназиадаға қатысу мүмкіндіктерін қарастырудың өзектілігі жоғары. Бұл прагматизмге тәрбиелеп, сананың ашықтығын қалыптастыруға, салауатты өмір салтын сақтап, спортты күнделікті тіршіліктің ажырамас бөлігіне айналдыруға септігін тигізеді.

Бүгінгі таңда спортпен шұғылдану және салауаттылықты ұстану экономикалық тұрғыда азаматтардың өмір салтының маңызды көрсеткіші болып табылады. Сондай-ақ, халықтың бос уақытын тиімді әрі пайдалы жұмсаудың негізгі әрі маңызды аспектісі болып табылады.

Дүниежүзілік гимназиада – мектеп оқушылары арасында екі жылда бір рет қысқы және жазғы жарыс түрлерінен өткізілетін халықаралық кешенді жарыстар жиынтығы. Дүниежүзілік гимназиада бұл – мектептегі спорт түрлерін және мектеп лигасын дамытуға бағытталған, мектептердегі спорттық қозғалыстарды насихаттайтын, мектепаралық жарыстар арқылы оқушылардың спортқа қызығушылығын арттыруға серпін беретін әлемдегі ең үлкен әрі ашық кешенді жарыстардың бірі.

Кешенді шараларды ұйымдастырудың **мақсаты** көпшіліктің санасында салауатты өмір салтын қалыптастырып, жаппай бұқаралық спорт түрлерін дамыту.

Бұл мақсатқа жету үшін келесі **міндеттерді** іске асыру қажет:

- 1) спорт нысандарының халықтың тұрғылықты жеріне жақындығын қамтамасыз ету;
- 2) дене шынықтыру материалдық-техникалық базасын нығайту және дамыту;
- 3) балалар мен жас-өспірімдер спортын дамыту, балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектептеріне балалар мен жасөспірімдерді тарту;
- 4) спортшылардың әлемдік гимназияда сәтті өнер көрсетулерін қамтамасыз ету;
- 5) спорт резервін даярлау жүйесін жетілдіру;
- 6) оқушылар мен студенттерге дене тәрбиесіне арналған бағдарламалық-әдістемелікті құрастыру, дене шынықтыру сабақтарының санын арттыру, оқу мекемелеріндегі спорттық үйірмелерді көбейту, денешынықтыру-сауықтыру және спорттық қызмет түрлерінің жаңа формаларын енгізу;

7) елді мекендердің тұрғындары үшін демалыс және мереке күндерінде барлық жас санаттарын ескере отырып бұқаралық спорттың әр түрінен іс-шаралар ұйымдастыру;

8) кәсіби, қолданбалы, ұлттық спорт түрлерін дамыту;

9) қарт адамдар мен ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға белсенділік пен ұзақ өмір сүруді насихаттау мақсатында жүйелі түрде дене тәрбиесіне тартатын шаралар жиынтығын ұйымдастыру.

Іске асыру тетіктері:

1. Спорт нысандарының қаржылық және қашықтық қолжетімділігін қамтамасыз ету: тегін жаттығу күндерін өткізу, спорттық нысандардың кең желісін салу, азаматтардың жеке топтарына спорттық қызметтердің бағасын төмендету.

2. ЖОО-да спортпен айналысатын жастарға арнайы жеңілдіктер қарастыру (жатахана беру, шәкіртақы, оқы ақысына жеңілдіктер)

Бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізуге арналған қалалық және ауылдық спорттық инфрақұрылымдарды дамыту (шағын футбол алаңдары, жүгіру жолақтары т.б.).

3. Еуропа елдерінің тәжірибесіне сүйене отырып отбасы құндылықтарын нығайту және бұқаралық спортты дамыту мақсатында жексенбі күндері барлық ірі сауда, ойын-сауық орталықтарының, мейрамханалар мен дәмханалардың жұмысын тоқтату ұсынылады. Жексенбі күндері аулаларда, саябақтарда, стадиондар және т.б. жерлерде бос уақытты тиімді өткізудің жаңа мәдениетін қалыптастыру мақсатында тақырыптық мәдени-бұқаралық іс-шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

4. Әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында қызметкерлердің спорт нысандарына баруын қамтамасыз ету.

5. Дүниежүзілік гимназиадаға қатысатын резервті дайындау мақсатында мектептерде дене шынықтыру сабақтарының санын арттырып, оқу бағдарламасына дүниежүзілік гимназиадағы спорттық ойын түрлерін қосу, мектептердің спорттық материалдық-техникалық базасын жақсарту.

6. Гимназиаданың спорт түрлері бойынша мектептер арасында жыл сайынғы (қысқы/жазғы) спорттық жарыстарын ұйымдастыру.

7. Мектептерде сабақтан кейінгі спорттық үйірмелерді ақысыз негізде өткізу.

8. Оқу орындарының білім беру бағдарламасына дене шынықтыру бойынша ұлттық спорт түрлерін енгізу.

9. Қарт адамдар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға спорттық мекемелерге тегін кіруге мүмкіндіктер жасау.

10. Танымал тұлғалар мен спортшылардың қатысуымен жаппай бұқаралық спорттық шаралар өткізу.

11. Салауатты өмір салтын қалыптастырған танымал тұлғаларды (саясаттанушылар, ғылым қызметкерлері, мәдениет қызметкерлері т.б.) БАҚ-да көпшілікке үлгі ретінде насихаттау.

Күтілетін нәтижелер:

- бұқаралық спорт түрлеріне жұмылдырылатын жергілікті халықтың саны артады;

- аймақтардағы тұрғындарға қашықтық және қаржылық қолжетімді спорттық инфрақұрылымдардың деңгейі жақсарады;

- жергілікті халықтың қызығушылықтарын ескере отырып денсаулық орталықтарының желілерін, денешынықтыру-сауықтыру топтарын, спорт клубтарын, шағын елді-мекендерде денешынықтыру-сауықтыру орталықтарын ашу

- салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында арнайы қажеттіліктері бар адамдар арасында спортпен шұғылдану көрсеткішін, сондай-ақ, қарт адамдардың белсенділігін арттыру керек.

Көрсеткіштер:

2021 жылы спорттық шараларға атсалысатын халықтың санын 50 %-ға арттыру.

Спорттық мекемелердің желілерін көбейту. Әсіресе аудандар мен ауылдарда спорттық нысандардың санын арттыру.

Қазақстандық оқушылардың дүниежүзілік гимназидағы қатысуы.



Жұмысшы кәсіптері мамандарының арасында «Мен супермін» республикалық телевизиялық шоу-кәсіби шеберлік конкурсын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы жолдауларында, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларында қазақстандықтардың әл-ауқатын көтерудің басты негізі еңбек қоғамына жағдай жасау екендігі айтылып келеді. Бұл бағытта халықты еңбекке ынталандыру, азаматтардың еңбек қызметіне шығармашылықпен қарауы, халық арасында еңбек құндылықтарын арттырудың маңызы жоғары.

Еңбек қатынастырының әлеуметтік-реттелген моделін құру, еңбек қызметіне қатысты жаңа көзқарастарды алға жылжытуда Елбасының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы. Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласы негіз болып, ары қарай ҚР Тұңғыш Президентінің 2012 жылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру – Қазақстан дамуының басты бағыты» жолдауымен жалғасты.

Елбасы Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамының идеясына негіздей отырып, Қазақстанды дамытудың инновациялық тұжырымдамасын ұсынды. Онда еңбек-әлеуметтік жаңғыру мен ұлттың жалпыға бірдей бәсекеге қабілеттілігінің шешуші факторы ретінде көрініс табуы керек.

Елдің әлеуметтік-экономикалық жаңғыруының жаңа міндеттерін іске асыру бойынша ҚР Тұңғыш Президенті Үкіметке берген тапсырмасының арқасында заңнамалық база нығайтып, әлеуметтік процестер мемлекеттің

басқару жүйесінің тиімділігін арттырды. Жалпыға Ортақ еңбек қоғамын қалыптастыру бойынша үкіметтік емес секторлармен серіктестікті жақсартты.

Қазақстан үшін еңбек идеологиясының мемлекеттік саясат мәртебесіне ие болуы өте маңызды. Еңбек адамдарының имиджін, еңбек құндылықтарын, еңбек қызметінің құндылығын насихаттау үшін қазақстандықтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың шарты ретінде жұмысшы мамандарының арасында «Мен профи» республикалық телевизиялық шоу-конкурсын өткізу қажет.

Конкурсты телеарна арқылы қазақстандықтардың назарына ұсыну көпшілікке экономиканың дамуына ерен үлес қосып жүрген әр саладағы еңбек адамдарының кәсіби жұмысын көрсетіп, шеберлігін, кәсіби біліктілігін, көрерменге паш етеді (мысалы: автогрейдер жүргізушісі, бульдозер, экскаватор, фронтал тиегіштер, (ауыр жүк көлігінің жүргізушісі және т.б.).

Конкурс жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілуі керек. Қатысушылар саны мен тақырыбы, номинациялары түрленіп, басқа да жұмысшы мамандықтардың өкілдері қатыса алады. Мұндай шоу-конкурс жастар арасында кәсіби бағдарлау жұмыстарын арттырып, жұмысшы мамандықтарының мәртебесін өсіріп, Еңбек адамының абыройын көтереді.

Мұндай құндылықтарды насихаттап, дәріптеу, әлеуметтік жобаларға қолдау таныту мақсатында мектеп оқушыларына болашақ мамандық таңдауға бағыт-бағдар беру «Өзгерістердің саруарлары» жобасының да негізгі бағыттарының бірі («Рухани жаңғыру» бағдарламасының елшілерінің пулын дайындау) болып табылады. Әлеуметтік жобалар акселераторы – ҚР АҚДМ-нің қолдауымен «Рухани жаңғыру» Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ арқылы іске асады. Бүгінгі таңда жобаға 120-ға жуық өтініш келіп түскен. Оның 75-і іріктеліп алынды. Солардың ішінде «Арман» жобасы оқушыларды түрлі компания мен заводтарға апарып, кеңейтілген шеберлік сағаттатарын, дәрістерін өткізу арқылы мектеп оқушыларына мамандық таңдауда бағыт-бағдар беруге бағытталған.

Шоу-конкурстың мақсаты – еңбек идеологиясын насихаттап, еңбек адамының образын әлеуметтік жетістікке жеткен азаматтардың символы ретінде қалыптастыру.

Конференцияның міндеттері:

- жұмысшы мамандықтар мен Еңбек адамын насихаттау;
- кәсіби шеберлікті дәріптеп, жастарға тәжірибе беру;
- ұрпақтар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету;
- жастар арасында кәсіби бағдар беруді арттыру;
- Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамының құндылықтарын нығайту;
- университеттер, ғылыми ұйымдар, өндірістік кәсіпорындар және экономиканың басқа салаларындағы ұйымдар мен үкіметтік емес сектор арасындағы серіктестікті нығайту;
- кәсіби бәсекеге қабілеттілік құндылықтарын қалыптастыру.

Іске асыру тетіктері:

Бүгінгі таңда «Астана» телеканалы ҚР АҚДМ мен аталған жоба бойынша келісім жүргізуді бастады.

БАҚ, әлеуметтік желілер байқаудың басталғаны туралы ақпарат таратады, барлығын онлайн-кастингке қатысуға шақырады.

Алғашқы 10 эпизодта 85 талантты сала қызметкері өздерінің білімдерін, дағдыларын көрсетеді. Оларды онлайн-кастингтің көмегімен жоба тобы таңдайды (5 қатысушы және 14 облыс және 3 республикалық маңызы бар қала). Байқауға қатысушылардың санын көбейту үшін түсірілім тобы есептерді қарау әдісіне жүгінеді.

10 серияның нәтижесі бойынша жартылай финалға шыққан 17 үздік (әр аймақ пен қаладан 1 қатысушы) қалды. Келесі 4 эпизодта жартылай финалистер өздерінің көбірек (бұдан да жоғары, жылдам, күшті) қабілетке ие екенін көрсетеді. Үздіктердің үздігі жобаның финалына өтіп, 1 орын үшін күреседі.

Сондай-ақ, балама бар-номинациялар бойынша жартылай финалистерге («арнайы жабдықтар шебері», «ауыр өнеркәсіп құралдарының шебері», «жеңіл өнеркәсіп құралдарының шебері», «қатты материалдардың шебері», «жеңіл материалдар шебері», «таптырмас шебері», «шағын аймақ шебері») атақтар беру.)

Байқау барысында әр қатысушы өз тарихымен бөліседі: ол өзінің мамандығы бойынша қалай табылды, ол өз саласында өсуге және жетілуге ұмтылысы болды, оны өзінің тәлімгері деп атай алады, жас мамандарға не үйрете алады және жас ұрпаққа қандай кеңестер береді. Жобаға қатысушылардың мысалында көрермен өз саласындағы кәсіп иесінің қандай қасиеттерге ие болу керектігін және өз мақсаттарына қалай жетуге болатындығын көреді.

Шоу жыл сайынғы болуы керек болғандықтан, тиісті министрліктердің ұсыныстары бойынша номинацияларды өзгерту ұсынылады.

Трансляция аясында тек шеберлігі жоғары адамдар ғана жасай алатын тесттер мен трюктер өтеді. Әрбір қатысушы ерекше дағдыларды көрсетіп, жеке тапсырманы орындауы керек, жеке трюктерді арнайы жабдықтың көмегімен жасауға болады.

Байқаудың финалында кезеңінде қиын тапсырманы орндау арқылы, еліміз өз кәсібінің үздік иесін анықтайды.

Телехабарларды тарату жұмысшылардың және басқа кәсіптердің беделін арттырады, шеберліктерін көрсетеді, жоғары біліктіліктің құндылығын арттырады, кәсіби мамандандудың үздіксіздігін, жас ұрпақ үшін мансаптық бағдар беруді қамтамасыз етеді.

Жоба бұқаралық ақпарат құралдары, жаңа медиа, сондай-ақ аймақтық және барлық республикалық телеарналарға эфир арқылы ақпараттық қолдау көрсетеді.

Күтілетін нәтижелер

- Еңбек және еңбек адам құндылықтарын ілгерілету;

- жоғары оқу орындары, ғылыми ұйымдар, экономиканың өндірістік және басқа секторларының кәсіпорындары, үкіметтік емес сектор арасындағы әріптестікті жақсарту;
- экономиканың өндірістік және өзге де секторларының ұйымдарында кәсіпқойлықтың өсуі;
- жастар арасында кәсіптік бағдар беру жұмысын жақсарту.

Көрсеткіштер:

Қатысушылар саны - 2000 адамнан кем емес;

Ақпараттық материалдар саны – 34 облыстық БАҚ-та, 4 республикалық басылымдарда.



Қалалар мен ауылдардың жалпы білім беретін мектептерінде мектеп жанындағы аумақтарда ағаш отырғызып, оқушыларға арналған танымдық-дамытушылық сабақ түрінде «Экологиялық сағат» өткізу, сондай-ақ оқушы жастар арасында су ресурстарын ұтымды пайдалану мәдениетін дамыту бойында ұсынымдар

Экологиялық мәселелер қоғамдық мәні жағынан әлемдегі алдыңғы орындағы проблемалардың қатарында. Әлемдік «Nature» журналының мәліметінше жер шарынан жыл сайын 10 миллиардқа жуық ағаш қырқылады. Бүгінгі күнге дейін әлемдегі ормандардың 46 пайызы жойылған. Табиғатты дер кезінде қорғамасақ, экологиялық апатқа ұшыратып, тепе-теңдікті бұзуға әкеледі. Осы тұрғыдан алғанда өскелең ұрпақтың бойында ерте жастан бастап экологиялық сана мен мәдениетті қалыптастыру қажет.

Қоғамдық сананы жаңғыртудың нақты тетіктері айқындалған Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының «Халық арасында «экологиялық» мәдениетті дамыту» бастамасы аталатын 6.3-тармағында «Жеке және өнеркәсіптік тұтыну кезінде табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану идеясын таратуға бағытталған ақпараттық-насихаттау қызметі жүзеге асырылады» деп жазылған.

«Рухани жаңғыру» мақаласында туған жердің, қалалардың көгалдануына жұмыла атсалысу керектігі айтылған. Осы тұрғыдан алғанда жас ұрпақтың бойына туған жердің табиғатын сақтауды, қастерлеуді сіңіру маңызды. Оқушылардың мектеп қабырғасынан бастап суды үнемді пайдалануды, судың адам өміріндегі маңызын түйсінуі өзекті. Оған қоса, халқымыздың «Бір тал кессең, он тал ек» деп табиғатты қорғауға, қоршаған ортаны сақтауға ерекше мән бергенін атап өткен жөн. Бұл ұғымды да жас буынның санасына сіңіру қажет. Сондықтан, еліміздің әрбір мектебінде экологиялық сабақтар өткізіп, оқушыларға табиғатты сақтап, аялауды түсіндірудің өзектілігі жоғары.

Мақсаты: жастардың бойына табиғатқа жанашырлық, қоршаған ортаның ресурстарын тиімді пайдалану қасиеттерін сіңіріп, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға үйрету.

Міндеттері:

- жастарды табиғатты қорғауға шақыру;
- жастардың арасында экологиялық тәрбие негіздерін қалыптастыру;
- экологиялық мәдениетті қалыптастыру;
- ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, халықтың бойына отансүйгіштік, патриотизм, табиғатқа жанашырлықпен қарау қасиеттерін арттыру;
- оқушыларға салауатты өмір салтының негіздерін үйрету;
- адамзаттың өміріндегі судың, ағаш егудің маңызын түсіндіре отырып, бұл ресурстарды үнемді пайдалануға жастарды баулу;
- оқушыларды прагматизмге үйрету.

Іске асыру механизмдері:

– 5 маусым – дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күнін кең ауқымда насихаттап, жастардың бойына табиғатсүйгіштік, қоршаған ортаға жанашырлық қасиеттерін сіңіру керек;

– қалалық, аудандық және ауылдық жалпы білім беру мектептерінде жаппай «Экологиялық сағат» арнайы ашық сабақтар өткізу керек. Сабақ барлық сынып оқушыларын қамтуы тиіс. Танымдық сабақ сыныпта басталып, мектеп ауласында жалғасуы керек;

– қалалық мектептердегі оқушыларға сабақ барысында экологтармен кездесулер ұйымдастырылуы тиіс. Кездесу барысында экологтар оқушыларға табиғатты қорғаудың маңыздылығын, судың адам өміріндегі құндылығын айтып, табиғатқа қатысты жастарды прагматизмге шақырып, үнемдеу жайлы ақпараттар айтуы тиіс;

– барлық оқушылармен мектептердің ауласына көшет отырғызу жұмыстарын жүргізіп, ауланы тазалау жұмыстарын жасау керек;

– мектептің кішкентай оқушыларын жас экологтар қатарына қабылдау рәсімін жүргізу. Сол арқылы бастауыш сынып оқушыларын табиғат сүйгіштікке баулу;

– дарынды оқушылар арасында су энергиясы, жасыл технологияларға қатысты республикалық жобалар олимпиадасын ұйымдастыру қажет. Олимпиада үздік өнертапқыштарды анықтап, оқушылардың жасаған жобаларының жүзеге асуына қолдау көрсету керек;

– оқушылармен ауылдың, қаланың көрікті жерлеріне экскурсия жүргізіп, туған өлкенің тарихын таныту. Өзен-суларын, тау-тасын қастерлеп, жастар өз өңірінің табиғатын қорғауды түсінулері тиіс;

– су ресурстарын үнемдеуге қатысты оқушылар арасында эссе байқаулар өткізу;

– «Қағазсыз бір күн», «Пластиксіз әлем» акцияларын ұйымдастыру. Полиэтилен пакеттерінен бас тартып, барлық құжаттар электронды түрде

тапсырылып, қағаз үнемдеуге, сол арқылы ағаштардың кесілуін азайтуға шақырады;

– бір апта көлемінде мектеп, үйлердің маңы қоқыстардан тазарту жұмыстарын жүргізу керек. Жаппай сенбіліктер ұйымдастырылып оқушылар мен волонтерлер атсалысулары керек;

– сынып сағаттарын К.О. Шайхеслямова, А.Ж. Болатова, Г.С. Сыздықованың «Экологическая культура» элективті курс әдістемесінің негізінде ұйымдастыру ұсынылады.

– оқушыларды қоқыс өңдеу зауыттарына экскурсияға апарып, өңдеу жұмыстарымен таныстыру қажет.

Күтілетін нәтижелер:

– оқушы жастардың бойында экологиялық мәдениет қалыптасады;
– жастар табиғатты қорғауды, айнала қоршаған ортаны қадірлеуді үйренеді;

– оқушылар экологиялық проблемаларды түйсініп, табиғат ресурстарын үнемді қолдануды түсінеді;

– жастардың бойына еңбекқорлық қасиесі сіңеді;

– оқушылар салауатты өмір салтын ұстануды үйренеді, қоршаған ортаның адам денсаулығы үшін маңызын біледі;

– республика бойынша отырғызылатын ағаштар саны артады;

– 10 мыңнан артық волонтерлер жұмыс істейді;

– полиэтилен, пластикті пайдалану көрсеткіші азаяды;

– экологиялық апталықтар жергілікті БАҚ-та кеңінен насихатталады;

– экология бағытында жас өнертапқыштардың есімдері анықталады;

– жастар үнемшілдікке, прагматизмге тәрбиеленеді.



«Саябақтар шеруі» және «Таза су» табиғатты қорғау акцияларын өткізу бойынша ұсынымдар

Су ресурстарын тиімді пайдалану әлем елдерін алаңдатып отырған маңызды проблемалардың бірі. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Су – стратегиялық ресурс. Ол мемлекеттің тұрақты дамуы үшін маңызды» деген болатын. БҰҰ-ның мәліметі бойынша әлемде 2 млрд. адам су тапшылығын көріп отыр. 2019 жылдың маусым айында өткен «Су ресурстарын тиімді басқару» мәселесіне арналған семинарда халықаралық сарапшы Анатолий Крутов Қазақстандағы 67 ірі су көзінің ластанғанын мәлімдеді. Сарапшының айтуы бойынша соңғы 10 жылда Орталық Азиядағы өзен суларының ластану деңгейі өскен. Экологияның тепе-теңдігі мен халықтың жағдайы үшін таза судың маңызы өте жоғары.

Сондықтан, өзен-сулардың тазалығына халық болып атсалысу, оқушылар мен жастарды суды үнемді пайдалануға, судың адам өміріндегі

маңызын түсінуге үйрету керек. Әрбір адам «Судың да сұрауы» бар деген ұстанымды түсініп, табиғаттың байлықтарына жанашырлықпен қарауы тиіс.

Табиғаты ерекше аймақтарды, саны азайып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғау мәселесіне бағытталған «Парктер шеруі» акциясы елімізде 1996 жылдан бері жыл сайын ұйымдастырылып келеді. Мемлекеттік табиғи қорықтар, ұлттық парктер мен саябақтарды ұлттық мұра ретінде қастерлеуге шақырады.

Бұл акцияларды ұйымдастырудың өзектілігі жергілікті тұрғындар мен мемлекеттің алдына табиғаттың проблемаларын көрсетіп, экологиялық сауаттылығын көтерумен айқындалады.

Мақсаты: жергілікті тұрғындарды, мектеп оқушыларын, туристерді табиғатты қорғау жұмыстарына араластыру арқылы оларды табиғатты қорғауға, қайта қалпына келтірілмейтін табиғи ресурстарды үнемді пайдалануға шақырып, экологиялық мәдениет қалыптастыру.

Міндеттері:

- экологиялық мәдениет қалыптастыру;
- ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, халықтың бойына отансүйгіштік, патриотизм, табиғатқа жанашырлықпен қарау қасиеттерін сіңіру;
- аймақтағы өзен-суларды жаппай қоқыстан тазарту арқылы, судың пайдасын, адам өміріндегі маңызын түсіндіру;
- жастарды қоршаған ортаны қорғауға шақыру;
- халық пен жастарды волонтерлыққа, азаматтық белсенділікке шақыру;
- Қазақстанның бай табиғатын, туризмді дамытудағы әлеуетін насихаттау.

Іске асыру механизімі:

- волонтерлер, мектеп оқушылары, белсенді азаматтармен республика бойынша жаппай өзен, бұлақ, көлдердің жағаларын қоқыстан тазартуды ұйымдастыру;
- мемлекеттік және аумақтық инспекция қызметкерлері, экологтармен бірге өңірдегі өзен, көлдердің тазалығына рейд жасау жұмыстарын жүргізу;
- «Суды үнемде» деген атпен бір күн суды мейлінше аз қолдану акциясын ұйымдастыру. Сол арқылы судың қаншалықты адам өміріне керек екендігін, оны үнемді жаратудың пайдасын түсіндіру;
- Осы күні «Еліміздегі өзен-көлдердің ластану деңгейі. Су тапшылығын шешу жолдары» тақырыбында брифинг, конференциялар ұйымдастыру.
- мектептерде оқушыларға судың пайдасы туралы ашық экологиялық сабақтар өткізу;
- *tazaqazaqstan* хештегтерімен эстафеталар өткізу;
- табиғи ұлттық парктер мен қорықтарда ашық есік күндерін өткізу;
- ұлттық парктердің ұжымы табиғатты қорғау аясында жұмыс істеймін деген жастарға таныстыру жұмыстарын жүргізіп, өндірістік тәжірибеге шақыру;

- табиғи ұлттық парктер мен қорықтарға мектеп оқушыларымен экскурсиялар жасап, парктің жұмыстарымен таныстыру;
- Қазақстандағы сирек кездесетін, Қызыл кітапқа енген жан-жануар, өсімдік, құстар туралы бейнесюжеттер, видео роликтер дайындау;
- экологиялық марафондар өткізу. Қала, аудан, ауыл тұрғындары бірлесіп саябақтарда сенбілік жұмыстарын жүргізу;
- парктер мен саябақтарда суретшілер мен фотографтардың көрмелерін ұйымдастыру;
- «Ең үздік парк», «Ең үздік табиғат жанашыры» тақырыбында оқушылар арасында фото, эссе конкурстарын өткізу;
- әлеуметтік желілерде халықтың дауыс беру арқылы, облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалалар арасында «Үздік саябақ» байқауын ұйымдастыру.
- журналистер, фотожурналистер арасында Қазақстанның туризмдік жерлері туралы, экологиялық проблемалары туралы мақалалар, фото конкурстар өткізу;
- волонтерлар, «жасылдар» ұйымдарының бастамасымен экошерулер ұйымдастыру.

Күтілетін нәтижелер:

- жастарды табиғатты қорғаудың, туған жердің табиғи ресурстарын қадірлеудің маңызын түсінеді;
- экологиялық мәдениет күшейеді, қоршаған ортаға ұқыпты қарау дамиды;
- табиғат аясында уақыт өткізу, салауатты өмір салтын ұстану әдеті қалыптасады;
- әр өңірде 1000-нан астам волонтерлер экологиялық сенбіліктер мен эстафеталар өткізеді;
- су ресурстарын тиімді пайдалануға арналған конференция ұйымдастырылады;
- экологиялық проблеманы дәріптейтін журналистер мен фотожурналистердің мақалалары, суреттері БАҚ-та жарық көреді;
- әр өңірде экологиялық марафондар өтеді;
- жастардың бойындағы отансүйгіштік, елжандылық қасиеттер ашылады;
- азаматтар қайта қалпына келмейтін ресурстарды сақтауды үйренеді;
- Қазақстанның табиғи көркем жерлерінің туристерге тартымдылығы артады.



Тәрбие және әлеуметтік құқықтық жұмыс бойынша қызметкерлерге мектеп құру жөніндегі жобаны іске асыру бойынша ұсынымдар

Қазақстан Республикасының Қорғаныс, Ішкі істер министрліктері мен

Ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметкерлерінің жұмысы елдің тиісті заңнамалық базасымен реттеледі. Сондай ақ, Қарулы күштердің жеке құрамымен жұмыс атқару саласында білім беру, әлеуметтік-құқықтық, психологиялық және идеологиялық жұмыстарын ұйымдастыру қағидалары 2019 жылы бекітілген. 2019 жылдың 19 қаңтар күні Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің тәрбиелеушілер институтының құрылғанына 27 жыл толды. Осылайша, күш құрылымдарының тәрбиелеу жұмыстарына мемлекет тиісті түрде назар аударып отыр.

Бұл сала қызметкерлерінің жұмысының мақсаты саяси бағыттау, сана-сезімге негізделген жоғары моралдық-психологиялық қасиеттерді және қоғамдық маңыздылығы бар идеалдарды қалыптастыру, патриотизм идеялары, Отанға қызмет ету мотивтері, жеке құрам өкілдерінің жоғары рухани қажеттіліктері мен мемлекеттік мүдделерді қалыптастыру.

Жұмыс әртүрлі ақпараттық және білім, тәрбие беру әдістері арқылы жүзеге асырылады.

Жеке құрам өкілдерінің дүниетану құндылықтарын және әскери-патриоттық санасын қалыптастыратын қызметкерлер, жеке құрамның мінез-құлқы мен санасына жүйелі педагогикалық әсер етеді.

Осыған орай, қызметкерлерге білім беру, тәрбиелеу және әлеуметтік-құқықтық жұмыстарына Бағдарламаның құндылықтарын, рухани жаңғырудың маңыздылығын, жасампаздық еңбек, инновациялық экономиканың жасампаздығын түсіндіру жұмыстарының маңызы зор.

Жеке құрамға Бағдарламаның қағидалары мен бағыттарын талқылауға арналған білім беру іс-шаралары идеология жұмыстарының ажырамас бөлігі болып табылады. Мықты және жауапты адамдардың Біртұтас ұлтының қалыптасуына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында атап өткен қоғамдық сананы жаңғырту және оның бірінші шарты - өз мәдениетін, өзінің ұлттық кодын сақтауға тек осы ведомстволардың тәрбиелеу және білім беру қызметкерлерінің бірлескен күш-жігерімен ғана жетуге болады. Яғни, осы арқылы жеке құрамның санасын аталған шарттар аясында жаңғырту мүмкіндігіне ие боламыз.

Аталған іс-шаралар азаматтардың мінез-құлық үлгілерінің өзгеруіне әсер етуге, жаңа әлеуметтік мәдениетінің қалыптасуына, және олар арқылы бүкіл қоғамға әсер етуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда жеке тұлғаның ұлттық бірегейлігінің негізін құратын, елінің тарихы мен мәдениеті туралы білімі бар адам ғана өз Отаны үшін жауапты азамат бола алады.

Мемлекеттің күштік мекемелері қабырғасында осындай азаматты қалыптастыру үлкен мультипликациялық әсер етеді, өйткені осы мекемелердің өкілдерінің санасынан және мінез-құлық үлгілерінен азаматтардың қорғаныс және елдің ішкі тәртібін қорғау институттарына деген сенімі мен қанағатының деңгейі көрініс табады.

Осыған байланысты, Бағдарламаның тұжырымдамаларына сәйкес қызметкерлерді тәрбиелеу және әлеуметтік-құқықтық оқытуға арналған мектеп құру – азаматтардың санасы мен мінез-құлқының архетиптерінің өзгеруіне, қоғамдық сананы жаңғыртуға, жаңа әлеуметтік мәдениеттің қалыптасуына жан-жақты ықпал етуге мүмкіндік береді.

Мектептің басты мақсаты «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бағыттары, құндылықтарымен мен қағидалары, жеке құраммен тәрбиелеу және білім беру форматтарын еңгізу бойынша, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ішкі істер мен Қорғаныс министрліктер мекемелерінің тәрбиелеу және әлеуметтік құқық жұмыстарын жүргізетін қызметкерлеріне білім беру болып табылады.

Мектеп міндеттері:

1) «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мазмұны мен құндылықтарының насихатын арттыру;

2) Бағдарламаны қолдаушылар санының өсуі;

3) Тәрбиешілер мен әлеуметтік-құқықтық қызметкерлер арасында Бағдарламаның құндылықтары контекстінде ақпараттық-түсіндіру әдіснамалық негіздерін жетілдіру;

4) Патриотизмнің өсуі және ұлттық бірегейліктің нығаюы;

5) Бағдарламаның құндылықтарына сәйкес Қорғаныс, Ішкі істер министрлігі және Ұлттық қауіпсіздік комитеті ұйымдары қызметкерлерінің әлеуметтік мінез-құлқының өзгерту және жаңа әлеуметтік мәдениет қалыптастыру;

6) Бағдарлама құндылықтарына сүйене отырып, Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі және Ұлттық қауіпсіздік комитеті ұйымдары қызметкерлерінің әлеуметтік мәдениетін қалыптастыру.

Іске асыру тетігі.

1. Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер, Қорғаныс министрліктерінің мекемелері тәрбие және әлеуметтік-құқық қызметкерлеріне «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидалары мен бағыттары жайында білім беру іс-шараларын ұйымдастыру бойынша «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты әдістемелік құралдарды әзірлейді.

2. Бөлім қызметі аясында ведомстволық бағыныстағы оқу орны негізінде мектеп құру туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Ішкі істер министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне АҚДМ-нан хат (мысалы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің академиясы және / немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Әскери институты, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті - Ұлттық қорғаныс университеті) жолдау. «Елбасы», Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті академиясы) әзірленген әдістемелік материалдарға сәйкес «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидааттары мен бағыттары бойынша талқылау және оқыту.

3. Ақпарат және қоғамдық даму, Қорғаныс, Ішкі істер министрлігі, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісе отырып мақсатты топқа білім беру

іс-шараларының күнтізбелік жоспарын әзірлеп, іс-шаралар форматының мазмұнын анықтау.

4. Іс-шаралардың форматы: мәдени шығармашылықтың (музыка, халықтық қолөнер және т.б.) инновациялық форматтарын талқылайтын белгілі философтар, тарихшылар, мәдени және өнер қайраткерлері, жазушылар, ақындардың қатысуымен өтетін дәрістер, вебинарлар, практикалық семинарлар, конференциялар. тұрақсыздық пен тұрақты өзгерістер дәуіріндегі адамның тұлғасы мен тағдыры туралы әңгімелер, патриотизмнің маңыздылығы және жаһандану жағдайында Отанға қызмет ету міндеті және т.б.), қазақ халқының философиялық және тарихи шығу тегі туралы түсіндірме бере отырып, ұлттық бірегейліктің қалыптасуы және т.б.

5. Nudge-технологиясын талқылау және оларды оқушылар арасында қолдану.

Күтілетін нәтиже:

- Қорғаныс, Ішкі істер министрлігі, ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің жеке құрамының, тәрбие және әлеуметтік-құқық жұмыс қызметкерлері арасында Бағдарламаның мазмұны туралы ақпараттандырылу артады;

- Бағдарлама қағидаларына сәйкес ҚР жеке құрамының және тарбиелеу мен әлеуметтік-құқықтық жұмыс қызметкерлері арасында әлеуметтік мінез-құлықтың жаңа ойлау моделдерін трансляциялау арқылы өзгерту, сонымен қатар жана әлеуметтік мәдениетті қалыптастыру;

- Қорғаныс, Ішкі істер, Ұлттық қауіпсіздік комитеті саласында Бағдарлама амбасадорларының тобын қалыптастыру.

Көрсеткіштер:

2021 жылы бағдарламаның қағидаларымен танысқан ҚР Ішкі істер, Қорғаныс министрлігінің және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жеке құрамының және тарбиелеу мен әлеуметтік-құқықтық жұмыс қызметкерлерінің саны 75% көбейеді.

Бағдарламаның формалды емес идеологтарың пулы көбейеді.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысына тартылған ҚР Ішкі істер, Қорғаныс министрлігінің және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жеке құрамының және тарбиелеу мен әлеуметтік-құқықтық жұмыс қызметкерлердің саны көбейеді.



Жетістіктерге жету оқиғаларын ілгерілету мақсатында «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы жеңімпаздарымен кездесулер циклін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихы әдетте кұрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында қалып қояды. Шын мәнінде, Қазақстанның әрбір

жетістігінің артында алуан түрлі тағдырлар тұр. Біз «Жаныңда жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама азаматтарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш», - деді.

Елбасы ұсынған бағдарламаның негізгі мақсаттарының бірі – үшінші жаңғыру жылдарына қадам басқанған дейінгі Қазақ елінің тарихы, оның дамуы мен жетістіктері және сол жетістіктерге жетуге мүдделі болған әрі үлес қосқан тұлғалардың өмірін насихаттап, оларға лайықты құрмет көрсету.

Сол мақсатта Елбасының тікелей бастамасымен «100 жаңа есім» арнайы бағдарламасы қолға алынып, 2017 жылдан бастап өткізіліп келеді. Осы жылдар ішінде құрметтелуге лайық есімдер анықталып, олардың мемлекет алдында жасап жүрген істерін одан әрі кең ауқымда жасауға деген ықыласын арттырып, өзге қоғам мүшелеріне жоба жеңімпаздарының өмірі мен жетістікке жету жолын үлгі етіліп келеді. Жоба жаңғыруға ұмтылған жаңашыл қоғамға тың серпіліс, жаңа леп сыйлады.

2019 жылы да аталмыш жоба өз жалғасын тауып, мыңға жуық тағылымды ғұмыр иелерінің есімдері мен ғұмырнамалары ұсынылып, соның ішінен ең үздік әрі жоба шарттарына сәйкес деп табылған есімдер анықталды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын ең ірі идеологиялық саясат ретінде жүргізіп отырған үкімет бұл жылғы жеңімпаздардың есімдерін де кеңінен насихаттауды әрі оларға құрмет көрсетуді басты назарға алды.

Елшіл, патриот, өз құндылықтарын бағалай алатын, ерікті түрде жетістікке жетіп, мемлекеттік мүддені кеңінен орындауда атсалыса алатын жандардың қатарын көбейтіп, қоғамның жас мүшелерін тәрбиелеуде маңызды әрі ауқымды жоба – «100 жаңа есім» жобасы.

Жоба жұмыстарын жүргізетін әрі насихаттайтын шараларының бірі – жеңімпаздарымен кездесулер өткізу.

Мақсаты. Тәуелсіздік дәуірінде еліміздің көркеюіне үлес қосып, ақылымен, дарынымен заманауи Қазақстанның алтын қорына енуге лайықты адамдарды көпшілікке таныту.

Міндеттері:

– тәуелсіз Қазақстанның көркеюіне лайықты есімдерді таныстырып, насихаттау;

– жобаға қатысушы жастардың тұлғалық және кәсіби тұрғыдан өсуі үшін жан-жақты қолдау көрсету;

– «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаларын орындауға ықпал ету.

Іске асыру механизмдері. Барлық өңірлерде салаларына сәйкес жоба жеңімпаздарымен кездесулер ұйымдастырылу қажет.

БАҚ-тар мен әлеуметтік желілерде жеңімпаздардың табыс жолын насихаттайтын ақпараттар мен бағдарламалар дайындалып, ақпарат беттерінде үздіксіз жариялану керек.

Әлеуметтік желі қолданушылары арасында #жаңаесім, #танисызба?, #үздікесім хэштегтері бойынша челенджер бастау қажет.

Кездесудің өтетіндігі жөніндегі ақпараттар мүмкіндігінше кеңінен насихатталуы керек.

Жеңімпаздарға жеке-жеке жетістік жолынан сыр шертетін деректі фильмдер түсіру қажет.

Жетістікке жеткендердің өмірлерін үлгі ететін жастардың қатарын көбейту мақсатында олармен шеберлік сағаттары, бенефис-кештер ұйымдастыру керек.

Күтілетін нәтиже:

– «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мақсаттарының орындалуына, мақаланың мән-маңызының насихатталуына үлкен үлес қосылады;

– жетістікке жеткен тұлғаларға қарап дамитын, жолын үлгі ететіндердің қатары көбейеді;

– түрлі салаларда жетістікке жетіп, ел дамуына өз үлесін қосатын қазақстандықтардың саны артады;

– жобаға қатысушыларға ақпараттық қолдау жасалып, танымал етудің жаңа мультимедиалық алаңы қалыптасады.



Мұқтаж адамдарға одан әрі бөлу үшін киім-кешек пен заттарды жинау жөніндегі қайырымдылық іс-шаралар кешенін іске асыру (барлық аудандарда, қалаларда арнайы орталықтар ашу мүмкіндігін қарастыра отырып) бойынша ұсынымдар

Кез келген мемлекет сияқты Қазақстанның алдына қойған биік мақсаттарының бірі – халықтың әл-ауқаты, тұрмысының түзелуі. Сәтті экономикалық даму мен елде жүргізіліп отырған әлеуметтік саясатқа қарамастан күнделікті өмірде қажетті киім-кешек пен негізгі қажеттіліктерді сатып алу мүмкіндігі жоқ, әлеуметтік қамсыздандыруда төмен деңгейлі азаматтар санаты бар.

Ел тарихында өмірлік қиындықтарға тап болған, мұқтаж жандарға, әлеуметтік тұрмысы төмен ағайын-туысқа ұжымдық тұрғыда көмектесіп, материалдық жағынан қолдау көрсеткен фактілер жетерлік. Осындай игі, үлгі боларлық дәстүрлердің бірі «**асар**» дәстүрі. Адамдар жиналып, мұқтаж адамға қол күшімен көмек көрсетеді. Сонымен қатар, қазақта «**жылу жинау**» деген жақсы дәстүр бар. Оқыс жағдайларға (өрт, тасқын т.б.), өмірлік қиындықтарға тап болған адамдарға материалдық, моральдық, қаржылай тұрғыда көмектесу. Тек ағайын-туысы ғана емес, ел болып, ауыл болып көмек қолын созу жылу жинау дәстүрінің негізгі мақсаты. Қайырымдылық ретінде мал, құрылыс материалдары, киім-кешек, ақша т.б. беріледі. «**Белкөтерер**» қарттарды қонақ

етуге бағытталған дәстүр. Қарияларға арнап бастысы жеңіл әрі пайдалы (қазы, жент, қымыз, ірімшік т.б.) тағамдар әзірленеді. Қарттарға қайырымдылық ұйымдастыру міндеті бала-шағаларына, жақын туыстарына кейде көрші-қолаңға жүктеледі. «Белкөтерер» дәстүрі қарт адамдарға қамқорлық жасаудың жарқын үлгісі.

Соңғы жылдарда Қазақстан халқы орын алып жатқан түрлі мәселелер, өмірлік қиындықтар, маңызды әлеуметтік проблемаларды шешу барысында жоғарыда атап өткен салт-дәстүрлерді талай мәрте көпшілікке таныстырып, насихаттап келеді. Мысалға Арыста болған оқиғадан кейін Түркістан облысында ауыл тұрғындарына арнап азық-түлік, киім-кешек жиналды. Нұр-Сұлтан қаласында балалардың өмірін алып кеткен өрттен кейін халық қайырымдылыққа қаржы жинап, қара жамылып отырған отбасына баспана алып берді. Мемлекеттік емес ұйымдардың қатысуымен көптеген акциялар ұйымдастырылып, әлеуметтік тұрмысы төмен отбасылар мен жағадайы нашар адамдарды киім-кешек, азық-түлікпен қамтамасыз етіп келеді.

Мұқтаж адамдарға осындай негізде көмек көрсетуді қолдау мен ауқымын кеңейтудің маңызы жоғары. Мұндай салт-дәстүрлер халықты біріктіріп, қамқорлық жасауға, айналасындағы адамдарға көрсетуге шақырады. Қайырымдылық мәдениет қалыптастыра отырып, маңызды проблемаларды ұжымдық тұрғыда шешуге бағыт бағдар береді.

Шараның мақсаты - өңірлерде, қалаларда, аудандарда мұқтаж жандарды одан әрі де қажетті заттар мен киімдермен қамтамасыз ету мақсатында кешенді қайырымдылық акциялары мен шараларды өткізіп, арнайы орталықтар ашуды қарастыру.

Шараның міндеттері:

- халықтың қайырымдылық жасау мәдениетін көтеру;
- өмірлік қиын жағдайларға тап болған жандарға көмек қолын созу;
- қайырымдылық көмек көрсетуді орталықтандыру жүйесі арқылы жасау.

Іске асыру тетіктері:

Шаралар аясында әр аудандық орталықта, қалалар мен облыс орталықтарында мамандандырылған орталықтар ашу (дағдарыстық жағдайға байланысты ҮЕҰ аясында жұмыс істеуде қарастыру).

1. Орталықтың негізгі міндеті – сараптау, жинау және мұқтаж жандар туралы ақпараттарды жүйелендіру, сондай-ақ, көмек көрсету мақсатында киім-кешек пен өзге де қажетті тұрмыстық заттарды жинауды ұйымдастыру. Оны БАҚ-көздері арқылы халыққа жариялай отырып, жиналған заттарды мұқтаж адамдарға тарату. Көмек көрсетілген жандардың пікірін БАҚ арқылы көрсету.

Орталықтың ережесін әзірлеуді қарастырып, мұқтаж адамдарға көмек көрсетудің талаптарын бекіту. Заттарды жинаудың бір жылдық жоспарын әзірлеу.

2. Жергілікті атқарушы органдар негізгі қажеттіліктерді (киім және тұрмыстық заттар) жинау және таратуға арналған пункттерінің қызметін

ұйымдастыру мақсатында бюджеттен қаражатты мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде немесе гранттық қаржыландыру аясында қарастыруы керек.

Қажетті заттарды жинау пункттері әр облыс пен аудан орталығында ұйымдастырылуы керек.

3. Аптаның әр күніне есептелген бағдарлама бойынша мұқтаж адамдарға көмек көрсету үшін ҮЕҰ өкілдерінің қатысуымен маусымдық мейірімділік апталарын өткізу мүмкіндігін қарастыру қажет.

4. Әр түрлі сала өкілдерінің (кәсіпкерлер, саясаткерлер, қоғам қайраткерлері және ғалымдар) қатысуымен мұқтаж адамдарға қаражат жинау үшін қайырымдылық кештерін ұйымдастыруды және өткізуді қарастыру.

Іске асыру мерзімі: жыл көлемінде.

Күтілетін нәтижелер:

- ✓ әлеуметтік осыл топтарға қолдау көрсетіледі;
- ✓ аймақтардағы әлеуметтік шиеленісті төмендету;
- ✓ Бірыңғай Орталық құру арқылы халыққа көмек көрсету қызметі жүйеленеді.

Көрсеткіштер:

Әр өңірде қайырымдылық көмек көрсетілген отбасылардың саны 500

Қайырымдылық қызметіне тартылғандардың саны - 1000 адам.

Құрылған Орталықтар саны – әр ауданның орталығында, қалада, облыс орталығында 1-ден кем емес. (халықтың орналасу тығыздығына байланысты).



Бюджеттік сала ұйымдарында «Прагматизм» біздің өмірімізде» акциясын өткізу (энергия үнемдеу жөніндегі шараларды іске асыру) бойынша ұсынымдар

Прагматизм – өзінің ұлттық және жеке байлығын нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағын жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердендікке жол бермеу. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі-орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді. Прагматик тұлға үйренуден жалықпайды, зейін-түйсігін тәрбиелеумен болады. Кез келген істі ақылға салып, ұтымды жолын ойластырады.

Прагматизм «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі болып табылады және барлық қорды пайдалануда, мінез-құлықта ұстамдылық пен ұтымды мінез-құлық мәдениетін білдіреді. Бұл өз мақсатына назар аудара отырып, ұтымды өмір сүре білу және білім мен кәсіби қызмет арқылы оларға қол жеткізу.

Бағдарламаны тиімді іске асыру үшін Қазақстан тұрғындарының дүниетанымы мен әдеттерін өзгертуге мүмкіндік беретін прагматикалық мәдениетті қалыптастыратын жүйелі жұмыс жүргізу қажет.

Осы бағыттағы жұмыстар өмірдің түрлі салаларында ұтымды мінез-құлық мәселесі бойынша кең ақпараттық насихат пен түсіндіру іс-шараларын іске асыру арқылы жүргізілуі тиіс.

Осылайша, осындай іс-шаралардың бірін энергия үнемдеу мәселесі бойынша өткізуге болады.

Мақсаты – энергия қорын пайдалану мәселелерінде ұтымды мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.

Міндеттері:

- бюджеттік сала қызметкерлерін қуат көздерін ұқыпты және ұтымды қарау мәселесі бойынша кеңінен ақпараттандыру;
- қуатты үнемдеу мәселелерінде ұтымды тәртіпті қалыптастыруға бағытталған акцияларды ұйымдастыру және өткізу;
- қуат көздері қорлары қаржы-қаражатын жұмсау мәдениетіне бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру.

Іске асыру механизмдері:

✓ Бюджеттік ұйымдарда қуат қорларын ұқыпты пайдалану бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын іске асыру.

✓ «Қуатты үнемдеу әліппесі» жалпы облыстық акциясын өткізу. Қуат қорын тиімді пайдалану мәселелері бойынша бюджеттік сала қызметкерлері үшін ақпараттық-дәрістер ұйымдастыру және өткізу.

✓ «Жер сағаты» халықаралық акциясын жыл сайын наурыздың соңғы сенбісінің бірінде насихаттау, бюджеттік сала қызметкерлерін белсенді түрде тарту.

✓ Қуат қорларына жеке қаржы қорларын үнемді және дұрыс жұмсау мәселесі бойынша «PROtenge» кең ақпараттық кампаниясын өткізу. Прагматизмді және қуат қорлары қаржы-қаражатын ұтымды пайдалануды насихаттайтын уәждемелік-ақпараттық іс-шараларды өткізу тәжірибесі бар сарапшылар тобын дайындау қажет.

✓ Жұмыс орнында қуат көздерін үнемдеу бойынша байқауларды тұрақты негізде ұйымдастыру және бюджеттік сала ұйымдары басшылары тарапынан прагматикалық қызметкерлерді ынталандыру.

✓ Бюджеттік сала ұйымдарында ақпараттық билбордтарды орналастыру «Сен жарықты сөндірің бе?!», «Шүмекті ашық қалдырмаңыз – бұл біздің ақшамыз кәрізге ағады», «Қағазды ысырап қылма – орман жойылады!» және басқалар.

Іске асыру мерзімі: жыл бойы.

Күтілетін нәтижелер:

✓ Халық арасында қуатты үнемдеу бойынша кең көлемде насихаттау жұмысын жүргізу.

✓ Бюджет саласының қызметкерлеріне қуатты үнемдеудің қажеттілігі мен әдістері туралы хабардар ету.

✓ Білім беру компоненті арқылы халықтың қаржы қорларын саналы жұмсау деңгейін арттыру.

Көрсеткіштер:

Тұрғындарды қамту – 500 000 адамнан кем емес. «Қуатты үнемдеу әліппесі» кем дегенде 3 облыстық акция өткізу.



**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырудың
3 жыл ішіндегі қорытындысын шығару және одан арғы
перспективаларын айқындау жөніндегі іс-шаралар
кешені бойынша ұсынымдар**

2020 жылғы 12 сәуірде Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының жарияланғанына 3 жыл толады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру жылдарында тарихи ескерткіштер мен қасиетті жерлерді қалпына келтіру, қазақстандық мәдениетті дамыту және танымал ету, туған өлкені дамытуға меценаттар мен демеушілерді тарту, әлеуметтік мәселелерді шешу және т.б. бойынша 93 мыңнан астам іс-шаралар өткізілді.

Іс-шаралардың негізі денін жергілікті атқарушы органдар жыл сайын кемінде 12 млн. адамды қамти отырып іске асырған.

Жергілікті атқарушы органдардың қоғамдық сананы қалыптастырудағы рөлі өте жоғары және жергілікті деңгейде мұқият қарауды талап етеді.

Әкімдіктер «Рухани жаңғыру» өңірлік жобалық офистерін (бұдан әрі – ӨЖО) құрды, олардың қызметкерлері жергілікті жерлерде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді және Бағдарлама шеңберінде арнайы жобалар мен іс-шараларды іске асыруды үйлестіреді.

Жергілікті атқарушы органдар Бағдарламаны іске асырудың тиімділігін арттыру үшін ӨЖО қызметін үнемі жетілдіріп, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жақсарту маңызды.

Іс-шараларды өткізу барысында 3 жыл ішінде Бағдарламаны іске асырудың қорытындысын шығаруға және өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып, алдағы жоспарларды қалыптастыруға баса назар аудару қажет.

Барлық атқарылған жұмыстар БАҚ және әлеуметтік желілерде кеңінен жариялануы тиіс.

Осылайша, 3 жылдың негізгі қорытындыларын шығаруға бағытталған іс-шаралар кешенін өткізу қажет.

Мақсаты – 3 жыл көлемінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру нәтижелерін шығару, дамудың жаңа басымдықтарын анықтау және өңірлік деңгейде ұзақ мерзімді жоспарларды құру.

Міндеттері:

- 3 жыл ішінде Бағдарламаны іске асырудың қорытындысын шығару;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруға халықты тарту;
- бағдарламаны тиімді ілгерілетуде білім мен озық тәжірибе алмасу;

- бағдарламаны іске асыруға бағытталған құрылымдардың өңірлік деңгейде тиімді өзара іс-қимылын дамыту.

Іске асыру механизмдері:

Бағдарламаның 3 жылдығына арналған іс-шараларға қатысу үшін ғылыми қоғамдастықтың, мемлекеттік органдардың өкілдері, оны іске асыруға қатысатын азаматтық қоғамның өкілдері тартылуы тиіс. Халықаралық сарапшыларды тартуға болады.

«Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты КеАҚҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен бірлесіп Бағдарламаны жүзеге асырудың аралық қорытындысы бойынша халықаралық және отандық сарапшылардың қатысуымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы - Тәуелсіз Қазақстанның жаңғыруының негізі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізеді.

Келесі күні Мәдениет және спорт, Білім және ғылым министрліктеріне бағдарламаны өз бағыты бойынша іске асыру қорытындыларын кең көлемде қамтитын іс-шара өткізу ұсынылады.

Бұдан әрі өңірлер Бағдарламаны іске асырудың қорытындысын шығаруға арналған іс-шаралар кешенін өткізуге қосылады. Өз іс-шараларын өткізген кезде облыстардың, сондай-ақ Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары әкімдіктері ӨЖО-мен бірлесіп бағдарламаның арнайы жобаларын іске асыру нәтижелеріне назар аударуы және қол жеткізілген жетістіктер бойынша көрнекі материалдар шығаруды көздеуі қажет.

Өткізуге келесі іс-шаралар ұсынылады.

- 17 сәуірден бастап барлық ұйымдарда **«Рухани жаңғыру» күндерін** өткізу. Ұйымдарда ӨЖО кездесулерінің кестесі жасалады. Кестеге сәйкес бағдарламаның негізгі бағыттарын, оның мәнін және негізгі жетістіктерін түсіндіру бойынша ұжыммен кездесулер өткізіледі. Көрнекі материалды дайындау кезінде нақты өңірдің нәтижелеріне назар аудару қажет. Іс-шаралар халық арасында бағдарламаның оң имиджін қалыптастыру, сондай-ақ азаматтардың оның негізгі бағыттары мен міндеттері туралы хабардар болу деңгейін арттыру мақсатында өткізіледі. Ақпараттық жұмысқа халық арасында танымал және құрметке ие беделді көшбасшыларды тарту ұсынылады.

- **12 сәуір – «Атадан мал қалғанша, тал қалсын»** акциясы. Бұл акцияның мақсаты – ұрпақтардың табиғатқа ұқыпты қарауында сабақтастық дәстүрлерін қалыптастыру болып табылады.

- **«Тұлғаның дамуы - елдің дамуы»** атты сурет көрмесі.

Мектепте, ЖОО-да суреттер конкурсы өтеді. Байқау жеңімпаздарының жұмыстары облыстық кітапханаларда, көркем залдарда, мұражайларда, ірі сауда орталықтарында және т.б. (келісім бойынша орын) қойылады. Үздік жұмыстар өңірлердің қала көшелеріндегі банерлерде аты-жөні көрсетіліп, бағдарламаның логотипімен банерлерінде орналастырылады.

- **«Жаңғырудың 10 маңызды ісі»** - көрнекілік материал шығару. Материалда «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында өңірдің

10 маңызды жетістіктері туралы фото-суреттер, пікірлер, көрнекіліктері бар ақпарат бар.

- **«Рухани жаңғыру: жастар идеологиясы»** тақырыбында дебат турнирін ұйымдастыру және өткізу. Іс-шараға әртүрлі дебаттық клубтардың өкілдері тартылады. Төреші ретінде қоғамдық пікір көшбасшылары, ӨЖО өкілдері және әкімдіктер, ғылыми қоғамдастықтың өкілдері қатысады. Дебаттар қазақ және орыс тілдерінде өтеді. Әр оқу орны деңгейінде іріктеу турлары өткізіледі, содан кейін жартылай финалға іріктеу жүргізіледі және аймақ деңгейінде екі лигада (қазақ және орыс) финал өткізіледі. Жеңімпаздар естелік сыйлықтармен марапатталады.

- **«Рухани жаңғыру: қайта ретке келтіру 3.0»** телебағдарламасын шығару - телехабарлар аясында маңызды мемлекеттік ұйымдардың 3-4 өкілі, қоғамдық пікір көшбасшылары (ҮЕҰ, партиялар, қоғам қайраткерлері) шақырылады. Кездесу барысында бағдарламаның негізгі жетістіктері мен өзекті мәселелері талқыланады. Іс-шара тікелей эфир түрінде өтеді және әр тұрғын студияға қоңырау шалып, сұрақ қоя алады.

Іске асыру мерзімі: жыл бойы.

Күтілетін нәтижелер:

Қорытынды жасау арқылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 3 жылдық жұмысын іске асырылу нәтижелеріне талдау жасауға, өзекті мәселелерді және әр өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып, болашаққа жоспар белгілеуге мүмкіндік береді.

Қорытынды бойынша өңірде бағдарламаны тиімді іске асырудың одан әрі жолдары айқындалатын болады.

Көрсеткіштер:

Іс-шараларды қамту әр өңірде кемінде – 1 млн. адам.

Өткізілген іс-шаралар саны – 5-тен кем емес.



**«Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде
3 жылға бекітілген арнайы жобалардың іске
асырылу қорытындыларын шығару және одан арғы
перспективаларын айқындау жөніндегі іс-шаралар
кешені (ірі ғылыми орталық, университет базасында) өткізу
бойынша ұсынымдар**

2020 жылдың сәуір айында Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының жарияланғанына 3 жыл толады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын республикалық деңгейде іске асыруға жауап беретін негізгі мемлекеттік органдар Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі («100 жаңа есім», «Туған жер» бағдарламасының орындалуын үйлестіретін мемлекеттік орган ретінде), Мәдениет және спорт

(«Қазақ тілінің латын әліпбиіне кезең-кезеңмен көшу», «Жаһандағы заманауи мәдениет», «Түркі әлемінің генезисі», «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі», «Архив-2025» арнайы жобаларына жауапты), Білім және ғылым («Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы») аталған мемлекеттік органдар жергілікті атқарушы органдарға тікелей Бағдарламаны іске асыру қарқыны мен сапасын береді.

Осыған байланысты арнайы жобаларды және жалпы Бағдарламаны іске асыруда тиімді кәсіби көзқарас маңызды.

Мәдениет және спорт, Білім және ғылым министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдардың тармақталған құрылымы бар, ол жерде халықтың ең көп бөлігі еңбек етеді.

Сондықтан орталық мемлекеттік органның «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қажеттілігі мен маңыздылығын нақты түсінуі маңызды.

Бағдарламаны одан әрі тиімді іске асыру үшін орталық мемлекеттік органдардың 3 жылдағы қорытынды жұмысының нәтижелері бойынша кең ауқымда түсіндіру жұмысын жүргізу қажет.

Осылайша 3 жылдың негізгі қорытындыларын шығаруға бағытталған іс-шаралар кешенін өткізу қажет.

Мақсаты – бағдарламаны іске асыру нәтижелерін шығару, дамудың жаңа басымдықтарын айқындау және алдағы уақытқа арналған ұзақ мерзімді жоспарлар құру.

Міндеттері:

- 3 жыл ішінде Бағдарламаны іске асыру қорытындысын шығару.
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша өзекті мәселелерді талқылау;
- бағдарламаны тиімді іске асыруда білім мен озық тәжірибе алмасу;
- келешектегі жоспарларды талқылау;
- бағдарламаны іске асыруға тартылған құрылымдардың тиімді өзара іс-қимылын дамыту;

Іске асыру механизмдері:

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ-мен бірлесіп Бағдарламаны жүзеге асырудың аралық қорытындысы бойынша халықаралық және отандық сарапшылардың қатысуымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы - Тәуелсіз Қазақстанның жаңғыруының негізі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізеді.

Келесі күні Мәдениет және спорт, Білім және ғылым министрліктеріне бағдарламаны өз бағыты бойынша іске асыру қорытындылары бойынша кең көлемде қамтитын іс-шара өткізу ұсынылады.

Іс-шара гуманитарлық бағыттағы ірі ғылыми орталықтар, университет базасында өткізілуі тиіс.

Шараға қатысу үшін ғылыми қоғамдастықтың, «Рухани жаңғыру» іске асыруға қатысатын мемлекеттік органдардың өкілдері және азаматтық

қоғамның өкілдері тартылуы тиіс. Халықаралық сарапшыларды тартуға болады.

Мәдениет және спорт министрлігі мен Білім және ғылым министрлігі өз іс-шараларын өткізу кезінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының арнайы жобаларын іске асыру нәтижелеріне назар аудару және іске асырылған бағдарламалар мен қол жеткізілген нәтижелер бойынша көрнекілік материалдар шығаруды қарастыру қажет.

Іске асыру мерзімі: бір жылдың ішінде.

Күтілетін нәтижелер:

Қорытынды жасау арқылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 3 жылдық жұмысын іске асырылу нәтижелеріне талдау жасауға, өзекті мәселелерді және әр өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып, болашаққа жоспар белгілеуге мүмкіндік береді.

Қорытынды бойынша бағдарламаны тиімді іске асырудың одан әрі жолдары айқындалатын болады.

Көрсеткіштер:

Қатысушылар саны – 100-ден кем емес.

Жүргізілген іс-шаралар саны кемінде – 2.



tylek.kz сайты арқылы түлектер арасында өзінің туған өңірін, оқу орнын қолдау жөнінде іс-шаралар өткізу (спорт алаңдарын салу, компьютерлік сыныптарды сатып алу және т. б.) бойынша ұсынымдар

Тұрақты өзгертін әлемнің қазіргі болмысында және дәстүрлі құндылықтардың ауысу жағдайында қазақстандықтардың құндылықты ұстанымдарын қалыптастыру жүйесі өте жауапты және көп еңбекті қажет ететін процеске айналды. Жастардың бойында қалыптасқан идеалдар мен құндылықтар қоғамның одан әрі дамуына үлкен әсер ететіні белгілі.

Кез келген мемлекеттің басым міндеттерінің бірі – Отанға деген сүйіспеншілік сезімін және туған өлкеге деген ерекше қарым-қатынасты нығайту, елдің мүддесін қорғауға және отанын гүлдендіруге ұмтылу арқылы патриоттық тәрбие беру болып табылады. Жастар санасын кеңейту және үздік тәжірибелерді қолдану арқылы жауапты және күшті адамдардың тобын құру үшін қазақстандық патриотизм мен жас қазақстандықтарды патриоттық рухта тәрбиелеудің мазмұнына жаңа серпін енгізуге мүмкіндік береді.

Отансүйгіштік өз жеріне, өз ауылына, қаласына, өңіріне деген сүйіспеншіліктен басталады. 2017 жылы қабылданған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының маңызды бағыты «Туған жер» жобасын іске асыру болып табылады.

Бұл тұста Шығыс Қазақстан облысының тәжірибесі көпке үлгі. Шығыс Қазақстан облысындағы білім басқармасы жанында tylek.kz сайт әзірленіп,

жұмыс істейді. Оның мақсаты – бұрынғы мектеп түлектерінің туған ауылының, мектебінің қажеттіліктеріне назарын аудару.

Өзінің туған аймағын, оқу орнын қолдау бойынша түлектер арасында іс-шаралар өткізу (спорт алаңдарын салу, компьютерлік сыныптар мен т. б. сатып алу) сайт арқылы tulek.kz қазіргі заманғы қазақстандық патриотизмді қалыптастыру бойынша икемді жүйенің маңызды құрамдас элементтерінің бірі.

Бұл іс-шаралар кешені туған өлкеге құндылық қарым-қатынасқа ықпал етуге, табысты жерлестер үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға, жастарға туған жерін дамытуға араласуға көмектесуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты Шығыс Қазақстан облысының туған өлкені және өзінің оқу орнын қолдау бойынша тәжірибесін қолдану, бағдарлама тұжырымдамасына сәйкес отанға деген құрмет сезімін қалыптастыру жас азаматтардың патриоттық сана-сезіміне және мінез-құлқына кешенді ықпал ету. Осы тәжірибені ҚР Республикалық маңызы бар қалған 14 облыста және 3 қалада tulek.kz сайты арқылы білім басқармаларының базасында енгізу ұсынылады. Өзінің туған аймағын, оқу орнын жалпы республикалық деңгейде қолдау жөніндегі іс-шаралар кешенін жариялау.

Өз туған өлкесін, оқу орнын қолдау бойынша іс-шараларды өткізу мақсаты патриоттық сезімнің саналы көріністерін арттыру, жас азаматтардың отанына қолдау және әлеуметтік құрмет көрсету.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- 1) «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Туған жер» жобасы арқылы қазақстандық патриотизмнің негізгі құндылықтарын насихаттау;
- 2) жастар арасында қайырымдылық қызметі, меценаттық және т.б. сияқты «Мейірімді істер» форматтарын көпшілікке тарату.
- 3) барлық өңірлерді тарта отырып tulek.kz дамыту платформасы енгізу;
- 4) платформаның қызметін қамтамасыз ету tulek.kz ақпаратты тұрақты ұсыну және деректерді өзектендіру арқылы жүзеге асырылады.

Іске асыру механизмдері:

1. Өзге өңірлер үшін ШҚО ішкі саясат басқармасы 2020 жылға арналған жұмыс жоспарында tulek.kz платформасының тұсаукесерін өткізуді қарастыру;

2. Әрбір өңірдің жергілікті атқарушы органы tulek.kz платформасын енгізу бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізеді;

3. Жауапты органдар өзінің туған аймағын, оқу орнын қолдау үшін (спорт алаңдарын салу, компьютерлік сыныптар мен т. б. сатып алу) түлектерді іздеу және іріктеу жұмыстарын жасайды;

4. Іздестіру шеңберінде әрбір өңір көшбасшылар пулын қалыптастырады, олар өз шығарылымдарының арасында белсенді ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына қосылады;

5. Өткізілетін жұмыстар туралы ақпарат белгілі қоғам қайраткерлерін, меценаттарды тарта отырып БАҚ-та кеңінен жариялануы тиіс;

6. Жауапты орган мектеп түлектеріне жүргізілетін жұмыс туралы мессенджерлерге жіберу үшін флеш баннерін дайындайды;

7. Өзінің туған жерін, мектебін немесе басқа да көмекті қолдауға үлес қосқан түлектер туралы қысқа роликтер шығару. Роликтер жергілікті телеарналарда, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ресми беттерінде әлеуметтік желілерде көрсету;

8. Өзінің туған жерін қолдауға үлкен үлес қосқан үздік түлектердің суретін баннерлерде орналастырылу.

Күтілетін нәтижелер:

- бағдарлама құндылықтарының контекстінде жас азаматтар арасында туған жерін дамытуға қатысты сезімін арттыру;

- жастардың назарын оқу орындарының қажеттіліктері мен туған жерлерінің мәселелерін шешуге жаппай тарту;

- «Туған жер» жобасы аясында өз өлкесіне қолдау көрсету.

Көрсеткіштер:

tylek.kz платформасы – 17 аймақта.

Әр өңірден кемінде – 20 басылым.

Түлектер саны – 100-ден кем емес.



Қоғамды дамыту мәселелері бойынша зиялы қауымды белсенді тарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және іске асыру (рухани-адамгершілік тәрбие, мәдени даму және т. б.) бойынша ұсынымдар

Азаматты тәрбиелеу – ұлттық жаңғыру шарттарының бірі. Азаматтық ұғымы өзіне, отбасына, ұжымға, туған өлкеге қатысты өз құқықтары мен міндеттерін игеруді және іске асыруды көздейді. Азаматты қалыптастыра отырып, біз ең алдымен, онда адамдық келбетті көруіміз керек. Азаматтық педагогикалық тұрғыдан алғанда – рухани-адамгершілікті және құқықтық борыштың бірлігі бар өзіндік жеке тұлға.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі ұлттық дәстүрлер бойынша білім беру, олардың адамгершілігін қалыптастыру, рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде мінез-құлық және өмір сүру тәжірибесі құрылады.

Рухани-адамгершілік тәрбие жалпы оқу-тәрбие барысының ажырамас бөлігі болып табылады.

Адамның тәрбиелілік талаптарының бірі оның мінез-құлық мәдениеті, әдебі, қарым-қатынас нормаларының жиынтығы. Мінез-құлық, қарым-қатынас мәдениеті адам бойында өмір бойы қалыптасады және дамиды: отбасында, балабақшада, мектепте, өзін-өзі тәрбиелеу барысында.

Жеке тұлғаны әлеуметтендірудің негізгі көрсеткіштері:

- дәстүрлі тұрақты мінез-құлық нормаларын білу;

- қызмет барысында мінез-құлықтың әдеб нормалары мен қарым-қатынас туралы түсінік;

- әдептің көрсеткіштік жүйесі.

Қазіргі жағдайда азаматтық, патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбиенің негізгі қағидаттары мен басымдықтарын анықтаудың жаңа тәсілдерін әзірлеу және іске асыру қажеттілігі айқын.

Мысалы, шығармашылық зиялылардың өмірлік тәжірибесін пайдалану жүргізіліп жатқан жұмыстың барлық кезеңін қайта іске асырады, өйткені жанды қарым-қатынас және өзара іс-қимыл процесі қазақстандықтардың жас буынына жеке тәжірибесіне негізделген Дағдылар мен білім алуға, әртүрлі көзқарастарды көруге, оқуға, үздіктерді алмастыруға, еліктеуге мысалдар табуға мүмкіндік береді.

Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында моральдық-адамгершілік, мәдени және басқа да рухани құндылықтарға ие жан-жақты тұлғаны қалыптастыру маңызды және қажетті. Бұл уақытта жастар арасында танымал және болашақ ұрпақтың санасын қалыптастыратын қазақстандық шығармашылық зиялы қауым өкілдері үлкен рөл атқарады.

Мақсаты – адамгершілік қасиеті жоғары, жауапты, шығармашыл, бастамашыл, өнегелі азаматтардың қалыптасуы мен дамуына жағдай жасау кезінде шығармашылық зиялы қауым өкілдерінің іс-тәжірибесін қолдану.

Міндеттері:

- өскелең ұрпақтың санасын қалыптастыруға шығармашыл зиялы қауым өкілдерін тарту;

- азаматтық бірегейліктің негіздерін қалыптастыру: өз Отаны үшін ортақтастық пен мақтаныш сезімін, білім алу көздерін кеңейту арқылы халықтың тарихы мен мәдениетіне деген құрметті қалыптастыру;

- аға-буын өкілдерінің үлгі-өнегесі арқылы әр оқушыға еңбекқорлықты, адам құқықтары мен бостандықтарын сыйлауды, қоршаған ортаға, табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікте тәрбиелеу;

- жастарды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көп ұлтты мемлекет жағдайында жалпы адамзаттық құндылықтарға тарту;

- белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру.

Іске асыру механизмдері:

Жергілікті атқарушы орган қоғамды дамыту (рухани-адамгершілік тәрбие, мәдени даму және т.б.) мәселелеріне шығармашыл зиялы қауым өкілдерін белсенді тарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді.

Жоспарға келесі іс-шаралар кіруі мүмкін:

1. Шығармашыл зиялы қауым өкілдері қатарынан тәлімгерлер пулын қалыптастыру: ғылым, өнер, өндіріс, спорт, экономика, денсаулық сақтау, қоғам қайраткерлері, жастар ұйымдарының өкілдері және басқа да беделді адамдар;

2. Тәлімгерлер пулына қатысушыларды тарта отырып тақырыптық клубтарды құру (ұлттық дәстүрлер, өнер, тарих және т. б.) және тұрақты кездесулер кестесін анықтау;

3. Тәлімгерлер пулына қатысушы жас авторлардың шығармашылығын алға жылжуына көмек көрсету;

4. Жас қазақстандықтарды мәдени және рухани байытуға бағытталған арнайы шаралар өткізу. Мысалы мұражайда немесе орталық кітапханада оқырмандар шығармашылығы туралы дәрістер, авторлармен кездесулер, қойылымдар, көрмелер, концерттер, шеберлік сабақтары және әдеби квесттер ұйымдастырылады;

5. Волонтерлік және қайырымдылық жобаларына жастар мен тәлімгерлер пулына қатысушылардың бірлескен қатысуын ұйымдастыру;

6. Мәдени даму, патриотизм, рухани-адамгершілік тәрбиемен байланысты мәселелерді жастармен талқылау үшін ART алаңын құру. Алаң жұмысы аясында шығармашыл зиялы қауым өкілдері мен жастар арасындағы сарапшыларға тең мүмкіндіктер беріледі;

7. Кино дәрістер өткізу (сұрақтар қою және фильм барысын техникаларының көмегімен қарау және талқылауды көздейді), патриотизм, тарих тақырыбына бейне дәрістер өткізу. Модератор ретінде- шығармашыл зиялы қауым өкілі болуы қажет. Фильмдерді көру арқылы көрермендермен сюжетті дамыту қырлары және олардың қалай түскені туралы пікір алмасады. Сонымен қатар көрермендер фильмнің кемшіл тұстарын бойынша сын айтып, өз ойларын айта алады.

Қоғамның даму мәселелеріне шығармашыл зиялы қауым белсенділерін тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілгеннен кейін (рухани-адамгершілік тәрбие, мәдени даму және т.б.) оны іске асыру басталады. Өткізілетін іс-шаралар БАҚ-та кеңінен жарияланады.

Күтілетін нәтижелер:

1. Бәсекеге қабілетті дағдыларды дамыту және қазақстандықтардың жас буынының мәдени дәстүрлері мен тарихын терең түсіну;

2. Отаншылдық пен туған өлкеге деген сүйіспеншілік деңгейінің өсуі;

3. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидалары арқылы жастардың бойында бейбітшілік пен арман-мұраттардың дұрыс бейнесін қалыптастыру.

Көрсеткіштер:

Шығармашыл зиялы қауым өкілдерінің саны әр өңірде кемінде – 50;

Әрбір өңірде 5000-нан кем емес жастарды тәжірибе алмасу барысына тарту;

Қосымша білім беру белсенділігінің жасалған нұсқаларының саны әр өңірде кемінде – 10.



Қоғамдық құндылықтарды дамыту бойынша үздік бастамаға (балалар, жастар) конкурстар ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсынымдар

XX және XXI ғғ. екінші жартысындағы қазіргі заманғы тәжірибе өскелең ұрпақтың саяси және әлеуметтік жаңғырудың қуатты ресурсы мен құралы болып табылатынын көрсетеді.

Ел алдында тұрған стратегиялық міндеттерді шешу жастардың қатысуымен мүмкін болады. Бұл туралы Тұңғыш Президент, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бағдарламалық мақалалары мен сөздерінде бірнеше рет атап өтілді. Оның қайта құруларға үлкен әлеуеті оның жас ерекшеліктеріне байланысты екені жалпыға мәлім. Бүгінде елімізде түрлі салаларда жастар мен балаларды қолдауға бағытталған түрлі тиімді бағдарламалар жұмыс істеуде.

Бүгінгі күні Тәуелсіз Қазақстанда туған кешегі өткен кезең мен дәуір тарихынан хабары аз ұрпақ өсіп келеді. Сол себепті осы кезеңде жастарды мемлекеттік құрылым процесіне тарту маңызды.

Бүгінгі таңда біз әлемнің көрінісіне және қазақстандықтардың өсіп келе жатқан ұрпағының құндылықтық бағдарларына кейіннен ел мен қоғамның дамуына өз үлесін қосуға ұмтылатын бәсекеге қабілетті және патриоттық ұрпақ қалыптастыру үшін қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының негізгі ережелеріне сәйкес ықпал етуге тиіспіз.

Мақсаты – қоғамдық құндылықтарды дамыту бойынша ең жақсы бастамаға (балалар, жастар) байқауларын танымал ету және күнделікті тәжірибеде біріктіру.

Міндеттері:

- қоғамдық үдерістерге қатысу сезімін қалыптастыру;
- жауапкершілік сезімін қалыптастыру;
- soft skills дамыту;
- шығармашылық және зияткерлікті дамыту үшін жағдай жасау;
- жастар арасындағы көңіл-күйді бағалау;
- жастар мен балалар арасында трендтер мен қызығушылықтарды анықтау;
- осы жас топтарының мінез-құлқының әртүрлі үлгілерін құрастыру (соның ішінде теріс және позитивті).

Іске асыру механизмі:

1. ҚР Білім және ғылым студент жастар және мектеп оқушылары арасында конкурс өткізу.
2. Оқушылар арасында қоғамдық құндылықтарды дамыту бойынша ең жақсы бастамаға (балалар, жастар) конкурс туралы ережені әзірлеу.
3. Жергілікті жерлерде оқушыларға қоғамдық құндылықтарды дамыту бойынша өз бастамаларын қалыптастыруға көмектесетін сарапшы-тәлімгерлер пулын құру.
4. Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар «Рухани жаңғыру» өңірлік жобалық офистері тағылымдамадан өту мүмкіндігіне ие болады.

Күтілетін нәтиже:

- жас ұрпақты бағдарламаны іске асыруға субъект және қозғаушы күш ретінде тарту.

- табысты кейстер базасын қалыптастыру және жастар арасында қоғамдық құндылықтарды біріктіру.

- жас ұрпақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Іске асыру мерзімі: бір жылдың ішінде.

Көрсеткіштер:

Қатысушылар саны - 10 000 адамнан кем емес;

Қазақстандық жас буын өкілдері арасынан бағдарламаның оң өзгерістерінің агенттері, бейресми идеологтар пулының санын арттыру.



Мұқтаж отбасыларды қолдау, жетім балаларға, мүгедек адамдарға, қарт адамдарға және т.б. көңіл бөлу бойынша «Жасампаз мейірімділік күші» әлеуметтік акциясын өткізуді ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

Бүгінгі күні елімізде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге үкіметтік емес ұйымдар тартылуда. Мәселен, 2019 жылғы 1 қаңтарға арнайы әлеуметтік қызметтерді ұсыну бойынша әлеуметтік тапсырыс 17 өңірде жүзеге асырылды және оған жалпы көлемі 11 мың адам қамтылды. Сонымен қатар, бұл жұмыс гранттық қаржыландыру тетігі, демеушілердің қайырымдылық көмегі арқылы жалғасуы тиіс. Көп адамдарды өзара көмек, қайырымдылық құндылықтарын қолдауға тарту үшін мұқтаж отбасыларды қолдау, жетім балаларға, мүгедек адамдарға, қарт адамдарға көңіл бөлу бойынша «Жақсылықтың жасампаз күші» әлеуметтік акциясын өткізу маңызды.

Осы бағыттағы қоғамдық бастаманың мысалы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенттері Әл-Фараби мерейтойы жылында бастаған челлендж «Қайырымды қоғам» болып табылады. Жоба жастар арасында волонтерлік қозғалысты дамытуға, әлеуметтік ынтымақтастықты нығайтуға және тек жаһандық проблемаларды ғана емес, сонымен қатар жергілікті қоғамдастықтардың шешімі бойынша бастамашылық топтарды ұйымдастыруға, нақты адамдарға көмек көрсетуге бағытталған. Игі істер жасай отырып, студенттер эстафетаны еліміздің әртүрлі ЖОО-ға, жақын және алыс шетелдерге тапсырады.

Мұндай акцияларды өткізу бір жағынан, ынтымақтастық құндылықтарына негізделген қоғамды құруға мүмкіндік береді, екінші жағынан, Бағдарламаның мақсатына – мықты және жауапты адамдардың Біртұтас ұлтын құрумен сәйкес келетін қоғамдық бастаманы жандандыру факторы болады.

«Жақсылықтың жасампаз күші» әлеуметтік акциясының мақсаты - мұқтаж отбасыларды қолдау, жетім балаларға, мүгедек адамдарға, қарт адамдарға көңіл бөлу, сондай-ақ бағдарламаның құндылықтарын ілгерілету.

Міндеттер:

- қазақстандықтардың әлеуметтік ынтымақтастық сезімін қалыптастыру;
- әлеуметтік жұмысқа қатысатын азаматтық қоғам институттарының санын арттыру;
- азаматтардың қайырымдылық, жомарттық сезімдерін көрсетуге қызығушылығын арттыру;
- әлеуметтік кәсіпкерлік механизмдерін дамытуға жәрдемдесу;
- әлеуметтік жағынан осал азаматтардың проблемаларын шешуде мемлекеттің, бизнестің, азаматтардың, жергілікті қоғамдастықтардың әріптестігін дамытуға жәрдемдесу.

Іске асыру тетіктері

1. ҚазҰУ студенттерінің «Қайырымды қоғам» челленджінің үлгісі бойынша еліміздің барлық өңіріндегі білім беру ұйымдарында «Жасампаз мейірімділік күші» челленджін қолдау.
2. «Игі істер» айлығын ұйымдастыру және өткізу.
3. Тұлғалар тізімін жасау, проблемаларды анықтау және акция шеңберінде нақты көмек форматтарын анықтау. Осы жұмыстағы үйлестіруші болып ҚР ЕХӘҚМ және облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктері белгіленсін.
4. ҚР ЕХӘҚМ, облыстар және республикалық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің қолдауымен ҮЕҰ, меценаттардың қатысуымен мұқтаж отбасыларға, жетім балаларға, мүгедектігі бар адамдарға, қарт адамдарға азық-түлік жиынтығын беру форматында іс-шаралар өткізу.
5. Қарттар мен мүгедек адамдарға үйде үнемі көп көмек көрсету.
6. Жетім балаларды қаржылық және құқықтық сауаттылық, психологиялық көмек және қолдау негіздеріне оқыту үшін тәлімгерлік жоба құру.
7. ҮЕҰ, жастар және ресурстық орталықтар арқылы мұқтаж отбасыларға, мүгедек адамдарға, қарт адамдарға ақпараттық, құқықтық, консультациялық көмек көрсету.
8. Әлеуметтік кәсіпкерлермен «зейнеткерлердің белсенді ұзақ өмір сүруі» жобасын қолдау және дамыту.
9. Халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған үйірмелер мен секцияларда тегін сабақтар өткізу.
10. Денсаулығы жақсы жалғыз зейнеткерлерді күміс еріктілікке тарту.

Іске асыру мерзімі: жыл бойы.

Күтілетін нәтижелер

Қатысушылардың осы санаттағы адамдарға жанашырлық, мейірімділік сезімі қалыптасқан.

Қоғамдық ортада қайырымдылық көрсетуде еріктіліктің өсуі.

ҮЕҰ, бизнес-қоғамдастықтардың әлеуметтік жұмысқа, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға жоғары тартылуы.

Көрсеткіштер:

Қатысушылар саны - 500 000 адамнан кем емес.



«Наурыз шапағаты» жалпыұлттық іс-шарасын өткізу

КІРІСПЕ

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларында қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын атап көрсетті.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының идеялық құндылықтарын жүзеге асыру контекстінде Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамын тойлаудың мәні жоғары. Наурыз – ұлттық бірегейлік пен үйлесімнің, береке мен бірліктің мерекесі. Бұл ұлттық бірегейлікті сақтау, прагматизмді қалыптастыру, сананың ашықтығын көтермелеу тұрғысынан маңызды мереке.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1991 жылғы 15 наурыз күнгі Жарлығымен күн мен түннің теңелген мезгілі, Ұлыстың ұлы күнін «Халықтық көктем мерекесі – Наурыз мейрамы» ретінде ресми тойлау бекітілді. Ал, 2009 жылы 22 сәуірде «Мерекелер» туралы Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер еніп, Наурыз мейрамы 21-23 наурыз аралығында атап өтілетін болды.

Наурыз – жаңа күннің бастауы. Табиғаттың жаңарып, тіршіліктің жанданып, ниеттің тазарып, жақсылықтың, ізгіліктің оянатын шағы.

Өз-Наурыз тарихи құндылығын, халық арасындағы өзектілігін жоғалтпаған мейрам. Халықтық сипат алған бұл мерекеде адами құндылықтар дәріптеліп, салт-дәстүріміз жаңғыратын ұлы күн. Бес мыңжылдық тарихы бар наурыз мерекесі көне құндылықтарымызды сақтап, ұлттық дәстүрімізді жаңғыртудың арқасында ғасырларды жалғап, ұрпақ пен салт-дәстүрдің сабақтастығын сақтайтын қасиетке ие. Сондықтан жастар мен балаларды мәдениетке, салт-дәстүрлерімізді тануға тәрбиелеуде Ұлыстың ұлы күнінің маңызы зор.



Ұлық мереке заманауи қазақ қоғамына еркін бойлап, қоғамдағы достық пен ынтымақтың символына айналды. Қазақстанда өмір сүріп жатқан 140-қа жуық өзге ұлт пен ұлыс өкілдері Ұлыстың ұлы күнін қадір тұтып, жалпыхалықтық сипатта тойлап келеді. Көпұлтты мемлекетіміздегі халықтар достығы күшейіп, ұлттық бірегейлігімізді сақтап, бейбітшілік пен бірліктің, достықтың жарқын үлгісін көрсеткен мереке.

Наурыз мерекесін тойлаудың негізі мақсаты – Қазақстан жерінде бейбітшілік пен достықты нығайту, ұлттық бірегейлікті сақтау, отбасылық

құндылықтарды дәріптеу, қоршаған ортаға, табиғатқа ұқыпты қарауды қалыптастыру.

Мерекенің міндеттері:

- қазақ халқының салт-дәстүрлерін жаңғырту, жалпықазақстандық рухани құндылықтарды нығайту, ұлттық бірегейлікті сақтау;
- этносаралық қатынастар мәдениетін дамыту, қоғамдағы достық пен сенімді нығайту;
- мереке қарсаңында әр адам отбасына, ата-анасына барып, хал-сұрасу арқылы отбасы институтын күшейту;
- азаматтық бейбітшілікті сақтау, әлеуметтік әріптестікті және қайырымдылық жасау мәдениетін дамыту;
- Қазақстан табиғатының бірегейлігін, табиғатқа ұқыпты қарауды ұғыну, экологиялық мәдениетті және елді мекендердің аумақтарын абаттандыру бойынша қоғамдық бастаманы дамыту.

ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІКТЕРІ

Ұлыстың ұлы күнін мерекелеудің жаңа жолында мынандай іс-шаралар қарастырылады.

Наурыз мерекесі **14-22 наурыз** аралығында (9 күн) аталып өтіледі.

Әз-Наурызды отбасылық мерекеге айналдырып, әрбір адам алыстағы ата-анасына сәлем беріп, ағайын-туысты аралап, мейрамды жақындарының арасында қарсы алуына мән беріледі. Тіршілік қамымен туған жерден жырақта жүрген адамдардың қара шаңыраққа, үлкен үйге ат басын соғып, мерекені отбасында атап өтуі ұсынылады.

Қайырымдылық және волонтерлік іс-шаралар дәріптеледі. Тұрмысы төмен отбасыларға көмек көрсету, қайырымдылық акцияларға қатысу мен еріктілік шараларға атсалысу наурыз мейрамының дәстүріне айналады.

Ұлық мерекеде жаратылысты аялау мақсатында табиғат аясында уақыт өткізу, көктемдік тазалық жұмыстарын жүргізу, көшет отырғызу, қоршаған ортаны жақсарту, өскелең ұрпақтың экологиялық санасын қалыптастыру бойынша шаралар өтеді.

Мереке аптасында ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында жас ұрпаққа салт-дәстүрлерді, өсиет-өнегені, аңыз-әңгімелер мен мақал-мәтелдерді айту, түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Осы декадада дизайнерлер «Ұлттық киімдер сән апталығы» ұйымдастырып, ұлттық стильдегі жаңа үлгілерді көпшілік назарына ұсынады.

Онда ұлттық киімдерді күнделікті тұрмысқа бейімдеу мәселесі ойластырылады.



Қазақ халқының ас мәзірін дәріптеу мен ұмыт болған тағам түрлерін жаңғырту мақсатында ұлттық тағамдарға арнайы күн айырылады.

Наурыз мерекесінде адамдар, отбасы мүшелері бір-біріне арнайы «Наурыз сыйлық» жасайды, үлкендер балаларға базарлық береді.

Корпоративтік кештер, мекемелердегі сыйақы беру, марапаттау рәсімдерін Наурыз мерекесіне орайластырып өткізу алға тартылады. Сондай-ақ, сауда орталықтарының Әз-Наурызда жаппай жеңілдіктер жасауы жолға қойылады.

Ұлыстың ұлы күнін мерекелеудің әрбір күні бір атаулы іс-шараға арналады.

14 наурыз – Көрісу (Амал) күні. Бұл күні жұрт бір-бірін ұлыстың алғашқы күнімен құттықтап, төс қағыстырып сәлемдесіп, **көрісу** рәсімін жасайды. «Ұлыс оң болсын!», «Жаңа жыл құтты болсын!», «Ақ мол болсын!», «Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!» деген сияқты сөздер арқылы жаңа жылдың келуімен құттықтап, арқа-жарқа болады. Бір-бірімен араздасқан адамдар өзара кешірім сұрайтын, арасы алыстаған ағайын жақындасатын күн. Алыста жүрген адамдар қара шаңыраққа соғып, ата-анасына сәлем беріп, ағайын-туыстың үйіне бас сұғады.

15 наурыз – Шежіре күні. Бұл күні отбасының, ел-жұрттың, жеті атаның тарихы айтылып, шежіресі таратылады. Сонымен қатар, жұртшылық мал сойып, өткен-кеткен ата-бабаларына құран бағыштайды. Ағайын-туған, көрші-қолаң таяуда ғана жақынынан айырылған отбасылардың үйіне барып, «марқұмға тие берсін» айтып дастарханынан дәм татады. Әр отбасының үлкендері өмірден өткен ата-бабаларының, ағайын-бауырдың жақсы істерін, қуанышты сәттерін кейінгі ұрпаққа әңгімелеп береді. Елдің, өлкенің тарихы, ерлігі баяндалады.

16 наурыз – Жайлау күні. Айнала табиғатпен біте қайнасып өмір сүру көшпелі қазақ дүниетанымының бір бөлігін құраған. Сол себепті ұлық мерекеледе жаратылысты аялау мақсатында табиғат аясында бір күн өткізу маңызды. Бұл өскелең ұрпақтың экологиялық, зияткерлік санасын дамытуға септігін тигізеді және денсаулығын жақсартады. Адамдар табиғат аясында серуен құрып қана қоймай, сонымен қатар ондағы қоқысты тазартып, тал егіп, көшет отырғызады.

17 наурыз – Волонтерлердің қатысуымен игі істер күні/дархандық күні. Бұл күні әр адам мүмкіндігі келетін бір жақсы іс жасайды. Волонтерлердің қатысуымен түрлі іс-шаралар өтеді. Жаппай халықтың қатысуымен тазалықтар өткізіледі.

Сонымен қатар, наурызды тойлау апталығының бұл күні жоқ-жітімге, жарлы-жақыбайға қол ұшын беруге арналады. Дәулеті мүмкіншілік беретін адамдар әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға «наурыз дастархан» ретінде азық-түлік үлестіреді. Сонымен қатар жомарт жүректі азаматтар қоғамдық маңызы бар объектілер салуға, жөндеуге атсалысады. Осы күні жергілікті әкімдіктер түрлі қайырымдылық акцияларын ұйымдастырады.

18 наурыз – Шымырлық пен шеберлік күні. Наурызды тойлау декадасының бұл күні ұлттық спортқа арналады. Жер-жерлерде, ипподромдарда ересектерге арналған көкпар, бәйге, қыз қуу, аударыспақ ұйымдастырылады. Ал, балалардың асық ату, ләңгі, тоғызқұмалақ, дойбы, арқан тартыс, қап киіп жарысу, жаяу тартыс, садақ ату т.б. ойындар ойнауына арнайы орындар жасалады.

Сонымен қатар, жастар мен балалардың болашақтағы бес саусағынан өнер тамған шеберлер, жезтаңдай әншілер, мың бұралған бишілер мен металды жіпше үйірген зергерлік талантын ұштау мақсатында арнайы жарыстар ұйымдастырылады.

Жергілікті билік осы шараларды ұйымдастыруға қажетті құрал-жабдықтар және құрылғылармен қамтамасыз етуі керек.

19 наурыз – Зияткерлік күні. Осы күні балалардың зияткерлік әлеуетін, ақыл-ойын дамыту мақсатында мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, жырлар мен эпостардан үзінділер айтылады. Жастардың дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі баланың санасын дамытуға бағытталған басқа да амал-тәсілдері дәріптеледі.

20 наурыз – Жоралғы күні. Бұл күні әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер айшықталады. Ұмыт бола бастаған жоралғылар жаңғыртылады, барлары заман талабына сай дамытылады. Салт-дәстүрдің, ырым-жырымның адам мен қоғам өміріндегі маңызы түсіндіріледі. Мұндай құндылықтар ұлттық кодты сақтаудың компоненті екені айтылады. Осы күні Елбасы айтқан «кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді» жоюдың жолдары талқыланады.

Осы күні әр адам жақындарына сый-сияпат жасайды. Осы мақсатта коммерциялық ұйымдардың арнайы «Наурыз сыйлық» әзірлеуін қамтамасыз етуі керек. Ол адамдардың қалтасына қарай әртүрлі бағада болғаны жөн.

21 наурыз – Ұлттық тағамдар күні. Бұл күні әр үйдің дастарханында ұлттық тағамдар самсап тұрады. Қазақ ас мәзіріндегі көптеген тағам түрлері әзірленеді. Ал, этнографтардың айтуынша, қазақта тағамның 200-ден аса түрі болған. Ұмыт бола бастаған, кең таралмаған тағамдарды жасаудың әдістері үйретіледі.

22 наурыз – Бұқара күні. Таңмен таласа барлығы күн шапағын қарсы алады, одан әрі бұқаралық мерекелік шеруге ұласады. Бұл күні арнайы орындарда мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылады.

Бұқаралық іс-шаралар

Жалпыхалықтық тойлау жиындары Қыдыр атаның келіп, ізгі тілек айтып, ақ батасын беруімен басталуы керек.



«Қыдыр атаның» батасы:

Егемен менің еліме,
 Арайлап атып таң күлсін!
 Отанын сүйіп ұл мен қыз,
 Жұрт рухани жаңғырсын!
 Білім шырағы алаулап,
 Ғаламдық бәсекелерде,
 Ғылым қамалын алдырсын!
 Отаншылдары ел сүйген,
 Қанжығасына Қазақтың,
 Молынан жүлде салдырсын!
 Мәдениеті Алаштың,
 Жоғын жұрттың бар қылсын!
 Тарихқа тұнған даламыз,
 Жеті кереметіндей дүниенің,
 Шартарапты таң қылсын!
 Қазақтың ту, әнұраны,
 Рухымды көтеретұғын,
 Мәртебелі, мәңгі үнсің!

1. Қазақ халқының дәстүрлеріне деген қызығушылықты дамыту мақсатында ұлттық нақышта безендірілген музейдің жылжымалы киіз үйі іске қосылады. Экскурсовод жұмысының мүмкіндігін қарастыру ұсынылады, ол киіз үйдің дәстүрлі құрастырылуы туралы айтып бере алады.

2. Жергілікті және республикалық телеарналарда Наурыз мерекесін тойлау бойынша жобалар іске қосылады.

3. Барлық деңгейде ұлттық ойындар бойынша мектеп, университет, спорттық секцияларда іс-шаралар өткізу. Наурыз мерекесін тойлау күндері аудандық, қалалық, облыстық, республикалық турнирлердің жеңімпаздарын марапаттау.

4. Үздік ұйым ауласы мен үздік мектеп ауласы сынды конкурстар өткізу (сенбілік өткізу, ағаштар мен гүлдер отырғызу).

5. Орталық және басқа да шағын аудандар мен аулалардың қатысуымен Қазақстанның өзге этностары өкілдері арасында Наурыз мерекесін тойлаудың ұлттық қойылымын өткізу (конкурстар өткізу, дәм ауыз тигізу). Осылайша, қаланың барлық алаңдары (ҚХА) іске қосылады.



Наурыз мерекесі өтетін алаңның ресімделуі

Наурыз мерекесін бұқаралық тойлау өтетін алаң төмендегі салалар бойынша ресімделуі тиіс. **Қолөнер алаңы.** Мұнда зергерлер, қолөнершілер өздерінің қолдан жасаған бұйымдарын көрсетеді, оларды сата алады. Сонымен қатар, әуестенген адамдарға қолдан бұйым жасап көруге мүмкіндік беретін арнайы құралдар, оларға бұйымның жасау жолдарын көрсететін арнайы қолөнер ұстаздары болғаны дұрыс.



Киіз үйлер (қара үйлер) тігілген алаң. Киіз үйлердің бірі музей үлгісінде жабдықталуы тиіс, онда жұртшылық көшпелі қазақтардың дәстүріндегі киіз үйдің ішкі рәсімделуімен, дизайнымен таныса алады. Ол үйдің ішінде көшпелі қазақ қоғамында қолданылған құралдар, ыдыстар, бұйымдар көрсетіледі. Бұл музей-үйдің есігі жұртшылықтың барлығына ашық болады.



Ұлттық тағамдар алаңы. Арнайы бір алаңда немесе киіз үйлердің ішінде ұлттық тағамдардың дастарханы жайылады. Онда жұртшылық наурыз мерекесіне арнайы дайындалатын ұлттық тағамдардан дәм тата алады. Сонымен қатар, бұл тағамдар арасына наурыз мерекесін тойлайтын басқа ұлттардың да ұлттық тағамдарын, ас мәзірлерін қосуға болады.

Спорт алаңы. Мұнда ұлттық спорт түрімен айналысатын арнайы алаңда күрес кілемі, көтеруге арналған қой (тана-тайынша), алтыбақан, арқан тартыс құралдарымен жабдықталуы тиіс.

Балалар мен жеткіншектер алаңы. Мұнда балалар – ұлттық спорт ойындарын ойнау мүмкіндігін алады. Ләңгі тебу, асық ату, тоғыз құмалақ, дойбы, балаларға арналған алтыбақан, шалма ойыны, сиқырлы таяқ, қап киіп жарысу т.б. көңілді ойындар ойнай алады. Ол үшін аталған мекен қажетті ойын құрал-жабдықтарымен қамтылуы керек. Ойын құрал-жабдықтарының саны, ықтимал келушілер саны есептеліп, жеткілікті болуы қажет.

Сауық алаңы. Мұнда концерт өткізуге, би-билеуге арналған трибуналар, жұртшылыққа тамашалауға ыңғайлы жағдай жасауға арналған құралдар болады.



Жалпы, наурыз – түркі және парсы тілдес халықтарға ортақ мереке. Сол себепті бұл мерекені тойлауға арналған шаралар арасына көп ұлтты елімізде өмір сүретін түрлі халықтардың наурызда жасайтын амалдарын қосу, мейрамды түрлендіріп қана қоймайды, сонымен қатар ұлттар арасындағы үйлесімділікті нығайтады.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

- қара шаңыраққа бару, мерекені отбасымен бірге атап өту қанат жайып, отбасылық ынтымақтастық нығаяды;
- Қазақстан халқының бірлігі мен келісімі артады, жалпы қазақстандық құндылықтар насихатталады;
- азаматтық қатысу күшейеді, эволюциялық даму мәдениеті қалыптасады;
- экологиялық мәдениет қалыптасады, аумақты абаттандыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру көбейеді;
- қайырымдылық пен меценаттық, волонтерлік қатысу мәдениеті қалыптасады;
- ұлттық кодымыз сақталады, дәстүрлеріміз жанданады және ұлықталады.



Балалар телеарналарында бағдарламалар өндіру кезінде жалпыадамзаттық құндылықтардың насихаттауын ескеру бойынша ұсынымдар

Өзектілік Балалар телеарналарында бағдарламалар өндіру кезінде жалпыадамзаттық құндылықтардың насихаттауын ескеруінің өзектілігі балалар дүниетанымы тек ата-аналар мен қоршаған орта арқылы ғана емес, сонымен қатар түрлі алаңдардағы ойын - сауық контент арқылы да қалыптасатыны.

Негізгі мақсат Балалар телеарналарында бағдарламалар өндіру арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттау - бұл лайықты контентті құру арқылы өскелең ұрпақтың қоғамдық санасын жаңғырту. Бұл өз кезегінде ұлттық бірегейлікті сақтауға тәрбиелеуге үлес қосуға мүмкіндік береді.

Негізгі міндеттері:

- Республикалық балалар телеарналарында Бағдарламаны имидждік ілгерілету;
- Өскелең ұрпақтына жалпыадамзаттық құндылықтарын тәрбиелеу.

Іске асыру тетіктері:

- Балалар телеарналарында бағдарламаларды жасау және өндіру бойынша білікті кадрларды/компанияларды тарту;
- Бағдарламаны іске асыру бойынша сарапшылар мен балалар психологтарын тарту;
- Бағдарлама бағытын таңдау (танымдық, ойын- сауық және т. б.);
- Бағдарлама сценарийлерін әзірлеу және бекіту;
- Бағдарламалар құру, жауапты органдармен келісу;
- Бағдарламаларды телевизиялық арналар мен интернет-ресурстарда трансляциялау;
- Бағдарламаларды ілгерілету.

Іске асыру мерзімі:

2020 жылдың ішінде

Күтілетін нәтижелер:

- Жас және ересек ұрпақ арасында бағдарламаны жүзеге асыруға қызығушылықты арттыру;
- Бағдарламаның негізгі бағыттарын өскелең ұрпаққа ойын және ойын-сауық түрінде жеткізу;
- Жалпыадамзаттық құндылықтар ұғымын тәрбиелеу.

Көрсеткіштер:

- Жалпыадамзаттық құндылықтарды танымал етуге бағытталған балалар телеарналарындағы бағдарламалар саны - жалпы контенттің кемінде 30%;
- Трансляцияланатын телеарналар саны – 3-тен кем емес;
- Отандық балалар бағдарламалары арасында қазақ контентін ұлғайту;



«Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде ұлттық кейіпкерлерді жасау және танымал ету арқылы мультипликациялық сериалдарды шығару жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру бойынша ұсынымдар

Өзектілік мультипликациялық ұлттық кейіпкерлерді жасау және оны танымал ету мақсатында мультипликациялық сериалдарды шығару жөніндегі іс-шаралар кешені теледидар арналары мен интернет-кеңістікте балалар контентін дамыту қажеттілігіне, сондай-ақ мақсатты аудитория арасында отандық өнімдерге деген қызығушылықты арттыруға және бағдарламаны ілгерілетуге негізделген.

Негізгі мақсаты мультипликациялық сериалдарды шығару жөніндегі іс– шаралар кешенін өткізу - ұлттық кейіпкерлер құру арқылы қоғамдық сананы жаңғырту. Бұл өз кезегінде ұлттық батырларға деген қызығушылықты дамытуға, өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беруге және қазақ халқының тарихымен танысуға үлес қосуға мүмкіндік береді. Мультипликациялық сериалдар өндірісі «Рухани жаңғыру»бағдарламасының негізгі бағыттарын ілгерілетудің жолсерігі болады.

Негізгі міндеттер:

- Қазақ халқының салт- дәстүрін имидждік ілгерілету және мәдениетін түсіндіру
- Мәдени мұраны жаңғырту
- Өскелең ұрпақтың патриотизмін тәрбиелеу
- Ішкі және сыртқы туризмді насихаттау

Іске асыру тетіктері:

- Мультипликациялық сериал жасау бойынша білікті қазақстандық киностудияны тарту
- Ұлттық кейіпкерлер тізімінен кейіпкерлерді таңдау және бекіту
- Бекітілген кейіпкерлердің бейнесін жасау
- Мультипликациялық сериал үшін сценарийді әзірлеу және бекіту
- Ұлттық батырлармен мультипликациялық сериал жасау
- Мультипликациялық сериалды жылжыту
- Мультипликациялық сериалды теледидар арналарында, интернет-алаңдарда трансляциялау.

Іске асыру мерзімі:

2020 жылдың ішінде

Күтілетін нәтижелер:

- балалар арасында халық тарихына деген қызығушылықты арттыру;
- патриоттық және дұрыс құндылықтарды тәрбиелеу;
- одан әрі даму мүмкінділігі бар сапалы өнім өндіру және шығару;
- отандық балалар бағдарламалары арасында қазақ контентін ұлғайту.

Көрсеткіштер:

Шығарылған мультипликациялық сериалдардың саны - кемінде 6

Трансляцияланатын телеарналар саны- 2 кем емес

Интернет - алаңдарда көру саны - жүз мыңнан кем емес.



«Ұлағатты жырлар – ұрпаққа мұра» республикалық фестивалін өткізу бойынша ұсынымдар

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс» деді. Сондай-ақ, «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында дала фольклорын жаңғыртып, ұлы даланың ұлы есімдерін

насихаттау айтылған. Осы бағдарламалық мақалаларда айтылған міндеттерді орындау контекстінде «Ұлағатты жырлар – ұрпаққа мұра» республикалық фестивалін ұйымдастыру өзекті.

Жыршылық өнердің қазақ мәдениетіндегі алар орны ерекше. Тоныкөк, Күлтегін кезеңінде-ақ жырлар тасқа қашалынып жазылған. Түрік қағанаты, Ноғайлы дәуірі, Қазақ хандығы кезеңдерінде жыршылар қоғамда маңызды рөл атқарып, мемлекеттің дамуына өз үлестерін қосқан.

Ұлы Дала елінің қай өлкесінде болсын жыршылардың мектебі, өзіндік жыршылық дәстүрі бар. Сыр бойында Кете Жүсіп, Жиенбей, Базар, Тұрмағамбет, Тасберген, Нартуған т.б. ұлы жыршылардың мектептері қалыптасса, Жетісу мен Қаратау өңірінде Жамбыл, Кенен, Әсімхан, Майлықожа, Молда Мұса, Қазанғап сынды жыр дүлдділерінің жырлары сақталған. Сарыарқа өңірінде Арыстанбай, Жанак, Шашубай, Майасар сынды қазақтың ұлы жыршылары салған дәстүр бар. Қазақ жыраулары қисса-дастандарды, эпостық жырларды 7-10 тәулік бойы жырлаған.

Бүгінде жыршылық өнерді жалғастырып жүрген жас буынның мектебі дамып келеді. Дәстүрлі жыр кештерін өткізіп, жыраулық өнердің насихатын көбейту, халықаралық жыр фестивальдерін өткізу жыршылық өнерге жаңа сипат, жаңа тыныс әкеледі және оның тыңдармены мен аудиториясын ұлғайтуға көмектеседі.

«Ұлағатты жырлар – ұрпаққа мұра» республикалық фестивалі еліміздегі барлық жыршылық мектептердің басын қосып, жыршылық орта қалыптастырып, жастар мен аға буын өкілдерінің тәжірибе алмасуына мүмкіндіктер береді. Фестиваль аясында жыршылық өнердің бүгінгі қордаланған мәселелері талқыланып, жаңа туындылардың дүниеге келуіне септігін тигізеді.

Мақсаты: қазақ даласындағы сан ғасырлық тарихы бар жыршылық өнерді ұлықтау және жыраулар мектептерінің одан әрі дамуына үлес қосу арқылы дала фольклорының аудиториясын кеңейтіп, халыққа терең насихаттау.

Міндеттері:

- ұлттың рухани және мәдени құндылықтарын жаңғырту;
- жыраулар поэзиясының үзілмеуіне, бұл дәстүрдің келесі буынға берілуіне атсалысу;
- дала фольклорының бүгінгі үлгісін қалыптастыру және дамыту;
- жыраулық шығармалар арқылы қазақтың тарихын, салт-дәстүрлерін насихаттау;
- жастардың мәдени танымын кеңейту;
- ұлттық музыканы тыңдап, бағалайтын аудитория көлемін ұлғайту;
- белгісіз болып келген жырауларды, жырларды насихаттау;
- заманауи құрылғылардың көмегімен жырларды импровизациялау арқылы, оның аудиториясын кеңейту;
- ұлттық музыка арқылы салт-дәстүрімізді насихаттайтын жастар санын көбейту.

Іске асыру механизмдері:

- фестиваль аясында әдебиетші, музыкатанушы ғалымдармен «Бүгінгі жыраулық өнердің дамуы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастыру керек;
- баспасөз беттерінде әдебиет зерттеушілерінің қазақ жыраулары жайындағы ғылыми зерттеулері жүйелі жариялануы тиіс;
- мектеп оқушыларының арасында жыраулар поэзиясын, эпостық жырлар мен қисса дастандарды жатқа оқудан байқаулар ұйымдастыру;
- өңірлерден жиналған әртүрлі жыраулық мектептер шәкірттерінің концерттерін ұйымдастыру;
- телеарналарда «Ұлы дала жырауы» атты концерттік-шоулар өткізу;
- қазақ даласындағы жыраулардың шығармаларын жинақтап, зерттеп «Жыраулар монографиясын» шығару;
- жас жырауларға шеберлік сағаттарын өткізу;
- Қазақ радиосының «Алтын қорына» енген жырларды тыңдарманға ұсыну;
- есімдері халыққа танылмаған, әр өңірдегі жырауларды зерттеп, шығармаларын жариялап, еңбектерін көпшілікке таныту жұмыстарын жүргізу.

Күтілетін нәтижелер:

- есімі елге танылмаған жыраулардың еңбектері зерттелінеді, олардың еңбектері көпшілікке танылады;
- ұлттық бірегейлікті қалыптастырып, дала фольклорының кең ауқымда насихатталуына жағдай жасалады;
- жыраулық дәстүр жаңғырып, жастардың жыраулық өнерге деген қызығушылығы артады;
- жыраулық өнер жайлы жаңа ғылыми еңбектер жарық көреді;
- БАҚ-та дала фольклоры туралы мақалалар, сюжеттер жарық көреді;
- эпостық жырлар мен дастандарды жатқа оқитын үздік оқушылар анықталады;
- жыраулық өнердің тарихы жазылған монография жарық көреді;
- дала фольклорының заманауи үлгісі дамиды және заманауи құрылғылардың көмегімен импровизацияланған жырлардың таралу аудиториясы кеңейеді;
- жастардың мәдени, тарихи-этнографиялық білімі тереңдейтін болады.



«Аналар форумы» республикалық форумын өткізу бойынша ұсынымдар

Шығыс ғұламасы Әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деп атап өткен. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы. Ал ұрпақты тәрбиелеп, ұлағатын беріп отырған ол –

ана, ол – әйел. Қазақ қоғамында ананың рөліне ежелден ерекше мән берген. Елбасы «Рухани жаңғыру» мақаласында ұлттық дәстүріміз, тарихымыз, мәдениетіміз, рухани құндылықтарымыз бойына сіңген жаңа заманның білімді ұрпағын қалыптастыру керектігін атап өткен. Ал бұл қасиеттің барлығы ананың сүтімен, өнеге-тәрбиесімен жас ұрпаққа даритыны белгілі.

Қоғамның жаңғыруы әуелі отбасы-ошақ қасынан басталады. Бұл ретте аналардың рөлі жоғары. Бүгінгі таңда қоғамға да, отбасына да еңбегін сіңіріп, әр салада табысты еңбек етіп қана қоймай, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеп отырған аналар өте көп.

Еліміз ана мен балаға әрқашан көңіл бөліп, ана денсаулығы, ананың қажеттіліктері мен мәртебесіне баса назар аударып келеді. Бүгінгі таңда әйел қоғамдағы алып күш. Ал, аналардың түйіткілді мәселелері де қоғам тарапынан ашық талқылануы тиіс. Сол арқылы аналардың мәртебесін көтеріп, ұрпаққа толыққанды тәрбие беретін абзал жандарды жасақтай аламыз. Республикалық «Аналар» форумы еліміздегі қыз-келіншектер арасындағы өзекті мәселелерді көтеріп, ұрпақ тәрбиесі, ұлт тәрбиесіне қатысты маңызды сұрақтардың жауабын іздейді.

Мақсаты:

1. Қоғам өмірінде аналардың бүгінгі образын жаңғыртып, ұлттық құндылықтарды аналардың өнегесімен ұрпақ бойына сіңіру;
2. Қоғамда ана денсаулығы, ұлт тәрбиесі, аналардың өзекті мәселелерін талқылап, әр салада жетістікке жетіп, ұлттық тәрбиеге де, ел өміріне де етене араласып жүрген аналарды көрсету.

Міндеттері:

- ұрпақ тәрбиесіндегі ананың рөлін көрсету;
- аналардың мәртебесін арттыру;
- аналардың білім алуы, денсаулығы, жұмыспен қамтылуы, бизнеске араласуына мүмкіндіктер ашу;
- аналарға салт-дәстүр, ұлттық өнер, мәдениет, тіл мен тарих арқылы әжелер өнегесін дәріптеу;
- қоғамдағы қыз бала тәрбиесіне қатысты маңызды сұрақтарды талқылау;
- қыз баланы жастайынан қолөнерге, ас үй жұмыстарына, еңбекке баулып, отбасы құндылықтарын үйрету;
- жастарды отбасылық өмірге тәрбиелеу, қоғамда бәсекеге қабілетті, ұлттық рухы бойына сіңген, толыққанды отбасы құру жолдарын түсіндіру;
- жастарға отбасын сақтау, берекесін арттырып, өнегелі шаңырақ құруға үлгілі аналардың ақыл-кеңестерін жеткізу;
- қыз-келіншектерге қосымша табыс көздерін тауып, кәсіпке баулу.

Іске асыру механизмдері:

– қоғамға белгілі Зейнеп Ахметова, Қаракөз Сүлейменова, Алтыншаш Жағанова сынды тұлғалар және «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпаз аналары жас келіндер, қыз-келіншектермен кездесулер ұйымдастырып, өмірлік тәжірибелерімен бөлісу;

– өңірлердегі «Әжелер» институттарынан жасы үлкен әжелердің ұлттық салт-дәстүр, ырым-тыйым, отбасылық құндылықтар жайындағы тәрбиелік әңгімелерін тыңдау;

– ана денсаулығы, қоғамдағы бедеулік сынды үлкен проблемаларға арнайы дәрігер мамандардан кеңес алу;

– кәсібін ашып, шағын бизнеспен айналысатын аналар өз тәжірибелерімен бөлісу;

– аналарды, қыз-келіншектерді бизнеске баулитын тегін курстар, бизнесін ашуға гранттар беру;

– аналарға, жас келіндерге психологиялық кеңестер беріп, тренингтер ұйымдастыру;

– әр өңірде аналарды тегін медициналық тексерістерден өткізу;

– мектептерде тоқсан сайын қыздар жиналысына аналарды қатыстырып, жас қыздарды үлкен өмірге даярлау;

– жас келіндер арасында дәстүрден, тағам пісіруден, тігін тігуден, отбасы құндылықтарына қатысты ситуациялық жағдайлардан шығу жолдарын айтатын байқаулар ұйымдастыру;

– қыз-келіншектерге пайдалы қазақ тілінде психологиялық, өнегелік, ұлттық дәстүрлер, ұлттық тағамдар, бизнеске арналған кітаптар шығару;

– форум аясында аналардың қолынан шыққан қолөнер бұйымдары, картиналар, киімдер, тағам түрлерінен көрмелер ұйымдастыру;

– «ANA» бүкіл аналар, қыз-келіншектер қолдана алатын мобильді приложениесін шығару. Оның ішінде салт-дәстүр, ана денсаулығы, психология, тағамдар мәзірі, бизнес т.б көптеген аналарға арналған пайдалы нұсқаулықтар болуы тиіс.

Күтілетін нәтижелер:

– ұрпақ тәрбиесіндегі ананың рөлі айқындалып, мәртебесі артады;

– қоғамда ұлттық құндылықтарды жете білетін, отбасының ұйытқысы болатын үлгілі аналар образы қалыптасады;

– аналар өздігінше білім алып, бизнеспен шұғылданып, жұмыс мәселесін реттеп, денсаулығын жақсартады;

– аналар қауымы бойында өнегесі мол, ақыл-парасаты жарасқан әжелерден салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тарихи құндылықтарды тыңдап, рухани азық алады;

– кәсіпкерлікпен айналысатын қыз-келіншектерге бизнес гранттар бөлінеді;

- әйелдер қауымына айналған нұсқаулықтар мен кітаптар саны көбейеді;
- мектептерде қыз балалармен өтетін жиналыстардың саны артады;
- «Әжелер» институтының жұмысы күшейеді;
- өнегелі әйелдер, аналардың мақалалары, сұхбаттары жарық көреді;
- жас отбасылар ар-ұят, адамгершілік, инабаттылық, сүйіспеншілік, береке-бірлік, жанашырлық және т.с.с. асыл қасиеттерді бойына дарытып, берекелі отбасын қалыптастырады.



Ұлттық ою-өрнектерді қызметтік киімде пайдалану жөніндегі іс-шараларды іске асыру бойынша ұсынымдар

Ұлттық бірегейлікті сақтау толыққанды, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру кезінде маңызды элемент болып табылады.

Жаһандану кезінен бастап көбіне адамзат өз түп-тамырынан беймәлім алшақтап, өркениет әлеміне бейімделеді. Алайда, өзінің ұлттық сәйкестігін сақтайды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласына сәйкес әрбір қазақстандық бәсекеге қабілетті, санасының ашықтығымен білімді насихаттайтын болуы және өзінің ұлттық бірегейлігін сақтауы тиіс.

Ою-өрнектің әрбір фигурасы немесе элементі кез келген ұлт, этнос мәдениетінің бір бөлігі болып табылады, терең мәдени мағына береді.

Киімде қолданылатын ою-өрнек бойынша адамның қандай да бір этникалық топқа жататынын анықтауға болады.

Халық шығармашылығында, ежелгі уақыттан бастап, этникалық көркем дәстүрлерді, олардың әлем түсініктері мен әлем тәртібін анықтайтын орнаменттің тұрақты принциптері мен формалары қалыптасады.

Қазіргі Қазақстанда ұлттық ою-өрнектер сәнде кеңінен қолданылады, атап айтқанда аксессуарлар: сөмкелер, әшекейлер, телефондарға арналған қаптар, бас киімдер, орамалдар. Кілем тоқу кезінде оюға қызығушылық байқалады, үйде ұлттық ою-өрнектері бар сырмақтар мен киіздердің болуы танымал.

Этникалық киім тәртіпті, қарым-қатынас мәдениетін арттырады, сондай-ақ ұжымды біріктіреді.

Қазақстанда әскери қызметшілердің, авиа мен теміржол қызметкерлерінің салтанатты киім нысанындағы ою-өрнек ішінара пайдаланылады. Мемлекеттік органдардың өкілдері үшін ою-өрнек пайдаланылатын қызметтік форма белгіленбеген.

Осыған байланысты ұйымдарда қызметкерлер ұлттық ою-өрнектерді пайдалана отырып қызметтік нысанды киген кезде дресс-код жүйесін енгізу ұсынылады.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілер нысанында мемлекеттік қызметшілер этикасының талаптарына сәйкес келетін ұлттық белгілік ерекшеліктерді (оюларды) енгізу орынды деп санаймыз.

Адамның сыртқы келбеті-бұл табысқа алғашқы қадам, өйткені қоғам үшін оның түрі ұқыптылық, тәртіптілік дәрежесін куәландыратын «код» болып табылады. Киім қызметкердің іскерлік қасиеттеріне назар аудармауы тиіс.

Іс-шараның мақсаты - ұлттық ою-өрнектерді киімде пайдалану арқылы ұлттық бірегейлікті сақтау.

Іс-шаралардың міндеттері:

- Қазақстан халқының салт-дәстүрлері мен мәдениетін құрметтеуге баулу;

- халық арасында ұлттық ою-өрнектерді қолдану бойынша мінез-құлық моделін қалыптастыру;

- стильді ұлттық киімді қазақстандықтар арасында насихаттау;

Шұбат дайындау үшін суытылған түйе сүтін сүзіп, 30 - 35°C-қа дейін салқындатып, емен кеспекке құйып өндірістік ашытқы салып піспекпен 20 - 30 мин араластырып, 3 - 4 сағат ашытады. Бұл кезде құрамындағы күрделі заттар жай заттарға айналып, қышқылдылығы көтеріліп, ішіндегі казеин іріп тұнбаға түседі. Тұнбадағы казеинді майдалау үшін шұбатты араластырып отырады. Әр сауыннан алынған сүтті шұбаты бар кеспекке құйып жақсылап піседі, ал ашыту процесі 20 - 25°C температурада 10 - 20 сағатқа созылады. Ашыған шұбатты ыдыстарға құйып, 10 - 12 сағат бойы салқындатып сауда орындарына таратады. Бір тәулік бойы ашыған шұбат - әлсіз, екі тәулік ашыған шұбат - орташа, ал үш тәулік бойы ашыған шұбат - күшті деп аталады. Ашытқы әсерінен түйе сүтіндегі сүт қанты ыдырайды, сүт қышқылының, спирттің, көмір қышқылының жаңа қосылыстары түзіледі, витаминдердің мөлшері молаяды.

Қымыз бен шұбат - бүгінгі күні әлемдік нарықта адам ағзасын ең пайдалы өнім ретінде ең жоғарғы баға ие. Биологиялық таза өнім – әлем

ғалымдарын тамсандыруда. Қымыз ішу үшін әлемнің әр елінен елге туристік сапар жасап, елмен танысып жатқандар да аз емес. Ұлттық сусындар бүгінгі күні насихатқа және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүргізілетін жұмыстар бойынша жасалатын қолдауларға зәру. Ал, осы сусындарды бағалайтын тұтынушылар арасында Қымызмұрындық рәсімін қайта жаңғыртып, ұйымдастыру үлкен сұранысқа ие болып отыр.

Осы орайда «Қымыз фест, Қымызмұрындық, Шұбат фест» фестивалін Республикалық деңгейде ұйымдастыру – прагматизм терминінің танымын кеңейтуге, азаматтардың құндылықтарды бағалау қасиеттерін қалыптастыруға, отандық брендтің насихатталуы мен оның тарихын тануға, ең таза биологиялық құндылық ретінде дәріптелетін қымызға деген сүйіспеншілікті арттыруға ықпал жасайды.

Мақсаты - жұртшылықтың ұлттық мәдениет мен салт-дәстүрге қызығушылығын арттыру және қазақ халқының ұлттық сусыны – қымыз бен шұбаттың құндылығын насихаттау.

Міндеттері:

- ұлттық сусын – қымыз бен шұбаттың тарихы мен түрлерін таныстыру;
- азаматтарды еліміздің құндылықтарын лайықты бағалауға шақыру;
- отандық брендті насихаттау;
- қымыз мұрындықты ұйымдастыру арқылы бағдарламаның «Ұлттық бірегейлікті сақтау» мақсатының орындалуында атқарылатын жұмыстарды жүзеге асыру.

Іске асыру механизмдері. Өңірлерде фестиваль аясында апталықтар ұйымдастырып, орталық көшелерде «Қымыз бен шұбат көрмелерін» ұйымдастыру қажет.

Отандық брендтің тарихы мен пайдалы қасиеттерінен хабарлама беретін көше билбордтарын дайындап, көрнекі жерлерге ілу қажет.

Әлеуметтік желілерді пайдаланушылар арасында «Қымыз» сусынан насихаттау мақсатында #Қымызші, #Шұбатші, #Қымызмұрындық хэштегімен фото-видео челлендж ұйымдастыру қажет.

Республикалық және өңірлік телеарналар мен БАҚ-тардың ықпалымен «Қымыз», «Шұбат»сусыны мен «Қымызмұрындық» рәсіміне қатысты бағдарламалар мен ақпараттық мақалалар дайындап, көрермен назарына ұсынып, насихаттау жұмыстарын жүргізу керек.

Барлық өңірлерді ортақ күнді белгілеп, «Қымызмұрындық» рәсімін ұйымдастырып, оны насихаттау қажет.

Отандық брендтерді дайындайтындар арасында сайыстар ұйымдастырып, оларға Ұлттық сыйлық тағайындау керек.

Барлық қыздар қауымына арналған конкурстарды Ұлттық сусындарға қатысты сайыстар түрін қосып, жүлделер тағайындау.

Күтілетін нәтиже:

- жұртшылық қымыз бен шұбаттың шығу тарихы, түрлерімен жете танысады;

- отандастарымыздың отандық брендке деген махаббаты артады және фестивальді жыл сайын өткізу дәстүрге айналып, қоғамдық шараға айналады;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мақсаттарының орындалуы және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының мән-маңызының насихатталуына үлкен үлес қосылады.



**«Қазақ даласы - ежелгі металлургияның отаны»
халықаралық ғылыми-практикалық конференциясын
ұйымдастыру бойынша ұсынымдар**

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласы жаһандық тарихтағы Ұлы дала жеріне жаңаша қарауға мүмкіндік берді. Мақалада «Біздің жеріміз материалдық мәдениеттің көптеген дүниелерінің пайда болған орны, бастау бұлағы» деп жазылған және біздің ата-бабаларымыздың әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесі атап өтіледі.

Бұл мемлекеттің идеологиялық саясатын қайта қараудың бастамасы және оның мазмұнын Қазақстанның тарихи жетістіктерімен толықтыруына себеп болды. Сонымен қатар, бұл мақала тарихи және жалпы гуманитарлық ғылымның дамуына жаңа серпін беріп, бұрын жеткілікті зерттелмеген жаңа зерттеу объектілерінің пайда болуын өзектендірді.

Тарихи сенімдер мен аңыздарға сәйкес, біздің ата-бабаларымыз Эргенекун алқабынан үлкен таудың көмегімен шығу үшін бүкіл тауды балқытып, қиын жерден шығудың жолын тапқан. Мұндай аңыздар Қазақстанның қазіргі экономикасында маңызды рөл атқаратын тау-кен металлургия саласы көне заманнан бері Ұлы дала халықтарының шаруашылық құрылымындағы маңызды сектор болғанын куәландырады.

Археологиялық қазбалар мен олжалар Қазақстанның ежелгі халықтарының металдарды шебер өндегенін растайды. Ұсталық шеберлер, металдардан жасалған түрлі бұйымдарды, соның ішінде қымбат металдардан жасалған зергерлік әшекейлерді жасаған.

Бұл тарихи мәліметтердің барлығы ежелгі Қазақстанда ұсталық істер, кен өндіру және металдарды өңдеу дамыған сала болғанын дәлелдейді. Алайда, Қазақстан тарихының бұл беті жеткілікті зерттелмеген және халық арасында дәріптелмеген. Ғылыми қауымдастықтар мен жалпы қоғамның қызығушылығын ояту мақсатында осы салаға серпін беру қажет.

Бұл тұрғыда халықаралық ғылыми конференция өткізу өзекті, онда ғалымдар мен сарапшылар Қазақстанда кен өндіру мен металдарды өндеудің тарихи тереңдігін, еліміздің металлургия саласының ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін дамуын болжай алады. Мұндай конференцияны ұйымдастыру Ұлы даланың техникалық және материалдық жетістіктері бойынша жаңа зерттеу бағыттарының пайда болуына ықпал етеді. Осы мақсатта «Қазақ

даласы – ежелгі металлургияның отаны» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастыру ұсынылады.

Конференцияның мақсаты – дала өркениетінің тау-кен өндірісі мен металды өңдеу технологиясын, сондай-ақ көшпелі өркениеттің мәдени-технологиялық жетістіктерін дамытуға қосқан тарихи үлесі туралы талқылау және пікір алмасу.

Конференция міндеттері:

- «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалада белгіленген салаларда ғылыми, тарихи, археологиялық жаңалықтарды талқылау;
- халық арасында Ұлы даланың техникалық жетістіктерін насихаттау;
- ғылыми қоғамдастықтың білім және пікір алмасуы;
- осы тақырыпты зерттейтін ғалымдар арасында коммуникацияны құруға көмектесу;
- бағдарламалық баптарда баяндалған қырлар бойынша жаңа бағыттарды, зерттеу салаларын анықтау;
- тарихтағы Ұлы дала халықтарының техникалық және мәдени жаңалықтарын талқылауға шетелдік ғалымдарды тарту.

Іске асыру механизмдері бойынша ұсынымдар:

Ғылыми-практикалық конференция пленарлық 2 бөлімнен немесе 4 секциядан тұрады.

Ұйымдастырушы студенттерден немесе ғылыми қауымдастық өкілдерінен өтінімдер қабылдайды. Әкімдіктердің қызметін үйлестіру мақсатында конференцияны ұйымдастыруға жауапты «Рухани жаңғыру» Қазақстандық қоғамдық даму институты КеАҚ белгілеу ұсынылады.

Конференцияға аталған тақырыпты зерттейтін отандық және шетелдік ғалымдар шақырылады.

Конференция жұмысына қатысуға қаржылық мүмкіндігі жоқ және басқа қалаларда тұратын студенттердің, жас ғалымдардың онлайн қатысу мүмкіндігін қарастыру қажет.

Қорытынды бойынша үш тілде баяндамалар жинағы онлайн-қолжетімді, оларды Қазақстаннан және тек жақын ғана емес, сонымен қатар алыс шетелдерден келген мүдделі тұлғалармен таныстыру мақсатында шығарылады.

Күтілетін нәтижелер:

- конференция ежелгі Ұлы Далада кенді өндірудің тарихи тереңдігі мен құндылығын талқылауға және талдауға мүмкіндік береді;
- конференция Ұлы Дала мен көшпенді өркениеттің тарихи жетістіктерін насихаттаудағы тағы бір қадам болмақ;
- қорытынды бойынша үш тілде конференция жинағы шығарылады, ол біздің ата-бабаларымыздың әлемдік өркениетке қосқан үлесі бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың жаңа ашылымдарын қамтиды.

Көрсеткіштер:

Қатысушылар саны кемінде – 100 адам.

Баяндамалар саны кемінде – 30.

Конференция баяндамаларының жинағын шығару.



**«Қазақстан түркі әлемінің бесігі»
түркі халықтарының мәдениет күндерін өткізу
бойынша ұсынымдар**

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында «Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы» деп айтқан болатын. Түркі халықтарының арасында бұл аумақ жалпы түркілердің шығу тегімен байланысты айтылатын аңыз-эпсаналармен ғана құнды емес, сонымен қатар Әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари сынды түбі бір түркі жұртына ортақ ойшылдардың туып-өскен жері ретінде де жоғары бағаланады. Сондықтан тек қазақ халқы үшін ғана емес, жалпы түркі өркениетіндегі халықтар үшін Алтай мен Түркістанның орны жоғары.

Ұлы көшпенділердің ұрпағы түркі мемлекеттерінің сабақтастығын жалғастыру Қазақстан үшін қашанда өзекті. Осы себепті елімізде түркі халықтарының мәдени күндерін өткізу маңызды. Бұл ғылыми еңбектерді зерттеуге, бауырлас халықтардың ауызбіршілігін арттыруға, мәдени байланыстарды нығайтуға, көшпенді халықтың дәстүрін жаңғыртып, ұлттық мұраларын ұлықтауға септігін тигізеді. Сонымен қатар, түркі халықтарының мәдениетіне саладағы ынтымағы мемлекеттер арасындағы экономикалық, саяси-дипломатиялық және басқа да қатынастырды дамытады.

Қазақстандағы түркі елдерінің мәдениет күндері Алтай мен Түркістан өңірінде өтуі тиіс. Биыл әлемнің екінші ұстазы Әл-Фарабидің 1150 жылдығы бүкіл ЮНЕСКО көлемінде халықаралық дәрежеде аталып өтіледі. Соған орай, түркі халықтарының елімізде бас қосуының саяси да, мәдени де маңызы жоғары.

Мақсаты - түбі бір түркі халықтарының ынтымағын арттырып, мыңжылдық тарихы бар ортақ дәстүрлерін жаңғыртып, халықтар арасындағы мәдениет байланыстарды дамыту.

Міндеттері:

- түркі халықтарының арасындағы достық, мәдени, саяси қарым-қатынастарды жақсарту;
- түркі дүниесінің ұлттық құндылықтарын жаңғырту;
- ұлттық бірегейлікті сақтау;
- Әл-Фараби мұраларын кеңінен зерттеп, 1150 жылдық мерейтойын атап өту;
- түркі елдерінің мәдениетін халықаралық деңгейде насихаттау;
- Қазақстандағы қасиетті, түркі халықтарына ортақ мәдени ескерткіштер мен кесенелердің тарихын танытып, насихатын арттыру;
- көне түркі жазуының тарихын жаңғыртып, түркі жазуының мәдениетін жастарға таныту;

- Қазақстанның түркі әлемінің «қара шаңырағы» екенін насихаттап, осы елдерден туристерді тартуға ықпал ету.

Іске асыру механизмдері:

- түркі халықтарының мәдени күндері Алтай өңірі мен Түркістанда өткізілуі тиіс;
- шараға еліміздің басқа өңірлерінің ғалымдары, тарихшылары, түркітанушылары қатысып, ұйымдастыру республикалық деңгейде сипат алу керек;
- шараға әр мемлекеттен қолөнер, зергерлік бұйымдар, ұлттық туындылар, суретшілердің картиналары т.б көрмелер өтуі керек;
- түркі халықтарының бүгінгі ғылым білімдегі жаңалықтарын көрсететін көрмелер ұйымдастырылуы тиіс;
- түркі халықтарының ЖОО-да Қазақстанның тарихшылары, этнографтары, түркологтары жүйелі түрде арнайы барып лекциялар оқыса, еліміздің ғылым-білімін түркі елдерінің арасында кеңінен таныта аламыз;
- Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн сынды түркі ойшылдарының ғылыми еңбектерін зерттеп жүрген түркологтар мен тарихшылардың конференциясын ұйымдастыру;
- түркі елдерінің музей экспозицияларын өткізу;
- музей қорларын жаңа жәдігерлермен толықтыру;
- түркі халықтарының ортақ мұрасын сипаттайтын онлайн кітаптар, ғылыми монографиялар шығару;
- түркі халықтарының ұлттық әндері мен билерінің фестивальдерін өткізу;
- түркі халықтарының ақындарының өлеңдерінен поэзия кештерін ұйымдастыру;
- «Алтайтану», «Түркітану» тақырыптары бойынша дөңгелек үстелдер өткізу;
- ЖОО-да түркі ғұламаларының еңбектері жайында түркітанушы ғалымдармен студенттерге лекциялар оқу;
- концерттік және спектакльдік шаралар ұйымдастыру;
- мәдени күндер аясында еліміздің түркі халықтарына ортақ киелі жерлеріне экскурсиялар өткізу.

Күтілетін нәтижелер:

- түркі халықтарының байланыстары артып мәдени қатынастары жаңғырады;
- шара Алтай және Түркістан өңірінде өтеді;
- түркітанушылардың жаңа ғылыми жұмыстары біріктірілген монография жарық көреді;
- ғылыми конференция ұйымдастырылады;
- бауырлас елдердің дәстүрлері мен құндылықтық мұралары кеңінен насихатталады;
- музей экспонаттары кең деңгейде танылады;

- Әл-Фараби мұралары зерттеледі;
- көне түркі тарихы жастарға таныстырылады;
- бұл шара Қазақстанның софт-поуер дамытуға септігін тигізеді;
- туризм дамиды және еліміздің мәдени құндылықтары экспортталады.



«Үздік ауыл әкімі» республикалық конкурсын өткізу бойынша ұсынымдар

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерінің жағымды имиджін қалыптастыру және нығайту мемлекеттік басқаруды дамытудың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Үздік мемлекеттік қызметкер» республикалық байқауының жеңімпаздарымен кездесуде «Халыққа адал қызмет ету және елдің ұлттық мүдделерін тиімді қорғау мемлекеттік қызметтің міндеті»- деп атап өтті. Шынында да, бүгінде мемлекеттік қызметкерлер, оның ішінде әкімдер, ең алдымен, өз халқына қызмет етеді және өнімді инновациялар арқылы мемлекетке пайда әкеле алады.

Мемлекеттік қызмет халыққатартымды және сұрынысқа ие болуы мүмкін. Әр азамат мемлекеттік қызметкер болуға ұмтылып мемлекеттің дамуына өз үлесін қосуы қажет.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметкердің кәсіби жетістіктері мен өнімді нәтижелеріне сәйкес, халық арасында оның жағымды имиджін қалыптастыру жұмыстарының маңыздылығы зор.

Ауыл әкімдерінің жағымды имиджін қалыптастыру, олардың қызметі бойынша халықты ақпараттандыру және осы саладағы проблемаларды зерттеу маңызды және қазіргі таңда өзекті мәселе.

Ауыл әкімі «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 6 қағидасына сәйкес, өз аймағының тұрғындары үшін үлгі болуы тиіс.

Ауыл әкімі халықпен тікелей қарым-қатынаста жұмыс жасайды, оның диалог құру қабілеті мен өзекті мәселелер бойынша уақтылы шешім қабылдай алуы қызметінің маңызды компоненті болып табылады.

Жергілікті деңгейде Әкім мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы және халықта оның іс әрекетіне қарап мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі туралы көзқарас қалыптастырады.

Байқау барысында, қатысушылардың конкурстық қызметін насихаттау мақсатымен кең ақпараттық науқан жүргізіледі.

Үздік ауыл әкімі республикалық байқауын өткізілуі ауыл әкім лауазымының беделін және бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Іс-шараның мақсаты – әкім лауазымын атқарып жатқан мемлекеттік қызметкерлер туралы халық арасында позитивтік қоғамдық пікір қалыптастыру.

Іс-шараның міндеттері:

- ауыл әкімдері арасында бәсекеге қабілеттілікті арттыру;

- ауыл әкімдерін өздерінің қызметінің тиімділігін арттыруға ынталандыру;
- мемлекеттік қызметте миритократия қағидаттарын насихаттау;
- мемлекеттік қызметті жүзеге асырудағы кәсіпқойлықты және әкімдер лауазымындағы жеке жауапкершілікті көрсету;
- ауыл әкімдері қызметтерін атқаратын мемлекеттік қызметшілердің беделін арттыру;
- азаматтардың мемлекетке деген сенімін күшейту.

Іске асыру тетіктері:

Байқау 3 кезеңде өтеді:

1-кезең аудандық деңгейде өткізіледі

Аудандық деңгейде үздік ауыл және ауылдық округ әкімдері анықталады.

Өңірлік деңгейде байқауға қатысу үшін 3 талапкер анықталады.

2-кезең өңірлік деңгейде өткізіледі

Республикалық деңгейде өткізілетін байқауға қатысу үшін 1 үміткер анықталады

3-кезең республикалық деңгейде өткізіледі

Әр өңірден 1 талапкер қатысады. Жеңімпаздар номинациялар бойынша анықталады.

Салтанатты рәсім Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет жөніндегі агенттікке өткізіледі

Байқауға қатысу үшін тапсырылатын құжаттар:

- 1) кез-келген түрде конкурсқа қатысу туралы өтінім;
 - 2) жеке куәлік;
 - 3) 1 минуттан аспайтын, номинация тақырыбындағы бейне ролик (жұмыс орны мен дағдыларын көрсететін);
 - 4) 5 беттен аспайтын қатысушы туралы (жұмысы, отбасы, хоббиі) компьютерлік презентация (портфолио түрінде және электронды нұсқада);
- Егер бар болса: біліктілігін арттыру туралы сертификаттар, марапаттар және медальдар;
- 5) Еңбек қітапшасының көшірмесі және тағыда басқа құжаттар;
 - 6) Аудан әкімінен немесе облыс әкімдерінің орынбасарларынан ұсыным хат;
 - 7) Бюджеті 5 000 000 теңгеден аспайтын ауылдық елді-мекендердің проблемаларын шешуге арналған жоба.

1-КЕЗЕҢ: Аудандық таңдау.

Аудандық деңгейде жергілікті халықтың, немесе аудандық мәслихаттың өкілдерінің қатысуымен аудандық маңызы бар қала, ауылдық округтер және ауыл әкімдерінің арасынан үздіктерін таңдау өткізіледі. Байқауға әр ауылдың әкімі міндетті түрде қатысуы керек.

Байқау туралы ақпарат барлық бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

Байқау комиссияның құрамы ақсақалдар мен ардагерлер кеңестерінің өкілдері және басқа да қоғамдық пікір көшбасшыларының, үкіметтік емес

ұйымдардың өкілдерінен құрылады.

Байқау комиссияның құрамы тақ саннан тұрады.

Байқау комиссияның жұмысына қатысуға мүдделер қақтығысын болдырмас үшін мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың өкілдері жіберілмейді.

Байқау зияткерлік, шығармашылық, спорттық, ситуациялық шаралардан тұрады, онда әр қатысушы өзінің қабілеттерін көрсетеді.

Комиссия мүшелері пандемия кезінде әкімдердің белсенділігі мен нәтижелілігін бағалайды.

Спорттық іс-шараларға қатысу үшін медициналық қызметкердің рұқсаты берілген анықтама қағазы қажет. Спорттық іс-шаралар өткізілетін жерде жедел жәрдем көлігін қамтамасыз ету қажет.

Байқау нәтижесінде келесі турға өтетін қатысушылар анықталады.

Аудандық деңгейде байқау комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданып хаттамамен бекітіледі.

Мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті орган кандидаттарды іріктеу мақсатында іс-шараның әр түрі үшін жеке критерийлер пакетін қалыптастырады.

2-КЕЗЕҢ: Өңірлік таңдау.

Өңірлік деңгейде екінші кезеңге өткен қатысушылар «Мен үздік ауыл әкімі деген атқа неге лайықтымын» тақырыбында эссе жазады. Еріктілер қызметін міндетті түрде көрсетеді.

Қатысушылардың жұмыстарында толық аты-жөнін құпия түрде Әдеп кеңесінде қаралады.

Сонымен қатар, қатысушылардың жұмыстары дауыс беру үшін әлеуметтік жүйелердегі ресми парақшаларында жарияланады.

Облыстық Әдеп кеңесі әлеуметтік жүйелердегі ресми парақшаларда көпшілік берген дауыстарды ескере отырып республикалық деңгейге қатысуға іріктелген үміткер туралы шешім қабылдайды.

3-КЕЗЕҢ: Республикалық таңдау.

Өңірлік реттеуден өткен үміткерлер «Әкіммен өткізген бір күн» атты республикалық телеканалдағы бағдарламаға қатысады. Бағдарлама аясында тілшілер бір күн бойы әкіммен жүреді және оның жұмысы туралы хабарлайды.

Сонымен қатар республикалық деңгейде қатысушы өзінің «**Үздік жоба**» жобасын ұсынады

Әкімдердің конкурса қатысуын ынталандыру үшін жүлде қоры құрылып, аудан басшылығының шешімімен, ол ауылдық округтің қажеттіліктеріне бағытталады.

Жүлде қорын алу үшін ауыл әкімі өз ауылы тұрғындарының қажеттіліктерін бағалайды, өзекті мәселелерді анықтайды және оны шешу үшін жобалық ұсыныс жасайды (мысалы, Интернет, су, газ жүргізу, жолды жөндеу т.б.).

Байқау барысында ауыл әкімінің міндеттерінің бірі өзінің жобасын республикалық комиссияның алдында қорғайды.

Республикалық байқау комиссияның құрамына облыс әкімдері Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің өкілдері, және республикалық кәсіподақ бірлестігінің өкілдері (келісім бойынша) кіреді.

Комиссия төрағасы оның жұмысын жүзеге асырады және жалпы бақылауды жүргізеді.

Комиссия шешімдерін қабылдау кезінде даулы мәселелер туындаған жағдайда, Комиссия Төрағасының даусы шешуші болып табылады.

Хатшы Комиссия шешімдерін қабылдауға қатыспайды және комиссия жұмысына техникалық қызмет жүргізеді:

- 1) қонкурсқа қатысушылардың құжаттарын қабылдау
- 2) комиссия отырысын ұйымдастырады
- 3) комиссия отырысының хаттамасын әзірлейді және байқау жеңімпаздарының құжаттарын қалыптастырады.

Байқау өтінімдері, бұқаралық ақпарат құралдарында байқау туралы хабарландыру жарияланғаннан бастап жіберілуіне мүмкіндік бар.

Байқау қатысушыларына құжаттары қабылдану туралы хабарландырулар берілуі мүмкін.

Мемлекеттік комиссия ең көп балл жинаған жеңімпаздарды анықтайды.

Үздік жоба жеңімпазы анықталған жағдайда, ұтып алынған қаражат міндетті түрде жобада көрсетілген мәселені шешуге жұмсалады

«Ауыл әкімінің жұмысын кешенді бағалау» іс шарасын өткізу

Байқауға қатысушы әр түрлі өлшемдерге сәйкес құжат дайындайды:

Халыққа көрсетілген мемлекеттік қызметтердің коэффициенті (халық саны / көрсетілген қызмет санына * 100%).

1. Ауылдық округ бюджетіне тартылған қаражат коэффициенті (теңгемен).

2. Байқау аясындағы әкімнің ең үздік 5 жетістігі

3. Әкімнің жұмысы туралы халықтың пікірі (пікір форматы жеке түрде орнатылады)

Байқау комиссиясының мүшелері қатысушыларды іріктейді.

1) Үздік жобаның жүлде қорына және «Ең үздік ауыл әкімі 2020» гран-приге байқау комиссияның бағалау нәтижесіне сәйкес ең көп балл жинаған қатысушы ие болады.

2) «Ең үздік ауыл әкімі 2020» - 1,2,3-орын;

3) Қалған 13 әкім өңірді дамытуға қосқан үлесі үшін алғыс хаттарға ие болады.

Күтілетін нәтижелер:

- ауыл әкімдерінің бәсекеге қабілеттілігі артады;
- ауыл әкімдерінің өз қызметінің тиімділігін күшейтуге деген ынтасы артады;
- мемлекеттік қызметте меринократия қағидаттарын ілгерілетуге ықпал етеді;
- әкім қызметін атқарып жатқан азаматтардың жеке жауапкершілігі

артады және мемлекеттік қызметтегі кәсіптілігі көрсетіледі;

- ауыл әкімі қызметін атқаратын мемлекеттік қызметшілердің беделі артады;

- Азаматтардың мемлекетке деген сенімдері артады.

Көрсеткіштер:

2000 – әкім;

ауылдық аймақтардың өзекті мәселелерін шешу бойынша кемінде 17 жоба;

БАҚ жарияланым –50.



Ұрпақтан-ұрпаққа берілетін отбасылық құндылықтарды жастар арасында насихаттау бойынша іс-шаралар кешенін өткізу (отбасы күні, қарт адамдар күні және т.б.) бойынша ұсынымдар

Қазіргі таңда Қазақстанда отбасы институтының трансформациясы жүріп жатыр. Бұл үрдістің нәтижесі отбасы мен ата-ана болуға қатысты әлеуметтік саяси шаралардың саралануына алып келеді. Күнделікті тәжірибе көрсеткендей, заманауи қазақстандық отбасы декреттік демалыс, бала күтімі және ана мен әкенің рөлін орындау мәселелерін шешудің өзіндік «рецептерін» жасаған.

Мемлекеттің отбасыларға және отбасылық міндеттері бар азаматтарға қатысты шаралар жүйесі ретінде отбасылық саясаттың қалыптасуы мен институционализациясы жалпыға ортақ игіліктер мемлекеттері мен екінші демографиялық өту жағдайында орын алды.

Отбасы экономикалық бірлік ретінде экономикалық реформалар (жекешелендіру, жаңа меншік қатынастарын қалыптастыру, жаңа салық жүйесін құру, орта және шағын бизнестің дамуына жағдай жасау) кезеңінде ескерілмегені анық. Отбасының қазіргі ахуалы мемлекеттен оны түбегейлі қолдау және тұрақтандыру үшін шұғыл және шешуші шараларды қабылдауды талап етеді. Дұрыс мемлекеттік отбасы саясатын қалыптастыру дамудың қазіргі кезеңінде отбасымен байланысты мәселелерді шешуге көмектеседі.

Әрбір адам үшін отбасы құндылығы оның дүниетанымымен, мәдени, рухани, білім деңгейімен, өмір сүру стандартымен және ең бастысы, оның отбасылық өмірден алған жеке басының тәжірибесімен немесе осындай тәжірибе алуға ұмытылумен (тіпті тұлға балалық шағында жанұя жағдайында өмір сүрмеген болса да) анықталады.

Отбасылық қатынастар саласында бар проблемалардың сипаты қарама-қайшы. Оған әйелдер санының басым болуы, ажырасудың жоғары деңгейі, ресми некесіз бірге тұрушылық, көп әйел алушылық, толық емес отбасылардың болуы жатады. Әйелдер, мәртебесі мен өмір сүру

стандарттарына қарамай бала туу туралы шешім қабылдайды. Бұл бала туу жасыныңұлғайтып отыр, ал түсік жасататындар саны да азаймауда.

Мемлекеттің идеологиясы отбасы құндылығын арттыруға бағытталуы тиіс. Бірақ, зерттеулердің қорытындысы отбасы құндылығының әлі де жоғары екенін көрсетеді. Деген мен отбасы дағдарысын өткерген мемлекеттердің тәжірибесін зерделеген жөн. Сондықтан отбасы әрқашан мемлекеттің қолдауына, қорғауына және реттеуіне мұқтаж.

Егер отбасы мемлекеттің кішкентай моделі екенін ескерсек, онда олардың өзара бір-біріне ықпал ететіні даусыз.

Бұл мәселеде шаралар жиынтығын ұйымдастырудың **мақсаты** - дәстүрлі отбасылық құндылықтар мен отбасылық өмір салтын қалыптастыру, отбасылық қатынастар мен отбасылық тәрбиедегі рухани-адамгершілік дәстүрлердің жандануы мен сақталуы, отбасылық әл-ауқат пен жауапты ата-ана болуды қамтамасыз етуге жағдай жасау, ата-ананың отбасы мен қоғамдағы беделін арттыру және әр отбасының әлеуметтік тұрақтылығын сақтау.

Осы мақсатқа жету үшін келесі **міндеттерді** шешу қажет:

1) отбасылық өмір салттың құндылығын арттыру, отбасылық қатынастар мен отбасы тәрбиесінде рухани-адамгершілік дәстүрлерді сақтау;

2) отбасының тәрбиелік әлеуетін іске асыруға көмектесу;

3) отбасылық қиындықтардың алдын-алу;

4) әр отбасының баланың (балалардың) тәрбиесіне, біліміне және дамуына жауапкершілігі;

5) психологиялық көмекке мұқтаж, әсіресе әлеуметтік риск тобына кіретін отбасыларға уақтылы және тиімді психологиялық көмекке қолжетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ кәсіби психолог қызметіне барлық отбасылардың тең қолжетімділігі.

Іске асыру тетіктері

1. Төменде берілген тақырыптар бойынша оқу орындарының, колледждердің, университеттердің студенттері арасында интерактивті дәрістер, курстар және тренингтер циклын жүйелі түрде өткізу.

- «Отбасылық құндылықтар»;
- «Жыныстық тәрбие принциптері».

2. Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының АХАТ бөлімдеріне:

▪ АХАТ-де некеге тұру туралы өтініш берген кезде жас жұбайлардың некеге дейінгі диагностикасын өткізу;

▪ АХАТ бөлімдерінде қарым-қатынас дағдарысы мен ажырасу жағдайларын бастан өткізіп жатқан ерлі-зайыптыларға арналған психологиялық кеңес беру («татуластыру бөлмелері») қызметін ашу мен ұйымдастыру;

▪ үйленгені 3 жылдан асқан, бір-біріне түсініспеушілік пен сенімсіздік сезіне бастаған немесе ажырасу жағдайында жүрген ерлі-зайыптыларға арналған «Отбасы өмірінің даналық мектебі» жиналыстарын өткізу.

3. Кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға нотариустардың, адвокаттардың, азаматтық актілерін тіркеу органдарының қызметкерлері тарапынан Конституция күні, Отбасы күні, Балалар күні, Аналар күні, Адвокаттар күні ақысыз негізде кеңес беру акцияларын ұйымдастыру.

4. «Отбасының қоғамдағы беделі - елдің демографиялық қауіпсіздігінің негізгі компоненті» тақырыбында жас отбасыларға арналған семинарлар өткізу.

5. «Бала денсаулығы және микросоциум» атты жас отбасыларға арналған тақырыптық кездесулер өткізу.

6. Конкурстар, фестивальдер, мәдени шаралар өткізу және оларды ақпараттық қолдау:

- «Бақытты отбасы» республикалық шығармашылық фотоконкурсы;
- «Үздік көпбалалы отбасы» республикалық байқауы;
- Отбасын нығайтуға және түсік түсіруге жол бермеуге бағытталған «Өмір бірге қорғайық» акциясы.

7. Өңірлік қайырымдылық шаралар өткізу:

- «Біздің балалар»;
- «Жақсылық пен махаббат белгісі»;
- «Жүрегіңдегі періште»;
- Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, басқа санаттағы балаларға арналған «Балаларды мектепке жабдықтайық».

8. «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының тартымдылығын арттыру және ақпараттық қолдауды күшейту.

9. ҚР АҚДМ Жасөспірімдер және отбасылық істер жөніндегі комитетінің үйлестіруімен бес номинация бойынша: «Отбасылық ортада» атты облыстық бейнеконкурстар ұйымдастыру және өткізу:

- «Дені сау отбасы - салауатты ел»;
- «Менің отбасымның тарихы»;
- «Отбасы бір болғанда берік болады»;
- «Отбасы - мемлекеттің тірегі»;
- «Отбасы балалардан басталады».

10. Жастар арасындағы отбасылық құндылықтарды заманауи ұлттық кино призмасы арқылы насихаттау, отбасылық құндылықтарды насихаттайтын көркем және деректі фильмдер банкін құру.

Күтілетін нәтижелер:

- дәстүрлі отбасылық құндылықтарды сақтау, отбасының қоғамдағы рөлін күшейту;
- отбасылық құндылықтар туралы халықтың хабардарлық деңгейін көтеру;
- саналы түрде отбасын құруға дайын жас жұбайлар санының өсуі;
- ажырасулар мен түсіктер көрсеткішінің азаюы;
- отбасылық психологиялық, заңгерлік кеңес беруге бағытталған ұйымдар мен қызметтер көлемінің өсуі;

– ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдау деңгейінің артуы.

Көрсеткіштер:

1. Отбасылық-психологиялық, заңгерлік кеңестермен қамтылған адамдар санының өсуі.
2. Жас отбасылар санының өсуі және ажырасулар санының төмендеуі.



«Елім менің», «Тәуелсіздік толғауы» патриоттық әндердің республикалық конкурстарын өткізу бойынша ұсынымдар

Қоғамдық жаңғырудың негізгі өзегі ұлттық патриотизм. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі» деп атап өткен.

Туған елге, жерге, ұлттық құндылықтар мен мұраларымызға арналған жаңа өнер туындыларының жарыққа шығуына қолдау көрсетудің маңызы жоғары. Патриоттық әндердің санын арттырып, сапасын жақсартып, рухты туындылардың арасында бәсекелестік қалыптастыру мақсатында жыл сайын дәстүрлі «Елім менің», «Тәуелсіздік толғауы» патриоттық байқаулары ұйымдастырылып келеді. Республикалық конкурсқа ниет білдіруші жастардың да қатары артып отыр. «Елім менің», «Тәуелсіздік толғауы» республикалық байқаулары патриоттық музыкалық шығармалардан өзге, үздік қолөнер туындыларын да анықтап келеді.

Мақсаты - Патриоттық шығармалар арқылы жастардың отан сүйгіштік, елжандылық қасиеттерін арттыру және және шығармашылық өкілдерін қолдау мен насихаттау.

Міндеттері:

- отандық композиторлар мен драматургтердің, ақындардың шығармашылығына қолдау көрсету;
- өнер туындылары арқылы ұлттық патриотизм мен өнерге деген халықтың мәдениетін қалыптастыру;
- заман талабына сай, мазмұнды, рухты музыкалық туындылардың санын көбейту;
- өнер туындылары арқылы жастардың бойына патриоттық сезім ұялату;
- ұлттық бірегейлікті қалыптастырып, мәдениеттің әр саласындағы кәсіби мамандарға қолдау көрсету;
- республикалық концерттік ұйымдар, театрлар мен музейлердің шығармашылық қорын жаңа туындылармен толықтыру;
- ұлттық қолөнер саласының жаңа заманға сай, қазақы нақышын сақтай отырып дамуына қолдау көрсету;

– үздік қолөнершілер мен авторларды халыққа танытып, бұйымдарының халықаралық дәрежеде насихаттау.

Іске асыру механизмдері:

– «Ұлы дала есімдері» номинациясы бойынша Абайдың, Әл-Фарабидің мұралары, шығармаларының негізгі мағынасын айшықтайтын патриоттық әндер жазған авторларды анықтау;

– «Ұлағатты ұрпақ» номинациясы бойынша балалар тақырыбына арналған үздік туындылар;

– «Сарбаз әні» номинациясы бойынша ең үздік, рухты әскери әндер тізімін жаңарту;

– Абай, Әл-Фарабидың шығармаларындағы философияны дәріптейтін музыкалық шығармаларды анықтау (симфониялық, камералық, халық аспаптары, хор, балет);

– театрларға арналған отбасылық құндылықтарды, адамның тұлғалық дамуын, салт-дәстүрден хабар беретін үздік пьесаны анықтау (музыкалық-драмалық, дузыкалық-комедия);

– қуыршақ театрларына арналған ең үздік балаларға арналған шығармалар;

– ұлттық нақыштағы ең үздік қолөнер туындыларын, зергерлік бұйымдар авторларын анықтау;

– байқау жеңімпаздары мен жұмыстары барлық БАҚ-көздері арқылы халыққа таныстырылуы керек;

– жеңімпаздар жайлы телеарналардан бейнесюжеттер өтуі тиіс;

– байқаудың гала-концертін мемлекеттік арналардан көрсетуді ұйымдастыру;

– ең үздік әндерді барлық отандық арналардан насихаттау;

– туған жер, салт-дәстүрді астастырып, үздік танылған әнге бейнебаян түсіру;

– байқау аясында жастар қатысушылар мен танымал композиторлар, қолөнершілер, шығарма авторлары арасында кездесулер ұйымдастыру керек. Сол арқылы жас авторларға шеберлік сағаттарын өткізіп, алдағы жұмыстарына бағыт-бағдар беру;

– театр сахнасына арналған үздік қойылымдар мен шығармаларды республика көлемінде таныстырып, әр аймақта қойылымдар өткізу;

– үздік сарбаз әндерін мектептерде алғашқы әскери дайындық сабақтарында оқушыларға үйрету.

Күтілетін нәтижелер:

– отандық авторларға қолдау көрсету арқылы өнімнің бәсекеге қабілеттілігі артып, алтын қор жаңа отандық шығармалармен толығады;

– өнер туындыларын бойына сіңірген халықтың ұлттық патриотизмі оянып, өнерге деген мәдениеті қалыптасады;

- сапасы жоғары туындылар арқылы жас ұрпақ қазақстандық патриотизм рухында тәрбиеленіп, олардың Отанға деген сүйіспеншілігі артады;
- мәдениеттің әр саласындағы дарынды, талантты өнер адамдарының танылып, шығармаларын ел арасында насихаттауға мүмкіндік алады;
- театрға арналған үздік балалар шығармаларының саны көбейеді;
- үздік сарбаз әндері анықталады;
- Абай, Әл-Фараби шығармаларына арналған жаңа туындылар жарық көреді;
- жаңа туындылармен толыққан театр, музей мен концерттік ұйымдардың шығармашылық қоры артады.



**«Рухани жаңғыру» бағдарламасы – Тәуелсіз
Қазақстанның рухани жаңғыруының негізі ретінде
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
өткізу бойынша ұсынымдар**

Сарапшылардың пікірінше, төртінші өнеркәсіптік революцияның трендтері алдыңғы ғылыми-техникалық революцияларға қарағанда анағұрлым терең әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси трансформациялар әкеледі. Бұл жер шары халқының қалыптасқан өмір сүру тәртібін түбегейлі өзгертеді.

Осындай жағдайда индивидтер мен қоғамның алдында осы өзгерістерге бейімделіп, дәуірдің талаптарын ескере отырып синхронды түрде трансформациялану міндеті тұр. Бұл ретте трансформациялық процесс екі кереғар процесті біріктіруді талап етеді; бір жағынан, уақыт ағымына сай келу және өркениеттен тыс қалмау үшін жаңа дәуірдің үздік жетістіктері мен инновацияларын қабылдау керек, екінші жағынан, мыңжылдықтар бойы қалыптасқан және жеке тұлғаларды біртұтас қоғамға біріктіруге арқау болған ұлттық бірегейлікті жоғалтпау міндеті тұр.

2017 жылғы 12 сәуірде Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасының Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту» атты бағдарламалық мақаласы жарық көрді. Бағдарламалық мақала жоғарыда аталған жаңа сын-қатерлерге сындарлы жауап болып табылады.

Елбасы қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі факторларын белгілеп, жалпы қоғам мен әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудағы өзекті алты бағытты атап өтті:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

Бағдарламалық мақалада құндылықтық бағдарлар мен мінез-құлық модельдерінің сипаттамасы берілген. Әрбір азаматтың оларды иеленуі еліміздің әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің қатарына енуіне ықпал етеді. Елбасының бағдарламалық мақаласының мазмұны ізгі тұлға мен кіршіксіз қоғам туралы ойлаған Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Абай Құнанбаев сияқты ұлы дала ойшылдарының философиялық трактаттарымен үндеседі.

Мақаланы тұлға мен қоғамның бәсекеге қабілеттілігін арттыру және ұлттық кодты ұзақ ғасырлар бойы сақтау мақсатында олардың мінез-құлқын қайта пайымдауға бағытталған іргелі трактат деп айтуға болады. Бұл тұрғыдан ол Мәңгілік ел тұжырымдамасының идеологиялық тұғырнамасы болып табылады.

2018 жылдың 21 қарашасында Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты екінші бағдарламалық мақаласы жарияланды. Отандық сарапшылар қазақстандық қоғамды Үшінші жаңғыртуға арналған осы екі бағдарламалық мақаланы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) деген бірыңғай атпен атауды ұсынды.

Ағымдағы жылдың сәуір айында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаланың жарияланғанына үш жыл болады. Осы жылдар ішінде бағдарлама аясында 93 мыңнан астам іс-шара өткізілді, олардың жартысынан астамы ауылдық жерлерде іске асырылды. Халықты жыл сайынғы қамту көрсеткіші шамамен 12 млн. адамды құрады.

Осындай қысқа мерзімге қарамастан Бағдарламаның барлық бағыттары бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізілді. Атап айтқанда, ұлттық бірегейлік пен патриотизмді нығайту, ұлттық тарихи білімді тереңдету, өлке тарихын зерттеу бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. Тарихи ескерткіштер мен киелі жерлерді қалпына келтіру, қазақстандық мәдениетті дамыту және кеңінен насихаттау, туған өлкенің дамуына көптеген меценаттар мен демеушілерді тарту, сол арқылы әлеуметтік мәселелерді шешу, соның ішінде ұлттық тарихты, мәдениетті Бағдарлама арқылы ұғындыру шаралары қабылданды. «Рухани жаңғыру» жобалық офистері барлық өңірлерде ашылды, олар жергілікті тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді және Бағдарлама бойынша арнайы жобаларды іске асыруды үйлестіреді.

«100 жаңа есім» арнайы жобасының аясында мемлекеттің дамуына өз үлесін қосатын және жаңа сапалы өзгерістердің өзегі болатын жаңа тұлғаларды іздестіру жұмыстары жүргізілуде.

2019 жылдан бастап барлық мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдарды Бағдарламаны іске асыруға тарту бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр. Өйткені, сананы жаңғырту мәселесі кез-келген саладағы қазақстандықтарға қатысты.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесі Бағдарламаны одан әрі тиімді іске асыру мақсатында оның іске асырылу барысын қайта қарау қажеттілігін көрсетті.

Бағдарламаны іске асыруға қатысатын барлық құрылымдар өкілдерінің: орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, «Рухани жаңғыру» өңірлік жобалық офистерінің, «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының, «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы өкілдерінің, қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі Ұлттық комиссия мүшелерінің, Өңірлік сараптамалық кеңестер мен сарапшылар қауымдастығы мен университеттер өкілдерінің және халықаралық сарапшылардың қатысуымен сәуір айында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы – Тәуелсіз Қазақстанның жаңғыруының негізі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтеді.

Конференцияда Бағдарламаны 3 жыл бойы іске асырудың аралық қорытындылары шығарылады.

Конференцияның бағдарламасына келесі бағыттар бойынша баяндамалар енгізілген:

– «Рухани жаңғыру» – көшпелі өркениеттің құндылықтарына негізделген идеология;

– Болашақтың біртұтас бейнесін қалыптастыру: Қазақстанның халықаралық аренадағы рөлі, жетілген азаматтық қоғам, заманауи қазақстандықтың портреті;

– Қоғамдық сананы жаңғырту саласындағы әлеуметтік инновациялар. Басқарудың заманауи технологиялары, көшбасшылардың пулын қалыптастыру, қоғамның өзін-өзі ұйымдастыру процестерін басқару;

– Қоғамдық сананы жаңғырту, жаңа әлем құндылықтарын қалыптастыру саласындағы қазіргі заманғы тенденциялар бойынша халықаралық сарапшылардың пікірі;

– Өңірлік жобалық офистердің бағдарлама шеңберіндегі озық тәжірибелерін таныстыру;

Конференция форматы: пленарлық және панельдік сессиялар, диалогтік алаңдар.

Конференцияның өткізілетін орны Н.Назарбаев университеті.

Конференция аясында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 3 жылдағы жетістіктерін көрсететін арнайы көрме ұйымдастыралады. Көрмеде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ең үздік жобалары экран арқылы таныстырылады.

Залдың фойесінде ұлттық бағыттағы халықтық қолөнер көрмесі қойылып, мемлекеттің тарихын танытып, қазақ халқының салт-дәстүр мен әдет-ғұрпынан хабар беретін танымал қазақстандық суретшілердің картиналары орналастырылады. Көрмені ұлттық аспаптарда ойналған музыкалық шығармалар сүйемелдейтін болады.

Конференцияның бірінші бөлімі Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың атынан келген құттықтау сөзді оқумен ашылады. Шараның алғашқы күні марапаттау рәсімімен аяқталады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының өңірлердегі жобалық офистері атқарған жұмыстарының оң нәтижелері мен жетістіктері бойынша номинациялық алғыс хаттармен марапатталады. Бағдарламаға

атсалысқан үздік меценаттар өңірдің дамуына қосқан үлесі үшін мемлекеттік марапаттармен марапатталады.

Конференцияның екінші бөлімі толықтай 4 диалогтік алаңға арналады:

- форсайттық зерттеу жұмыстарының алдын-ала қорытындылары;
- әлеуметтік жобалар акселераторының тұсаукесері;
- «Рухани жаңғыру» өңірлік жобалар офистерінің менеджменті;
- ақпаратты сапалық талдау. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының

жүзеге асу тиімділігін бағалау.

Конференцияның мақсаты – «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырудың нәтижелерімен танысып, алдағы уақытта атқарылар жұмыстардың тиімділігі бойынша конструктивті дискуссия ұйымдастыру.

Конференцияның міндеттері:

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру бойынша өзекті мәселелерді талқыға салу;
- Бағдарламаны тиімді алға жылжыту үшін үздік тәжірибелермен бөлісу;
- Бағдарламаның нәтижелері енгізілетін жаңа салаларды анықтау;
- Бағдарламаның жүзеге асуына атсалысып жатқан институттар арасында тиімді байланыстарды дамыту;
- қоғамдық сананың жаңғырту нәтижелерінің ортақ көріністерін қалыптастыру;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының барлық бағыттарына жобалық толықтыру енгізу бойынша ұсыныстар жасап, әлеуметтік инновацияларды кіріктіру;
- әлемнің үздік тәжірибелерін зерделеу мақсатында бағдарламаның жүзеге асу барысын талқылауға халықаралық сарапшыларды шақыру.

Күтілетін нәтижелер.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының 3 жыл іске асырылуын қорытындылау.

Қоғамдық сананы жаңғыртудағы үздік тәжірибелермен алмасу.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру бойынша өзекті мәселелер бойынша ұсныстар жасап, барлық қызығушы тараптармен өзара әрекеттесу.

Көрсеткіштер:

Қатысушылар саны – 100 адамнан кем емес;

Баяндамамен қатысатын отандық сарапшылар – 15 адамнан көп;

Баяндамамен қатысатын шетелдік сарапшылар – 4 адам;

Волонтерлер – 20 адамнан кем емес;

Диалогтік аландар – 4.

Нәтижелер көрмесі –1.



Бірыңғай тақырыптар бойынша (тақырыптар тұлғалық даму, мемлекет пен қоғамның дамуына, ұлттық бірегейлікті сақтауға негізделуі және АҚДМ-мен келісілуі тиіс) ай сайынғы сынып сағаттары, дәрістік сабақтар, ата-аналар жиналыстары және қамқоршылық кеңестері форматында білім беру мекемелерінде (мектептер, ТЖКБ ұйымдар және жоғары оқу орындары) «Рухани жаңғыру» бағдарламасының, «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасының, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасының қағидалары мен бағыттарын талқылау жөніндегі іс-шараларды өткізу бойынша ұсынымдар

Алдағы онжылдықта қазіргі өскелең ұрпақ елдің әл-ауқатын айқындайтын, оның экономикалық, ғылыми және мәдени салалардағы әлеуетін топтастыратын, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін болады. Сондықтан мектепте, ТЖКБ мен жоғары оқу орындарында тәрбиенің идеологиялық, адамгершілік және патриоттық бағыттарын күшейту қажет.

Қазіргі уақытта білім беру мекемелерінде білім алушылардың әлеуметтік белсенділігінің қалыптасуын қолдау, азаматтық және патриоттық құндылықтарды қалыптастыруға жағдай жасау жұмыстарына үлкен мән беріліп отыр.

Бұл жұмыстар жастарды азаматтық қоғамның түрлі институттарының қызметіне тарту, қызығушылықтары бойынша әртүрлі бастамашылық топтар мен клубтар құру жолымен жүргізіледі. Оқу орнының қоғамдық өміріне белсенді қатыса отырып, жастар түрлі мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысады, осылайша өз ой-өрісін кеңейтеді. Өте белсенді жастар болса, осы жұмыстар барысында болашақ мамандық, өмірлік құндылықтар мен басқа да процестерге қатысты таңдау жасайды.

Дегенмен, оқу орындарында жүргізіліп жатқан жұмыстар жүйелі емес. Жастардың басым бөлігі пассивті және қоғамдық өмірге қажетті деңгейде тартылмайды, бұл олардың өз бетінше әлеуметтенуі мен болашақ өмірлік бағдарларын анықтауды қиыналуына алып келеді. Мұндай жағдайлардың нәтижесі теріс әлеуметтік салдарларға әкелуі мүмкін.

Тәрбие мен білім кез келген тұлғаны қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Бұл ретте білім берудің тек ақпаратты механикалық берілуімен және кері байланысты орнатумен шектелмеуі тиіс. Білім беру процесі ең алдымен жалпы адамзаттық құндылықтарға және жас ұрпақты осы құндылықтар призмасында тәрбиелеуге негізделуі тиіс.

Осыған байланысты, жастарға негізгі идеологиялық қағидаттарды сіңіру, оларда жалпы адамзаттық құндылықтар шеңберінде тәрбиелеу мемлекеттің өзекті және бірінші кезекті міндеті. Білім беру мекемелерінде идеологиялық, тәрбие және ақпараттық жұмыстарды жүргізу жаһандық, тез өзгеретін әлемдік процестерге бейімделуге, сонымен бірге өзінің тарихи, ұлттық бірегейлігін

жоғалтпайтын бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастырудың кепілі.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласын дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасын іске асыру жоспарланған. Бағдарлама бойынша бұл жоба барлық мектептер мен колледждерде жүзеге асырылады. Бағдарламаның негізгі мәні ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту, мектеп пен ата-аналардың өзара іс-қимылының жаңа форматын енгізу арқылы балаларды тәрбиелеуде отбасының рөлін арттыру. Жобаны іске асыру барысында оқыту мен тәрбиелеудің құндылықтық-бағдарлы тәсіліне баса назар аударылады, ол мектеп атмосферасында, мәдениетте, барлық қызметкерлердің мінез-құлқында және қатынасында көрініс табады. Бұл бағдарлама өзін-өзі тануды, өзін-өзі дамытуды, әлеуметтік жауапкершілікті және оқушыларды әлеуметтендіруді қалыптастыруға ықпал етеді және құндылықтардың оқу бағдарламаларының мазмұнына кірігуін көздейді.

Жоғарыда көрсетілген жобаның негізгі қағидаттары мемлекеттің одан әрі дамуының идеологиялық платформасы болып табылатын «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаттарымен сәйкеседі.

Осыған байланысты жобаның ауқымын кеңейту және оған жоғары оқу орындарын қосу қажет. Осылайша, білім алушылар білім беру процесінің барлық сатыларында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаттары мен бағыттары туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарымен қамтылатын болады.

Аталған бағдарламалардың негізгі бағыттары бойынша жастармен кең ақпараттық жұмыс жүргізу, олардың қағидаттарын, мәнін және іске асыру тәсілдерін талқылау қазақстандықтардың жаңа буынының рухани дамуына және оның санасын жаңғыртуға ықпал ететін болады.

Осы бағыттағы жұмыс жүйелі негізде жүргізілуге тиіс, іс-шаралар тақырыптары жеке тұлғаны, мемлекетті, азаматтық және жергілікті қоғамдастықты дамыту, сондай-ақ ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелеріне негізделуге тиіс. Бағдарлама қағидаттарын дұрыс, терең түсіну әрбір жас адамның жеке басын дамытуға, оның өмірлік бағдарлары мен құндылықтарын қалыптастыруға көмектеседі, бұл өз кезегінде болашақта мемлекеттің дамуына тікелей ықпал етеді.

Іс-шаралардың мақсаты:

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының және «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасының негізгі қағидаттары мен бағыттары аясында білім алушыларды ақпараттандыру бойынша оқу орындарында іс-шаралар кешенін өткізу арқылы жастардың тұлғалық дамуына көмектесу.

Іс-шаралардың міндеттері:

1. Оқу орындарында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаттары мен бағыттарын талқылауды өткізуге арналған ақпараттық материалдар пакетін дайындау.

2. «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы шеңберінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын талқылау бойынша Қазақстанның оқу орындарында

іс-шаралар кешенін ұйымдастыру және өткізу.

3. Білім алушылар мен олардың ата-аналарының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы хабардарлығын арттыру.

Іске асыру тетіктері:

Ең алдымен ақпараттық науқанның бірыңғай тұжырымдамасын әзірлеу, білім беру іс-шараларын өткізудің бірыңғай жоспарын дайындау және бекіту қажет.

Бүкіл оқу процесі ішінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы сынып сағаты, дәріс, ата-аналар жиналысы және қамқоршылық кеңес мәжілісі форматында ай сайын бір тақырыпта жалпы республикалық сынып сағаты өтеді. Бағдарламаның әрбір 6 бағыты бойынша арнайы білім беру іс-шаралары өтеді.

Тақырыптар жеке тұлғаның, мемлекеттің, азаматтық және жергілікті қоғамдастықтың дамуына, ұлттық бірегейлікті сақтауға негізделуі керек және ҚР АҚДМ-мен келісілуі тиіс.

Бірінші кезең. Ақпараттық іс-шараларды өткізу үшін пайдаланылатын бірыңғай тұсаукесер материалдарын әзірлеу. Құжаттарды ҚР БЖҒМ әзірлейді және міндетті түрде ҚР АҚДМ-мен келісілуі тиіс.

Құжаттар пакетінде мынадай материалдар болуы тиіс:

- «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың 7 қыры» бағдарламалық мақалалары.

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттары туралы тұсаукесер. Тұсаукесер әр түрлі нысаналы аудиторияларға (жалпы білім беру мектептері, ТЖКБ, ЖОО) арналған болуы тиіс.

- Төмендегі тақырыптар бойынша 7 сабақ өткізу сценарийлері:

1.1 «Рухани жаңғыру – Ел болашағы» сабағы – бағдарламаның негізгі мәні, оның бағыттары, мақсаттары мен міндеттері туралы баяндайды.

1.2 «Бәсекеге қабілеттілік: табысқа жол» сабағы.

1.3 «Біздің өміріміздегі прагматизм» сабағы.

1.4 «Ұлттық бірегейлікті сақтау: Қазақстан жаһандық әлемде» сабағы.

1.5 «Білімнің салтанат құруы: менің бүгінім – менің ертеңім» сабағы.

1.6 «Біздің таңдауымыз: Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы».

1.7 «Сананың ашықтығы – әлемге ашықтық» сабағы.

Жобаны іске асырудың екінші кезеңінде «Рухани жаңғыру – Ел болашағы» атты жалпы республикалық бірыңғай сынып сағаты өткізіледі. Сынып сағаты мектептердің барлық сыныптарында, ЖОО-ның оқу топтарында және ТЖКБ-да бір мезетте өткізіледі. Іс-шаралар өткізу БАҚ-та жарияланады.

Жыл бойы жоғары оқу орындарында конкурс туралы алдын ала әзірленген Ережеге сәйкес «Рухани жаңғыру» – кеше, бүгін, ертең» тақырыбында бейне жұмыстар конкурсы өтуі тиіс. Қатысушылардың дайын жұмыстары #RJ-2020 хештегі бойынша әлеуметтік желілерде жарияланады.

Іске асыру мерзімі: жыл бойы.

Күтілетін нәтижелер:

- жастардың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы ақпараттануы, оның мәні мен мазмұнын түсінуі артады.
- «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы бойынша ақпараттандырумен және оқытумен айналысатын мұғалімдер мен оқытушылар тобы дайындалады.
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруға қатысатын оқу орындарының саны артады.

Көрсеткіштер:

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мәні мен мазмұнын түсінетін Оқушылар саны – 150 000 адам;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша сабақ сценарийлерінің саны – 7 тақырып.



Бірыңғай тақырыптар бойынша (тақырыптар тұлғалық даму, мемлекет пен қоғамның дамуына, ұлттық бірегейлікті сақтауға негізделуі және ҚР АҚДМ-мен келісілуі тиіс) ай сайынғы негізде жұмыс кеңестері, еңбек ұжымдарында кездесулер форматында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаттары мен бағыттарын талқылау жөніндегі іс-шаралар өткізу бойынша ұсынымдар

Еңбек тұлғаның қалыптасуының маңызды кезеңі болып табылады, оның аясында адамның қоғамдық маңызы бар мінез-құлқы түбегейлі қалыптасып, өмірі жасампаздық мағынамен толықтырылады.

Қазақстан жаһандық кеңістіктің бір бөлігі ретінде жаңа өндірістер, білім мен ғылымның жаңа жүйелері пайда болып жатқан, орта таптың қалыптасуы жүріп жатқан тұрақты өзгермелі әлемнің ықпалында тұр. Бұл процестің барлығы қазақстандықтардың санасында үлкен өзгерістерге итермелейді. Сонымен қатар, бір жағынан, қазақстандық қоғамды әлеуметтік-экономикалық жаңғырту кезеңінде жоғарыда аталған процестердің ықпалына байланысты әлеуметтік инфантилизм, жеке инерция, масылдық көріністері бар, екінші жағынан, нарықтық тетіктердің ықпалының артуы салдарынан қоғамның өзін-өзі ұйымдастыру, белсенділіктің күшеюі, азаматтардың шығармашылық әлеуетін ашу дәрежесі өсуде. Бұл қарама-қайшы процестер оларға әртүрлі әсер етеді, көбінесе жаңа процестерге бейімделмеген адамдардың қанағаттанбаушылығын тудырады.

Осыған байланысты еңбек етіп жатқан халықты рухани жаңғырту, жасампаз еңбек, инновациялық экономика құру құндылықтарын қолдау, сондай-ақ волонтерлік, қайырымдылық, азаматтардың өзін-өзі ұйымдастыру тетіктерін қолдау, мемлекеттің, жеке сектордың, кәсіби және өзге де

бірлестіктердің, еңбек қатынастарының түрлі субъектілерінің әріптестігін қолдау процесіне тарту маңызды.

Жұмыс кеңестері, кездесулер форматында еңбек ұжымдарында бағдарламаның қағидаттары мен бағыттарын талқылау жөніндегі іс-шаралар кешенін өткізу жауапты және мықты адамдардың ұлтын қалыптастыру процесінің маңызды құрамдас элементтерінің бірі болуы мүмкін.

Еңбек ұжымдарын бағдарламаның қағидаттары мен бағыттарын талқылауға енгізу еңбек қатынастарына қатысушылардың үлкен тобына кешенді ықпал етуге мүмкіндік береді, олармен байланысты олардың отбасы мүшелері, азаматтық қоғамның мүдделі институттары арқылы кең жұртшылыққа әсер етеді.

Бұл шаралар мінез-құлық үлгілерінің өзгеруіне, еңбекшілердің жаңа әлеуметтік мәдениетінің, бизнес-қоғамдастық атынан орта таптың қалыптасуына ықпал етуге, ал олар арқылы барлық қоғамға әсер етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі әлемде жылдам және тиімді білім ала алатын, бәсекеге қабілетті және прагматикалық, ұлттық бірегейліктің негізін құрайтын өз халқының тарихы мен мәдениетінен хабардар адамдар өз Отанының жауапты азаматы бола алады.

Осыған байланысты білім беру процесіне тұлғаны, мемлекетті, азаматтық және жергілікті қоғамдастықты дамыту құндылықтарын зерделеу мен талқылауды, сондай-ақ бағдарламаның тұжырымдамаларына сәйкес ұлттық бірегейлікті сақтауды енгізу – сананың архетиптері мен мінез-құлық үлгілерінің өзгеруіне, бір жағынан, тұрақты өзгеріп жатқан әлемнің жаңа сын-қатерлеріне сәйкес келетін азаматтардың жаңа әлеуметтік мәдениетін қалыптастыруға кешенді ықпал етуге, екінші жағынан, оларға өз отанын құру процесінің белсенді қатысушылары болуға мүмкіндік береді.

Іс-шаралар кешенін ұйымдастырудың **мақсаты** – сананы жаңғырту, әлеуметтік мәдениеттің жаңа үлгілерін қалыптастыру, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаттарын көпшілікке тарату арқылы еңбек етуші азаматтардың, отандық бизнес-қоғамдастықтардың, орта таптың жаңа әлеуметтік мәдениетін қалыптастыру.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

1) «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мазмұнын, құндылықтарын насихаттау»;

2) әлеуметтік мінез-құлықты өзгерту, бағдарлама құндылықтарына негізделген еңбекшілердің жаңа әлеуметтік мәдениетін, отандық бизнес-қоғамдастықты, орта таптың қалыптасуы.

Іске асыру тетігі:

1. «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ еңбек ұжымдарының қызметкерлері үшін «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаттары мен бағыттары бойынша іс-шаралар кешенін өткізу бойынша әдістемелік материалдар әзірлеу.

2. ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдіктері еңбек ұжымдарында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаттары мен бағыттарын бірыңғай тақырыптар бойынша ай сайынғы негізде жұмыс кеңестері, кездесулер форматында талқылау жөніндегі іс-шаралар кешенін ұйымдастыруға және өткізуге жауапты тұлғаларды анықтайды.

3. Іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын әзірлеу, мақсатты аудиторияға байланысты форматтарды, іс-шаралардың мазмұнын анықтау және ҚР АҚДМ-мен келісу.

Күтілетін нәтижелер:

- ҚР еңбек ұжымдарының жұмыс істейтін азаматтары арасындағы бағдарламаның мазмұны туралы мағлұматтанудың артуы;
- әлеуметтік мінез-құлықты өзгерту, бағдарлама құндылықтарының контекстінде азаматтар арасында жаңа әлеуметтік мәдениетті қалыптастыру;
- ойлаудың, мінез-құлықтың жаңа үлгілерін тарату арқылы еңбек етуші азаматтардың бағдарлама құндылықтарын таратуы.

Көрсеткіштер:

2021 жылы бағдарлама құндылықтарымен танысқан еңбек ұжымдары қызметкерлерінің санын 75%-ға ұлғайту.

Еңбек ұжымдарының өкілдері қатарынан бейресми идеологтардың пулын құру.

Бағдарламаны іске асыруға тартылған еңбек ұжымдары қызметкерлерінің санын 25%-ға ұлғайту.

Қайырымдылық, еріктілік мәдениетіне тартылған еңбек ұжымдары қызметкерлерінің санын 25%-ға ұлғайту.



Бірыңғай тақырыптар бойынша ай сайынғы негізде денсаулық сақтау ұйымдарында жұмыс кеңестері, кездесулер форматында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаттары мен бағыттарын талқылау жөніндегі іс-шараларды өткізу бойынша ұсынымдар (тақырыптар тұлғалық даму, мемлекетті, азаматтық және жергілікті қоғамдастықты дамытуға, сондай-ақ ұлттық бірегейлікті сақтауға бағытталуы және ҚР АҚДМ-мен келісілуі тиіс)

Өзектілігі. Мемлекеттің әлеуметтік әл-ауқаты мен экономикалық өркендеуінің негізі ретінде азаматтардың денсаулығын қорғау – отандық денсаулық сақтау жүйесі қызметінің маңызды мақсаттарының бірі. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін денсаулық сақтау мекемелері халықпен ауқымды жұмыс жүргізуде. Сол себепті осы сала қызметкерлерінің Бағдарламаның құндылықтарына негізделген әлеуметтік мәдениеті мен мінез-құлық жаңа үлгілерін қалыптастыру мемлекеттің идеологиялық жұмысының маңызды бөлігі болып табылады.

Денсаулық сақтау қызметкерлерін рухани жаңғыру, инклюзивті қоғам, адамды дамыту құндылықтарын қолдау, сондай-ақ волонтерлік, қайырымдылық, азаматтардың өзін-өзі ұйымдастыру, мемлекеттің, жеке сектордың және азаматтық қоғамның өзге де институттарының серіктестігі тетіктерін қолдау процесіне тарту маңызды.

Ай сайынғы негізде денсаулық сақтау ұйымдарында жұмыс кеңестері, кездесулер форматында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаттары мен бағыттарын талқылау жөніндегі іс-шаралар кешенін өткізу жауапты және мықты адамдардың ұлтын қалыптастыру процесінің маңызды құрамдас элементтерінің бірі болуы ықтимал.

Денсаулық сақтау қызметкерлерінің ұжымдарын Бағдарламаның қағидаттары мен бағыттарын, жеке тұлғаны, мемлекетті, азаматтық және жергілікті қоғамдастықты дамыту құндылықтарын талқылауға енгізу, сондай-ақ ұлттық бірегейлікті сақтау – әлеуметтік салаға қатысушылардың үлкен тобына, оның ішінде олардың отбасы мүшелеріне, азаматтық қоғамның мүдделі институттары атынан кең жұртшылыққа кешенді ықпал етуге мүмкіндік береді.

Бұл сананың архетиптері мен мінез-құлық үлгілерінің өзгеруіне, жеке тұлғаны дамытуға, инклюзивті қоғам стандарттарын қолдауға, қайырымдылық тетіктерін, азаматтардың қоғамдық денсаулығын сақтау саласындағы волонтерлікті қолдауға бағытталған азаматтардың жаңа әлеуметтік мәдениетін қалыптастыруға кешенді ықпал етуге мүмкіндік береді.

Іс-шаралар кешенін ұйымдастырудың **мақсаты** – «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаттарын насихаттау арқылы денсаулық сақтау қызметкерлерінің, осы салада жұмыс істейтін адамдардың кең ауқымының әлеуметтік мәдениетінің жаңа үлгілерін қалыптастыру, санасын жаңғырту.

Осы мақсатқа жету үшін келесі **міндеттерді** шешу қажет:

1) «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мазмұнын, құндылықтарын насихаттау;

2) Бағдарламаның құндылықтарына негізделген денсаулық сақтау қызметкерлерінің, әлеуметтік саланың азаматтық қоғам институттарының әлеуметтік мінез-құлқын өзгерту, жаңа әлеуметтік мәдениетін қалыптастыру.

Іске асыру тетігі:

1. «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлеріне арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаттары мен бағыттары бойынша іс-шаралар кешенін өткізу бойынша әдістемелік материалдар әзірлеу.

2. Әзірленген әдістемелік материалдарға сәйкес «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидалары мен бағыттарын талқылау бойынша жұмыс кеңестері, денсаулық сақтау ұйымдарында ай сайынғы негізде кездесулер форматында еңбек ұжымдарында іс-шаралар кешенін ұйымдастыруға және өткізуге жауапты тұлғаны ҚР ДСМ анықтайды.

3. Іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын әзірлеу, мақсатты аудиторияға байланысты форматтарды, іс-шаралардың мазмұнын анықтау, ҚР АҚДМ-мен келісу.

Күтілетін нәтижелер:

- денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлері арасында Бағдарламаның мазмұны туралы хабардарлық артады;
- әлеуметтік мінез-құлықты өзгерту, бағдарлама құндылықтарының мәнмәтінінде азаматтар арасында жаңа әлеуметтік мәдениетті қалыптастыру;
- еңбек етуші азаматтардың ойлаудың, мінез-құлықтың жаңа үлгілерін трансляциялау арқылы Бағдарлама құндылықтарын таратуы.

Көрсеткіштер:

- 2021 жылы бағдарлама құндылықтарымен танысқан денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің санын 75%-ға ұлғайту;
- денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің ішінен Бағдарламаның бейресми идеологтарының пулын құру;
- Бағдарламаны іске асыруға тартылған денсаулық сақтау жүйесіндегі еңбек ұжымдарының санын 25%-ға ұлғайту;
- қайырымдылық, волонтерлік мәдениетіне тартылған денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің санын 25%-ға ұлғайту.



Бірыңғай тақырыптар бойынша ай сайынғы негізде мәдениет және спорт ұйымдарында жұмыс кеңестері, кездесулер форматында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаттары мен бағыттарын талқылау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдар (тақырыптар тұлғалық даму, мемлекетті, азаматтық және жергілікті қоғамдастықты дамытуға, сондай-ақ ұлттық бірегейлікті сақтауға бағытталуы және ҚР АҚДМ-мен келісілуі тиіс)

Өзектілігі. Мемлекеттің мәдениет, тілдерді дамыту, архив ісі мен құжаттама, дене шынықтыру және спорт салаларындағы қызметі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің ережесімен айқындалған.

Бұл қызмет халықтың қалың бұқара топтарына бағытталғандықтан, азаматтық қоғам қатысушыларының үлкен бөлігін қамтиды. Осыған байланысты Мәдениет және спорт қызметкерлерімен «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаттары мен бағыттарын талқылау, Бағдарлама құндылықтарына сәйкес келетін азаматтардың жаңа әлеуметтік мәдениеті мен мінез-құлқын жаңғыртуға ықпал ететін сананың жаңа архетиптерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Бұл мемлекеттің идеологиялық жұмысының маңызды бөлігіне жатады, өйткені мәдениет және спорт қызметкерлерінің қызметі салауатты өмір салтының құндылықтарын қалыптастыру, тілдерді дамыту, елдің мәдени

жетістіктерін шетелде танымал ету жөнінде халық санасымен жұмыстың маңызды бағыттарын қамтиды.

Осы сала қызметкерлерін рухани жаңғырту құндылықтарын қолдауға, қазақстандықтардың жаңа бейнесін қалыптастыруға және мәдениет пен спорт өкілдерінің жетістіктері арқылы еліміздің халықаралық ұстанымдалығын арттыруға қол жеткізуге тарту маңызды. Сондай-ақ волонтерлік, қайырымдылық, азаматтардың өзін-өзі ұйымдастыру, мемлекеттің, жеке сектордың, азаматтық қоғамның өзге де институттарының серіктестік тетіктерін қолдау процесіне тарту да өзекті. Осы бағыттарды іске асыру барлық қазақстандықтардың ортақ мақсаты – мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлтқа айналу мақсатын іске асыра отырып, азаматтардың қоғамдық санасын жаңғыртуға ықпал ететін болады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің бағдарламалық мақаласында атап өткендей: «Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек». Осыған орай Мәдениет және спорт қызметкерлерінің ұжымдарын жеке тұлғаны, мемлекетті, азаматтық және жергілікті қоғамдастықты дамыту, сондай-ақ ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелерін талқылауға енгізу әлеуметтік салаға қатысушылардың кең шоғырын қамтуға, оның ішінде олардың отбасы мүшелеріне, мәдениет және спорт саласындағы азаматтық қоғамның мүдделі институттарына ықпал етуге мүмкіндік береді.

Бұл шаралар жұмыс кеңестері, мәдениет және спорт ұйымдарындағы кездесулер форматында ай сайынғы негізде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаттары мен бағыттарын талқылау арқылы өз мәдениеті мен ұлттық кодты сақтауды ескере отырып, Үшінші жаңғырудың сын-қатерлері жағдайында ұлттық сананы қалыптастыруға, ақпараттық қоғам құруға кешенді септігін тигізуге мүмкіндік береді.

Іс-шаралар кешенін ұйымдастырудың **мақсаты** – «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаттарын насихаттау арқылы мәдениет және спорт қызметкерлерінің, жалпы осы салада жұмыс істейтін адамдардың басым бөлігінің әлеуметтік мәдениетінің жаңа үлгілерін қалыптастыру, санасын жаңғырту болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін келесі **міндеттерді** шешу қажет:

- 1) «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мазмұнын, құндылықтарын насихаттау;
- 2) мәдениет және спорт қызметкерлерінің, Бағдарламаның құндылықтарына негізделген осы саладағы азаматтық қоғам институттарының әлеуметтік мінез-құлқын өзгерту, жаңа әлеуметтік мәдениетін қалыптастыру.

Іске асыру тетiгi:

1. «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ мәдениет және спорт ұйымдарының қызметкерлеріне арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаттары мен бағыттары бойынша іс-шаралар кешенін өткізу бойынша әдістемелік материалдар әзірлеу.

2. ҚР МСМ әзірленген әдістемелік материалдарға сәйкес, ай сайын бірыңғай тақырыптар бойынша мәдениет және спорт ұйымдарында жұмыс кеңестері, кездесулер форматында еңбек ұжымдарында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаттары мен бағыттарын талқылау бойынша іс-шаралар кешенін ұйымдастыруға және өткізуге жауапты тұлғаларды анықтайды.

3. Іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын әзірлеу, мақсатты аудиторияға байланысты форматтарды, іс-шаралардың мазмұнын анықтау, ҚР АҚДМ-мен келісу.

Күтілетін нәтижелер:

– мәдениет және спорт ұйымдарының қызметкерлері арасында бағдарламаның мазмұны туралы хабардарлықтың өсуі;

– әлеуметтік мінез-құлықты өзгерту, бағдарлама құндылықтарының контекстінде азаматтар арасында жаңа әлеуметтік мәдениетті қалыптастыру;

– ойлаудың, мінез-құлықтың жаңа үлгілерін көрсету арқылы еңбек етуші азаматтардың бағдарлама құндылықтарын таратуы.

Көрсеткіштер:

– 2021 жылы бағдарлама құндылықтарымен танысқан мәдениет және спорт ұйымдары қызметкерлерінің санын 75%-ға ұлғайту;

– мәдениет және спорт ұйымдарының қызметкерлері қатарынан бағдарламаның бейресми идеологтарының пулын құру;

– бағдарламаны іске асыруға тартылған мәдениет және спорт жүйесінде еңбек ұжымдары қызметкерлерінің санын 25%-ға ұлғайту;

– қайырымдылық, еріктілік мәдениетіне тартылған мәдениет және спорт ұйымдары қызметкерлерінің санын 25%-ға ұлғайту.



Волонтерлердің қатысуымен өңірлік деңгейде «Рухани жаңғыру» ақпараттық-түсіндіру акциясын өткізу бойынша ұсынымдар

Өзектілігі. Бүгінгі таңда өңірлердің көптеген тұрғындары «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мақсаты туралы білмейді. Бұл іс-шара волонтерлердің қатысуы арқылы, волонтерлер өздерінің мысалында халықтың санасын жаңғырту туралы ақпараттық-түсіндіру акциясын өткізуге мүмкіндік береді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасы бойынша 2020 жыл Қазақстанда волонтерлер жылы болып жарияланды. Жастар жылын жабудағы

өз сөзінде Мемлекет басшысы: «Волонтерлік – батыста пайда болған қозғалыс және бізге, ешқандай қатысы жоқ деп есептеледі. Бірақ барлығымыз волонтерліктің мәні – ізгі ниетпен қызмет жасау – біздің ұлттық дәстүрлеріміз бен құндылықтарымызға сәйкес келетінін білеміз. Волонтерлік – бұл тек тегін жұмыс емес, азаматтардың жауапкершілігі мен әлемді жақсы жаққа өзгертуге дайын екендігінің көрсеткіші.»

Негізгі мақсаты – Бағдарламаның бағыттарын халыққа дұрыс түсіндіру үшін волонтерлердің қатысуымен өңірлік деңгейде «Рухани жаңғыру» ақпараттық-түсіндіру акциясын өткізу.

Негізгі міндеттері:

- белсенді, креативті, ойлайтын волонтерлерді әрі қарай ынтымақтастық мүмкіндігі үшін біріктіру;
- өңірлік деңгейде «Рухани жаңғыру» ақпараттық-түсіндіру акциясын өткізу үшін кездесулер ұйымдастыру;

Іске асыру тетіктері:

- белсенді, креативті, ойлайтын волонтерлерді және волонтерлік ұйымдарды тарту;
- волонтерлермен ақпараттық-түсіндіру кездесуін өткізу;
- нысаналы аудиторияны және өткізу өңірлерін анықтау (қалалар, ауылдар)
- елдің барлық өңірлері деңгейінде ақпараттық-түсіндіру акциясының іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
- волонтерлердің қатысуымен кездесулер өткізу алаңдарын анықтау;
- ұйымдастыру мәселелерін шешу және ақпараттық сүйемелдеу бойынша медиа-жоспар құру;
- ақпараттық-түсіндіру акциясы шеңберінде әртүрлі форматтық кездесулер өткізу.

Іске асыру мерзімі:

2020 жылдың ішінде.

Күтілетін нәтижелер:

- халықтың бастамаларын қолдау;
- Бағдарламаны іске асыру барысы туралы халық арасында хабардарлықты арттыру;
- волонтерлікке жағдай жасау;
- өзара көмек және азаматтық қатысу идеяларын ілгерлету.

Көрсеткіштер:

- ақпараттық-түсіндіру акциясы шеңберінде іс-шараларға қатысушыларды жалпы қамту-100 000 адамнан кем емес;
- 2020 жылға ақпараттық – түсіндіру акциясы шеңберіндегі іс- шаралар саны-20 кем емес;
- ақпараттық-түсіндіру акциясы үшін тартылған волонтерлер саны - 50 кем емес.



Әлеуметтік желілерде, білім беру ұйымдарында тарату үшін қоғамдық дамудың өзекті мәселелері және «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттары бойынша бейнебағдарламалар, роликтер, вайндер циклін Ruh.kz сайтында шығару бойынша ұсынымдар

Өзектілігі. Қазіргі жаһандану дәуірінде әлемдегі дамыған елдер қай жаққа бой түзесе, Қазақстан халқы да осынау жаңарудың даңғыл жолымен жүруі аса маңызды.

Әлбетте, бұл ретте сан ғасырлар бойы қалыптасқан ата-бабаларымыздың салт-санасын, өмір сүру философиясын әсте ұмытуға болмайды.

Міндетті түрде осы ұстанымдарды ту етіп, болашаққа бағыт түзеген жөн. Сондықтан да Қазақстан халқына төл тарихымызды, бай мәдениетімізді, салт-дәстүріміз бен әдебиетімізді, жалпы алғанда ұлттық кодымызды түсіндіру, ұғындыру жұмыстары қарқынды түрде жүруі тиіс.

Сөзсіз, бұл ретте жаңа медиа құралдардың көмегін пайдалана отырып, жоғарыда аталған құндылықтарды көрермен назарына ұсына білу міндеті тұр.

Осылайша қоғамдық сананы жаңғыру жұмыстары жекелеген адамдардан, атап айтсақ, әр қала, аудан мен ауыл тұрғындарынан басталатынын қаперге алғанымыз жөн.

Мақсаты: Ұлттық тарих, дәстүрлі музыка, ғылым мен білім, салт-дәстүр, заманауи білім мен өнер тақырыптарына арналған бейнеөнімдер, роликтер, вайндер циклін дайындап шығару.

Бейнеөнімдердің басты міндеттері:

- дәстүрлі ән өнерін қоғамға насихаттау. Олардың мән-мағынасын жұртшылыққа түсіндіру;
- ұлттық салт-дәстүр түрлерін жаңғырту. Олардың мазмұнын, жай-жапсарын Қазақстан халқына түсіндіру;
- жас ұрпақты еңбекке баулу. Бәсекеге қабілетті болуға үндеу. Кәсіп ісінде бағыт-бағдар беру. Түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- жас буынды білім мен ғылым жолына шақыру, ынталандыру;
- төл тарихымызды, әдет-ғұрыптарымызды шағын бейнематериалдар арқылы насихаттау;
- ұлт мақтаныштарын кейінгі буынға таныстыру, үлгі қылу;
- балаларға арналған қазақ тіліндегі контентті ұсыну;
- қазақтың сөз өнерін насихаттау.

Вайндар циклінің басты міндеттері:

- ұлтаралық татулықты насихаттау;
- жастарды бірлік пен ұлтжандылыққа бастау;
- қазақ халқының тарихи тұлғаларын үлгі қылу;
- Хәкім Абай, Әл-Фарабидің еңбектерін жаңа форматта насихаттау;
- қоғамды еңбекті сүйеге шақыру.

Орындалу мерзімі:

2020 жыл.

Күтілетін нәтиже: аталмыш бейнематериалдар мен вайндер циклі ұлттық салт-дәстүрімізді, әдебиетімізді, тарихымызды, мәдениетіміз бен руханиятымыздың сақталуына, оның дамуы бағытында рөл атқарады. Қазақстан халқының бірлігі мен татулығының жарасуына жұмыс істейді.

Көрсеткіш:

- Ruh.kz сайтында жыл аяғына дейін сапалы форматтағы бейнеөнімдерді жариялау;
- интернеттегі қазақ тіліндегі сапалы контентті арттырып қана қоймай, оның таралуына атсалысу;
- сайттың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жариялау, бөлісу;
- дискілерге түсіріп, облыс орталықтарына, кітапханалар мен балабақшаларға ұсыну;
- жалпы бейнеконтент бойынша 500 000 қаралым жинау;
- вайндар циклін Білім және ғылым министрлігіне, сондай-ақ Нұр-Сұлтан, Алматы мен Шымкент қалаларына қарасты ресми сайттарға, ақпараттық порталдарға, әлеуметтік желілердегі бірқатар парақшаларда жариялау, тарату.



«Этноген.кз» жобасы шеңберінде мәдени құндылықтарды жинау бойынша Ruh.kz сайтында арнайы бөлім құру бойынша ұсынымдар

Ұлтаралық татулық – Қазақстан халқының барлығына бірдей ортақ міндет. Оның өміршең болуы, ұзақ уақыт сол елдің тыныштығы мен жарқын келешегіне қызмет етуі – әрбір қазақстандықтың Ата Заң алдындағы міндеті.

Бұл ретте қоғамға әркез түсіндіру жұмыстары жүргізілуі тиіс. Ал, оның ең тиімді әрі ұтымды әдісі – ақпараттық насихат жұмыстарын күшейту.

Мақсаты: «Этноген.кз» жобасы шеңберінде мәдени құндылықтарды жинау бойынша Ruh.kz сайтында арнайы бөлім ашу, оның жұмысын жетілдіру.

Арнайы бөлімнің басты міндеттері:

- Қазақстан халқының бірлігін жарастыруға атсалысу;
- Қазақстанда өмір сүріп жатқан ұлттардың салт-дәстүрін, мәдениетін насихаттау;
- Қазақстанның даму тарихында әр ұлттың өзіндік орны бар екенін жас буынға жеткізу.

Орындалу мерзімі:

2020 жыл.

Күтілетін нәтиже: Қазақстан халқының бірлігі мен татулығының жарасуына қызмет ету. Ұлттық бірегейлікті, ұлтаралық татулықты насихаттау;

Көрсеткіш:

- Ruh.kz сайтынан арнайы айдар ашу;
- жыл аяғына дейін аталмыш тақырыпты қамтитын материалдар ұсыну.



Әлеуметтік желілерде және басқа да интернет-ресурстарда «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттары бойынша подкасттар жасау бойынша ұсынымдар

Өзектілігі. Қазіргі жаһандану дәуірінде әлемдегі дамыған елдер қай жаққа бой түзесе, Қазақстан халқы да осынау жаңарудың даңғыл жолымен жүруі аса маңызды.

Әрине, бұл ретте сан ғасырлар бойы қалыптасқан ата-бабаларымыздың салт-санасын, өмір сүру философиясын әсте ұмытуға болмайды.

Міндетті түрде осы ұстанымдарды ту етіп, болашаққа бағыт түзеген жөн. Сондықтан да Қазақстан халқына төл тарихымызды, бай мәдениетімізді, салт-дәстүріміз бен әдебиетімізді, жалпы алғанда ұлттық кодымызды түсіндіру, ұғындыру жұмыстары қарқынды түрде жүруі тиіс.

Сөзсіз, бұл ретте жаңа медиа құралдардың көмегін пайдалана отырып, жоғарыда аталған құндылықтарды көрермен назарына ұсына білу міндеті тұр.

Осылайша қоғамдық сананы жаңғыру жұмыстары жекелеген адамдардан, атап айтсақ, әр қала, аудан мен ауыл тұрғындарынан басталатынын назарға алғанымыз жөн.

Жаңа аудиоподкаст өнімдері қазақ халқының әлі де болса қалың жұртшылыққа жетпей жатқан асыл құндылықтарын насихаттайды. Жас ұрпақты Отаншыл болуға, еңбек сүйеге жетелейді. Халықты әдеп пен тәртіпке бастайды. Елдің рухани сұранысын қанағаттандырады.

Мақсаты: Ұлттық тарих, дәстүрлі музыка, ғылым мен білім, салт-дәстүр, заманауи білім мен өнер тақырыптарына арналған аудиоподкасттар дайындап шығару.

Аудиоподкасттардың басты міндеттері:

- жас буынды білім мен ғылым жолына шақыру, ынталандыру;
- ұлт мақтаныштарын кейінгі буынға таныстыру, үлгі қылу;
- қазақтың сөз өнерін насихаттау;
- жастарды заманауи білім мен ғылымнан хабардар ету;
- қазақ халқының үздік жазушыларының еңбектерін насихаттау;
- қазақ халқының ауыз әдебиетін жаңа форматта ұсыну;
- өз ісінде жетістікке жеткен үздік азаматтарды насихаттау;
- жас ұрпақты еңбекке баулу. Бәсекеге қабілетті болуға үндеу. Кәсіп ісінде бағыт-бағдар беру. Түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Орындалу мерзімі:

2020 жыл.

Күтілетін нәтиже: аталмыш аудиоподкасттар ұлттық салт-дәстүрімізді, әдебиетімізді, тарихымызды, мәдениетіміз бен руханиятымыздың сақталуына, оның дамуы бағытында маңызды рөл атқарады. Қазақстан халқының бірлігі мен татулығының жарасуына қызмет етеді.

Көрсеткіш:

- Ruh.kz сайтында жыл аяғына дейін сапалы форматта аудиоөнімдерді жариялау;
- интернеттегі қазақ тіліндегі сапалы контент саны артып қана қоймай, оның таралуына атсалысу;
- сайттың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жариялау, бөлісу;
- дисктерге түсіріп, облыс орталықтарына, кітапханалар мен балабақшаларға ұсыну;
- жалпы аудиоконтент бойынша 500 000 қаралым жинау.



Шетелде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру бойынша ұсынымдар

Өзектілігі. Шетелде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі іс-шаралар кешені шетелде тұратын Қазақстан азаматтары арасында Бағдарламаны ілгерілету қажеттігіне, сондай-ақ бүкіл әлемде қазақстандық мәдениетті ілгерілету қажеттігіне негізделеді.

Негізгі мақсаты – шетелде Бағдарламаны ақпараттық сүйемелдеу бойынша іс-шаралар өткізу, шетелде тұратын Қазақстан азаматтарын бағдарламаның іске асырылу барысы туралы хабардар ету. Шет мемлекеттер азаматтарының Қазақстан мәдениетіне деген қызығушылықты арттыру.

Негізгі міндеттері:

- патриотизмді дамыту;
- Қазақстан мәдениетіне деген қызығушылықты арттыру;
- Қазақстанның ұлттық мәдени дәстүрлерін ілгерілету;
- елдің оң имиджін ілгерілету;
- шетелде тұратын қазақстандық азаматтар арасында Бағдарламаны іске асыру барысы туралы хабардарлықты арттыру.

Іске асыру тетіктері:

- шетелдегі Қазақстан Республикасының елшіліктерін, шетелде оқып жатқан қазақстандықты, Қазақстан Республикасы аумағында оқитын шетелдік студенттерді тарту;
- нысналы аудиторияны және іс-шараларды өткізу орнын анықтау;
- Бағдарламаны ақпараттық сүйемелдеу бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
- ұйымдастыру мәселелерін шешу және ақпараттық сүйемелдеу бойынша медиа-жоспар жасау;

- ақпараттық-түсіндіру акциясы шеңберінде әртүрлі форматтық кездесулер өткізу.

Іске асыру мерзімі:

2020 жылдың ішінде.

Күтілетін нәтижелер:

- патриотизмді дамыту;
- Қазақстанның тарихымен және мәдениетімен танысу;
- Қазақстан Республикасының азаматтарын және шет мемлекеттердің азаматтарын Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы хабардар ету.

Көрсеткіштер:

- Бағдарламаны ақпараттық сүйемелдеу шеңберіндегі іс-шараларға қатысушыларды жалпы қамту – 20 000 адамнан кем емес;
- 2020 жылға ақпараттық сүйемелдеу шеңберіндегі іс-шаралар саны – 5-тен кем емес.



Баспа басылымдарында арнайы жолақтардың шығуын ұйымдастыру, сондай-ақ интернет-ресурстарда тақырыптық айдарлар құру бойынша ұсынымдар

Өзектілігі. Бүгінгі таңда әлемдегі бұқаралық ақпарат құралдардың (бұдан әрі - БАҚ) ең танымал түрлері баспа басылымдары, теледидар және интернет-ресурстар болып табылады.

Қазақстан аумағында БАҚ-тың басым бөлігі мерзімді баспасөз басылымдарына тиесілі. Одан кейін радио – және телеарналарды, спутниктік және кабельдік теледидар операторларын қамтитын электрондық басылымдар жүреді. Веб-сайттар аудиториясы халықтың 60%-ынан астамын қамтиды.

Бағдарлама қызметінің ауқымын және оның қазақстандықтардың өмірінің барлық салаларына қатысуын ескере отырып, БАҚ-тың барлық түрлерінің үлкен аудиториясымен өзара іс-қимыл жасау қажет. Атап айтқанда, баспа басылымдарында және интернет-ресурстарда.

Бұл аудиторияның назарын «Рухани жаңғыру» бағдарламасының (бұдан әрі - Бағдарлама) арнайы жобаларына аударуға және бағдарламаның беделін нығайтуға мүмкіндік береді.

Негізгі мақсаты – баспа басылымдарының оқырмандары мен интернет-ресурстарға келушілер арасында Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпараттандыруды арттыру.

Негізгі міндеттері:

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру барысы туралы хабардарлықты арттыру;
- Қазақстанның мәдениеті мен тарихын ілгерілету;
- тек отандастар арасында ғана емес, шетел азаматтары арасында Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылықты қалыптастыру;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының оң бейнесін қалыптастыру.

Іске асыру тетіктері:

- баспа басылымдарының және интернет-ресурстардың тізімін анықтау;
- интернет-ресурстардағы айдар тақырыптарын және баспа басылымдарындағы арнайы жолақтар тақырыптарын әзірлеу;
- интернет-ресурстарда айдарларды техникалық әзірлеу және енгізу.

Іске асыру мерзімі:

2020 жылдың ішінде.

Күтілетін нәтижелер:

- Қазақстанның тарихымен және мәдениетімен танысу;
- Қазақстанның киелі жерлерін танымал ету;
- Бағдарлама бағыттарын түсіндіру;
- Бағдарламаның қызметі туралы халықтың хабардарлығын арттыру;
- Бағдарламаға адалдықты арттыру.

Көрсеткіштер:

- кемінде 10 интернет-ресурсты тарту;
- кемінде 10 баспа басылымын тарту;
- аудиторияны ай сайынғы жиынтық қамтуы – 200 000 адамнан кем емес.



Республикалық арналарда тақырыптық жобалардың шығуын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

Өзектілігі. Қазіргі қоғамда теледидар бұқаралық ақпарат құралдары жүйесіндегі жетекші орындардың біріне ие және адамдардың өмірінде үлкен рөл атқарады. Теледидардағы телехабарлар мен әртүрлі жобалардың маңыздылығы көрермендерге арналған әртүрлі ақпараттың көзі ретінде, жасына және әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, өте үлкен.

Республикалық арналарда тақырыптық жобалардың шығуын ұйымдастырудың **негізгі мақсаты** – республикалық телеарналарда арнайы тақырыптық жобаларды/телебағдарламаларды енгізу арқылы қоғамдық сананы жаңғырту.

Негізгі міндеттер:

- Бағдарламаны ақпараттық ілгерілету;
- Бағдарламаның барлық бағыттарын телевизиялық формат арқылы түсіндіру;
- республикалық арналарда әртүрлі форматы тақырыптық жобалар жасау;
- қызықты контент өндірісі.

Іске асыру тетіктері:

- ішкі саясат және Бағдарламаны іске асыру жөніндегі сарапшы-мамандарды тарту;

- телевизиялық жобаларға/бағдарламаларға идеяларды концептуалды ресімдеу үшін шығармашылық топты/білікті кадрларды тарту;
- жобалар тұжырымдамаларын келісу;
- тақырыптық жобаларды көрсету үшін отандық телеарналарды іріктеу және тарту;
- республикалық телеарналарда тақырыптық жобаларды түсіру және трансляциялау.

Іске асыру мерзімі:

2020 жылдың ішінде.

Күтілетін нәтижелер:

- Бағдарламаның мәнін үлкен аудиторияға түсіндіру;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бағыттары мен негізгі қағидаларын халықтың кең шеңбері арасында ілгерлету.

Көрсеткіштер:

- 2020 жылы іске асырылған жобалар саны – кемінде 12;
- Бағдарлама жобалары мен бағыттары санының арақатынасы – әрбір бағытқа 2 жобадан кем емес;
- трансляцияланатын телеарналардың жалпы саны – 3-тен кем емес.



Республикалық газеттерде және телеарналарда ақпараттық-талдамалық сипаттағы материалдарды, оның ішінде «Рухы биіктер» жобасын жариялау бойынша ұсынымдар

Өзектілігі. Бұқаралық ақпарат құралдары елде болып жатқан процестерді бейнелейді және адамдардың дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етеді. Ақпараттық-аналитикалық сипаттағы материалдар тек қана есеп беріп қана қоймай, сонымен қатар талдау компонентін қоса алғанда, іс-шараларға түсініктеме береді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) мен жобалардың қызметі мен тұжырымдамаларының толық көрінісін ашып көрсетеді.

Негізгі мақсаты – бағдарламалар кешенін ілгерілету және түсіндіру үшін ақпараттық-талдамалық сипаттағы материалдарды, оның ішінде «Рухы биіктер» жобасын республикалық газеттер мен теледидарда жариялау.

Негізгі міндеттері:

- Бағдарлама жобаларын имидждік және ақпараттық ілгерілету;
- Бағдарламаны іске асыру барысы туралы халық арасында хабардарлықты арттыру.

Іске асыру тетіктері:

- республикалық газеттер мен теледидарды тарту;
- жарияланым тақырыптарын келісу;
- мақала үшін қажетті мәліметтерді сұрату;
- ақпараттық-талдамалық сипаттағы материалдарды жариялау.

Іске асыру мерзімі:

2020 жылдың ішінде.

Күтілетін нәтижелер:

- патриотизмді дамыту;
- Бағдарламаның негізгі бағыттарын ілгерлету;
- Бағдарлама жобаларын іске асыру барысы туралы халық арасында хабардарлықты арттыру.

Көрсеткіштер:

- республикалық газеттерде ақпараттық-талдамалық сипаттағы материалдар жарияланымдарының саны – 5 кем емес;
- республикалық теледидарда ақпараттық-талдамалық сипаттағы материалдар жарияланымдарының саны – 3-тен кем емес.



Танымал мемлекеттік емес интернет-ресурстарда танымдық, ойын- сауық контентіне баса назар аударатырып, арнайы жобалар (айдарлар, тестілер, қасиетті орындардың карталары) ашу бойынша ұсынымдар

Өзектілігі. Цифрландыру дәуірінде интернет-ресурстар ақпараттың басты көздерінің бірі болып табылады. Мұндай порталдарға қатысу тәулігіне 500 000 көрініске жетуі мүмкін, бұл үлкен аудиториямен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

Танымдық, ойын-сауық контенті форматында берілген ақпарат нысаналы аудиториямен оңай қабылданады және игеріледі. Бұл пішім көбінесе сезімпаздыққа, көзбен шолуға бағытталған, бұл пайдаланушылардың үлкен тартылуын қамтамасыз етеді.

Танымдық және ойын-сауық контентіне баса назар «Рухани жаңғыру» бағдарламасының (бұдан әрі - Бағдарлама) арнайы жобаларына аудиторияның назарын аударуға және Бағдарламаның беделін нығайтуға мүмкіндік береді.

Негізгі мақсаты – танымдық және ойын- сауық форматтары арқылы танымал мемлекеттік емес ресурстарға келушілер арасында Бағдарламаға деген қызығушылықты және хабардарлықты арттыру.

Негізгі міндеттері:

- интернет-ресурстар арқылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының іске асырылу барысы туралы ақпараттандыруды арттыру;
- мемлекеттік емес интернет-ресурстарға кірушілердің ой-өрісін кеңейту;
- Қазақстанның сакралдық жерлеріне қызығушылықты тарту;
- Қазақстанның мәдениеті мен тарихын танымдық ойын-сауық форматы арқылы жылжыту;
- тек отандастар арасында ғана емес, шетел азаматтары арасында Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылықты қалыптастыру;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының оң бейнесін қалыптастыру.

Іске асыру тетіктері:

- танымал мемлекеттік емес интернет-ресурстарды тарту;
- танымал мемлекеттік емес интернет-ресурстарда арнайы жобалардың тақырыбын әзірлеу;
- танымал мемлекеттік емес интернет-ресурстарда танымдық және ойын-сауық форматтарында арнайы жобаларды техникалық әзірлеу және енгізу;
- бұқаралық ақпарат құралдарында танымал мемлекеттік емес интернет-ресурстарда жаңа арнайы жобаларды құлақтандыру.

Іске асыру мерзімі:

2020 жылдың ішінде.

Күтілетін нәтижелер:

- Қазақстанның тарихымен және мәдениетімен танысу;
- Қазақстанның киелі жерлерін танымал ету;
- мемлекет пен бизнес-қоғамдастықтың тығыз ынтымақтастығын қамтамасыз ету;
- Бағдарламаның қызметі туралы халықтың хабардарлығын арттыру.

Көрсеткіштер:

- кемінде 10 танымал мемлекеттік емес интернет-ресурсты тарту;
- әрбір танымал мемлекеттік емес интернет-ресурста танымдық және ойын-сауық форматтарында кемінде 6 арнайы жоба әзірлеу;
- танымал мемлекеттік емес интернет-ресурстар аудиториясын ай сайынғы жиынтық қамту – кемінде 1 000 000 адам.



«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының медиа-өнімдерін (деректі фильмдер, бағдарламалар және т.б.) шығару және жеңімпаздар туралы ақпараттық ілгерілету бойынша ұсынымдар

Өзектілігі. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы басталған сәттен бастап оған 5 000-нан астам адам қатысты, олар жұртшылыққа өз тарихын баяндап берді. Әрбір қатысушы – Тәуелсіз Қазақстанның дамуына өз үлесін қосқан бірегей оқиға. Жобаның жеңімпаздары – тарихы нағыз шабыттандыратын және ынталандыратын қарапайым адамдар. Сондықтан халық арасында жаңа есімдердің бейнелерін барынша ілгерілетуді қамтамасыз ету маңызды.

Осы міндетті іске асыру медиа-өнімдерді (деректі фильмдер, бағдарламалар және т. б.) шығару және жоба жеңімпаздарының қызметін республикалық, өңірлік және салалық деңгейлерде жобаға қатысушының ерекшелігіне сәйкес халықтың атаулы және нысаналы топтарының ақпараттық жылжытуы арқылы мүмкін болады:

- жобаның қатысушыларын балалар үйлеріндегі кездесулерге, түрлі табиғи апаттардан зардап шеккендерге көмек ұйымдастыру үшін қайырымдылық акцияларға тарту;

- білім беру ұйымдарында жобаға қатысушылардың кездесулерін өткізу;
- жеке басының әлеуетін ашу, болашақ мамандығын саналы таңдауға ықпал ету, табысты өмірлік тәжірибесін кіші ұрпаққа беру үшін қала және ауыл мектептерінің жоғары сынып оқушылары үшін ашық шеберлік сабақтарын өткізу;

- бизнес жобалар мен стартап-идеяларды іске асыруда тәжірибесі бар «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының қатысушыларын шағын және орта кәсіпкерлікте белгілі бір жетістіктерге қол жеткізген, түрлі бизнес форумдарға, жаңа бастаған кәсіпкерлермен кездесулерге қатысуға тарту.

Қосымша жобаның кейіпкерлері имидждік іс-шараларға, танымал ток-шоуларға, әлеуметтік акцияларға, маңызды қоғамдық-саяси, мәдени-бұқаралық оқиғаларға (форумдар, конференциялар, «дөңгелек үстелдер», семинарлар, марафондар, фестивальдар және т.б .) қатыса алады.

Бұл ретте олардың қызметі Қазақстан Республикасының аумағымен шектелмеуге тиіс, оларды шетелде де (атап айтқанда, мәдениет және өнер қайраткерлерін, ғалымдарды, бейінді сарапшыларды) ілгерілетуді ұйымдастыру қажет.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпаздары туралы медиа-өнімдер (деректі фильмдер, бағдарламалар және т. б.) шығару және ақпаратты ілгерілетудің **негізгі мақсаты** - қоғамда табыстылық, меритократия, бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, білімнің салтанат құруы және Тәуелсіздік жылдары қазіргі Қазақстанның дамуына белгілі (салмақты) үлес қосқан адамдардың нақты тарихы мысалында білім идеяларын көпшілікке тарату және ақпараттық ілгерілету жолымен қоғамдық сананы жаңғырту.

Негізгі міндет:

- елдің қарқынды дамуына және жалпы мемлекеттік міндеттер кешенін шешуге ықпал ететін әртүрлі салаларда табыстарға қол жеткізген қазақстандықтардың шынайы тарихын имидждік және ақпараттық ілгерілету;

- табыстылық, бәсекеге қабілеттілік, білім мен прагматизм идеяларын ілгерілету.

Іске асыру тетіктері:

- жоба жеңімпаздарын дағдылары мен таланттарына, сондай-ақ қызмет саласына сәйкес бөлу және ақпараттық-имидждік ілгерілетудің жеке бағдарламасын жасау;

- имидж бен жұмысты, психологиялық дайындықты, сөйлеу техникасын және т. б. пысықтауды қамтитын дайындық жұмысы;

- имидждік іс-шараларға, танымал ток-шоуларға, әлеуметтік акцияларға, маңызды қоғамдық-саяси, мәдени-бұқаралық оқиғаларға (форумдар, конференциялар, «дөңгелек үстелдер», семинарлар, марафондар,

фестивальдар және т. б.) қатысу үшін жоба жеңімпаздарын олардың қызмет санатына сәйкес тарту;

- «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы туралы, Қазақстанның табысты азаматтары туралы деректі фильмдер, бағдарламалар, мақалалар және т. б. циклін шығаруды ұйымдастыру;

- әлеуметтік желілердегі жобаның тиісті жеңімпаздарының аккаунттарын қоғамдық маңызы бар мәселелерді талқылауға тарту;

- баспа басылымдарында мамандандырылған айдарларды іске қосу.

Іске асыру мерзімі:

2020 жыл бойы.

Күтілетін нәтижелер:

- жоба жеңімпаздарынан пікір көшбасшыларының жаңа пулын қалыптастыру;

- жас ұрпақты ынталандыру және табысқа жету, бәсекеге қабілеттілік және білімнің салтанат құру идеяларын ілгерілету;

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттарын халықтың арасында жоба жеңімпаздарының нақты тарихының мысалдарында ілгерілету.

Көрсеткіштер:

- жобаның қатысушылары мен жеңімпаздары туралы жылына кемінде 1 деректі фильм шығару;

- жоба жеңімпаздарының қатысуымен теледидарда жылына кемінде 50 бағдарлама шығару;

- жоба жеңімпаздарының қатысуымен жылына кемінде 20 іс-шара шығару;

- 14 өңірде және республикалық маңызы бар 3 қалада аудиториямен өзара іс-қимыл жасау.